

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУ ПӘНДЕРІ АЯСЫНДА ӨМІР
ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ БОЙЫНША АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2025 жылғы 5 қарашадағы №5 хаттама)

Бастауыш сынып оқу пәндері аясында өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту бойынша арналған әдістемелік ұсынымдар – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025 ж. – 120 б.

Осы әдістемелік ұсынымдар 1–4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу мазмұнын іске асыру ерекшеліктерін сипаттайды. Құжатта бастауыш сынып білім алушыларының тұрмыста, мектепте, көшеде және табиғи ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған негізгі әдістер мен тәсілдер ұсынылған.

Ұсынымдарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» мазмұнын бастауыш сыныптардың оқу пәндерімен ықпалдастыру жолдары, оқу процесін ұйымдастырудың практикалық әдістері, ойын және жобалық жұмыс түрлері қарастырылған. Бұл тәсілдер білім алушылардың бақылау, сыни ойлау қабілетін және алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. Сондай-ақ құжатта Қазақстан Республикасының бастауыш сынып педагогтерінің тәжірибесіне негізделген «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша қысқамерзімді сабақ жоспарларының үлгілері берілген.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің әдіскерлеріне, оқу-әдістемелік орталықтар мен кабинеттер қызметкерлеріне, сондай-ақ бастауыш сынып педагогтеріне арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2025

Кіріспе

Бастауыш сыныптардың оқу пәндері аясында «Өмір қауіпсіздігі негіздерін» (ӨҚН) оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы*) сәйкес әзірленді және білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі дағдыларын, денсаулықты сақтау және өз өмірі мен айналасындағылардың өміріне жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруға бірыңғай тәсілді қамтамасыз етуге бағытталған [2].

Аталған әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – педагогтерді ғылыми негізделген және тәжірибеге бағытталған материалдармен қамтамасыз ету арқылы бастауыш білім беру деңгейінде ӨҚН бойынша оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау. Ұсынымдар 1-4-сынып білім алушыларының жас және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкес пән мазмұны мен оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін айқындайды.

Әдістемелік ұсынымдардың міндеттері:

- 1–4-сыныптарда ӨҚН пәнін оқытудың ерекшеліктерін білім алушылардың жас кезеңдері мен танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып ашып көрсету;
- білім алушылардың күнделікті өмірдегі қауіпсіздік туралы тұтас түсінігін қалыптастыратын мазмұндық бағыттарды (жеке, тұрмыстық, жолдағы, қоғамдық, табиғи және ойын кезіндегі қауіпсіздік) айқындау;
- педагогтерге оқу процесінің практикалық бағытын және нәтижелілігін қамтамасыз ететін әдістемелік тәсілдер мен жұмыс түрлерін ұсыну;
- ӨҚН мазмұнын басқа оқу пәндерімен ықпалдастыру мүмкіндіктерін көрсету және білім алушыларда қауіпсіздік саласындағы пәнаралық құзыреттерді қалыптастыру жолдарын айқындау;
- қауіпсіздік мәдениетін, ережелер мен заңдарға құрметпен қарауды, азаматтық ұстаным мен әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеуге ықпал ету.
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету – білім алушының адалдық, ізгілік, жауапкершілік қасиеттерін, қоғам игілігі үшін әрекет етуге дайын болуын және өмірдің барлық жағдайында адамгершілік-этикалық нормаларды сақтай білуін қалыптастыру [4].

Ұсынымдардың бірінші бөлімінде 1–4-сыныптарда ӨҚН пәнін оқытудың ерекшеліктері, соның ішінде білім алушылардың психологиялық-педагогикалық сипаттамалары, оқу материалының қабылдану ерекшеліктері және негізгі мазмұндық бағыттар қарастырылады.

Екінші бөлімде педагогтерге арналған оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік тәсілдер мен практикалық ұсынымдар берілген. Онда білім алушының белсенді қатысуына және алған білімдерін тәжірибеде қолдануына бағытталған әртүрлі формалар, әдістер мен оқыту технологиялары қамтылған.

Аталған әдістемелік ұсынымдарды іске асырудың күтілетін нәтижесі – бастауыш сынып оқушыларының қауіпсіздік саласындағы білім, білік және

дағдылардың тұтас жүйесін қалыптастыру, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау, ықтимал қауіп-қатерлерді тану және олардың алдын алу қабілетін дамыту, сондай-ақ түрлі өмірлік жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық ережелеріне сәйкес әрекет етуге дайындығын қамтамасыз ету болып табылады.

Оқыту нәтижелерінің маңызды аспектісі – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде білім алушылардың өзіне және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарайтын, саналы, адал және әлеуметтік жауапты тұлғаны қалыптастыру [2]. Бағдарлама дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамытуға және қоғамдық мораль нормаларын сақтауға бағытталады.

Әдістемелік ұсынымдар бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің практикалық қызметінде қолдануға арналған және білім алушыларда өмір қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруға бағытталған оқу сабақтарын, сыныптан тыс іс-шараларды және интеграциялық жұмыс түрлерін жобалауға негіз бола алады.

1. 1-4-сыныптарда өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту ерекшеліктері

Бастауыш мектепте «Өмір қауіпсіздігі негіздерін» (ӨҚН) оқытудың маңызы ерекше. Дәл осы кезеңде білім алушыларда денсаулықтың құндылығын түсіну, жеке жауапкершілік сезімін қалыптастыру және қоршаған ортада қауіпсіз мінез-құлық сақтау дағдыларының алғашқы іргетасы қаланады.

Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы*) сәйкес, ӨҚН мазмұны 1–4-сыныптарда «Дүниетану» пәні арқылы енгізіледі [2]. Стандартқа сай, 1–3-сыныптарда бұл бағытқа жылына 6 сағат, ал 4-сыныпта 10 сағат бөлінеді. Мұндай жүйелілік білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес білім мен дағдыларды бірізді және кезең-кезеңімен қалыптастыруға мүмкіндік береді.

1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында қауіпсіздік ережелері жалпы міндеттерде, базалық мазмұнда, бөлімдерде және оқу мақсаттарында көрсетілген [3].

«Дүниетану» оқу пәнін оқытудың міндеттерінде білім алушыларда табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру деп нақты берілген.

«Дүниетану» оқу пәнінің базалық мазмұнында білім алушылардың өмір қауіпсіздік ережелері бөлімдерде шиыршық әдісімен, қарапайымнан күрделіге қағидаты бойынша келесідей ұсынылған.

1-сыныпқа арналған базалық мазмұны бойынша:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: денсаулық пен қауіпсіздік; жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығы; тамақтану режимі; үйдегі қауіпсіздік ережелері; жолда жүру тәртібі; жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәні;

2) «Еліміздің табиғаты» бөлімі: табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері; климат және ауа райы; ауа райының адам өміріне және оның іс-әрекетіне әсері; табиғи жағдайлар және олардың адам өмірі мен қызметіне әсері; жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктері;

2-сыныпқа арналған базалық мазмұны бойынша:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: денсаулық пен қауіпсіздік; пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтары; күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелері; қоғамдық көліктегі өзін-өзі ұстау ережелері; құқық және міндет; құқық, міндет және жауапкершілік;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі: табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу;

3-сыныпқа арналған базалық мазмұны бойынша:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: сыныптың өзін-өзі басқару ережелері; түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдары; қоғамда өзін өзі ұстау әдеп нормалары; денсаулық пен қауіпсіздік; тұрмыстық

құралдарды пайдалану ережелері; табиғи ортадағы қауіп-қатерлер; өзінің табиғи ортадағы қауіпсіздігін жоспарлау; құқық және міндет;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі: ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелері; табиғи жағдайлардың адам өміріне және оның іс-әрекетіне әсері; геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелері; туризм;

4-сыныпқа арналған базалық мазмұны бойынша:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: денсаулық пен қауіпсіздік; спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану себептері; спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қауіптері; жасанды ортадағы қауіп-қатерлер; жасанды ортадағы өз қауіпсіздігін жоспарлау; құқық және міндет;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі: адамзат дамуына климаттың әсері; табиғи жағдайлардың адам өміріне және оның іс-әрекетіне әсері; өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдылығы.

Оқу мақсаттарының жүйесінде балалардың қауіпсіздік ережелері келесідей ұсынылған:

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1) «Мен және қоғам»				
1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; 1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру; 1.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру; 1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру; 1.1.4.5 үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспарын құрастыру; 1.1.4.6 шұғыл көмек қызметтерін білу және олармен	2.1.4.2 күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру; 2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіру	3.1.4.1 тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету; 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау; 3.1.4.4 табиғи ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау	4.1.4.2 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қауіпін азайту және алдын алу әдістерін ұсыну; 4.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде жасанды ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау; 4.1.4.4 жасанды ортадағы өз қауіпсіздігін жоспарлау

	хабарласу жағдайларын анықтау			
2) «Елімнің табиғаты»				
2.1 Жергілікті жерде бағдарлау	1.2.1.2 табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру			
2.2 Климат және ауа райы			3.2.2.2 ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	
2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау	2.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу	3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін- өзі ұстау ережелерін құрастыру	4.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындауы ықтималдылығы н болжау

ӨҚН мазмұны «Денсаулық және қауіпсіздік» бөлімі арқылы жүзеге асырылады және көлік, табиғат, туризм тақырыптарымен кіріктіріледі. Бұл тәсіл қауіпсіздік мәселесін жеке пән аясында ғана емес, білім алушы өмірінің барлық саласына қатысты кешенді құзырет ретінде қарастыруға жол ашады. Негізгі басымдық – күнделікті өмірде қауіпсіз және жауапты әрекет жасау дағдыларын дамыту.

Қауіпсіздік ережелерін сақтау, айналасындағы адамдар мен қоршаған ортаға құрметпен қарау, адалдық пен жауапкершілік сияқты құндылықтарды тәрбиелеу маңызды болып табылады. ӨҚН тақырыптары арқылы білім алушылар адамгершілік және этикалық мінез-құлық нормаларын меңгереді, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін, борыш пен өзара көмек көрсетуге дайын болу қасиеттерін дамытады.

Осылайша, өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту тек өзін-өзі сақтау дағдыларын қалыптастырумен шектелмей, азаматтық және адамгершілік қасиеттерді дамытуға да ықпал етеді.

Мәселен, 1-сыныпта білім алушылар жеке гигиена ережелерін, үй мен жолдағы қауіпсіздік қағидаларын меңгереді, «үй – мектеп» бағытының қауіпсіз маршрутын анықтап, төтенше жағдай қызметтерін таниды және оларға қашан жүгіну керектігін біледі.

2-сыныпта олардың түсінігі тереңдейді: пайдалы және зиянды тағам түрлерін ажырату, қоғамдық орындар мен көліктегі тәртіп ережелерін сақтау арқылы қауіпсіз әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

3-сыныпта білім алушылар қауіпсіздікке саналы түрде жоспарлы қарауға үйренеді: тұрмыстық құралдарды қауіпсіз пайдалану жолдарын сызба арқылы бейнелейді, спорт түрлерін және олардың қауіптерін ажыратады, табиғаттағы ықтимал қатерлерді бағалайды.

4-сыныпта мазмұн күрделене түседі: жарақат алу себептерін талдап, алдын алу шараларын ұсынады, жасанды ортадағы тәуекелдерді бағалап, жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын жоспарлай алады [3].

Мұндай тәсіл педагогке тек білім беру міндетін орындаумен шектелмей, білім алушыларда өмірлік маңызды құзыреттерді – өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау, саналы шешім қабылдау және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бастауыш буында ӨҚН оқытудың басты ерекшелігі – бұл кезеңде білім алушылардың жас және психологиялық-педагогикалық даму ерекшеліктеріне сүйене отырып, денсаулықты сақтау, жеке қауіпсіздік пен өмірлік жағдайларда дұрыс әрекет ету мәдениетінің негізін қалау [8].

1) Жас және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктер

Бастауыш сынып білім алушыларының қабылдау, ойлау, эмоциялық даму және уәждеме сипаттары қауіпсіздік дағдыларын меңгеруде маңызды рөл атқарады. Сондықтан педагог оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін осы ерекшеліктерді ескеруі қажет.

Көрнекі-бейнелі ойлау – бұл жастағы білім алушылардың басты қасиеті. Олар ақпаратты абстрактылы емес, нақтылы мысалдар арқылы қабылдайды. Сол себепті ӨҚН сабақтары көрнекілікке, белсенді әрекетке және өмірлік жағдаяттарды модельдеуге негізделуі тиіс. Мысалы, «Жолдан өту» тақырыбында педагог рөлдік ойын ұйымдастырып, білім алушыларды жаяу жүргінші мен жүргізуші рөліне бөледі. Бұл тәсіл ережені жаттатудан гөрі оның маңызын тәжірибе арқылы түсінуге жағдай жасайды.

Эмоциялық әсерленгіштік те маңызды ерекшелік. Бастауыш жастағы білім алушылар жарқын мысалдарға, көріністерге тез әсерленеді. Сондықтан материал үрей туғызбай, сенімділік пен дұрыс шешім қабылдауға бағытталуы қажет.

Мысалы, өрт қауіпсіздігі туралы оқыту кезінде қорқынышты жағдайларды сипаттаудан гөрі әрекет ету алгоритмін көрсету тиімді: «Түтінді байқасаң – үлкендерге хабарлас, бөлмеден шық, жолдасыңа көмектес».

Дағдылар мен әдеттердің қалыптасуы бұл кезеңде өте жылдам жүреді. Егер педагог қауіпсіздік ережелерін жүйелі түрде бекітіп отырса, олар тұрақты мінез-құлық үлгісіне айналады. Мысалы, күн сайын «Жолдан өтер алдында тоқта, солға және оңға қара» ережесін қайталау арқылы бұл әрекет автоматты дағдыға айналады. Сол сияқты қауіпсіздік белдігін тағу, қол жуу, күн тәртібін сақтау дағдысы біртіндеп қалыптасады.

Мақтау мен қолдау қажеттілігі – білім алушылардың уәждемесінің маңызды бөлігі. Білім алушылар жетістігінің мойындалуы олардың сенімін

арттырады және қауіпсіз мінез-құлыққа ынталандырады. Мысалы, рөлдік ойыннан кейін педагог: «Қараңдар, сыныптасымыз жолға жақындағанда тоқтап, екі жаққа қарады – өте дұрыс әрекет!» десе, бұл қауіпсіз дағдыны бекітуге ықпал етеді [8].

2) Негізгі мазмұн бағыттары

Бастауыш мектепте жеке қауіпсіздікті қалыптастыру – ӨҚН пәнін оқытудың негізгі бағыттарының бірі. Дәл осы кезеңде білім алушылардың бойында күнделікті өмір салтына айналатын маңызды дағдылар мен тұрақты әдеттер қалыптасады.

Жеке қауіпсіздік – денсаулықты сақтау және тұрмыстық ортада туындауы мүмкін қауіптердің алдын алуға бағытталған білім мен тәжірибелік дағдылар жүйесі. Бұл жаста басты назар қарапайым, түсінікті іс-әрекеттерге аударылады. Сол арқылы білім алушыларда өзіне және айналасындағыларға жауапкершілікпен қарау мәдениеті дамиды.

Бастауыш буында ең алдымен жеке гигиена ережелерін тұрақты дағдыға айналдыру маңызды. Білім алушылар қолды тамақ алдында жуу, тісті таңертең және кешке тазалау, киім мен шашты таза ұстау сияқты қарапайым әрекеттердің денсаулықты сақтаудағы рөлін түсінуі қажет. Педагог бұл түсінікті тәжірибелік әдістер арқылы бекіте алады. Мысалы, жуылған және жуылмаған қолмен қағазға із түсіріп, айырмашылығын талдау арқылы микробтардың таралу қаупін нақты көрсетуге болады. Сондай-ақ мұрын орамалды дұрыс пайдалану, түшкіргенде ауызды жабу, маусымдық аурулардың алдын алу ережелерін үйрету маңызды. «Пайдалы және зиянды әрекеттер» ойыны арқылы білім алушылар дұрыс және бұрыс мінез-құлық түрлерін ажыратуға дағдыланады.

Жеке қауіпсіздіктің келесі маңызды бөлігі – дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Бастауыш сыныпта білім алушылар пайдалы және зиянды тағам түрлерін ажыратып, дұрыс тамақтану режимінің денсаулыққа әсерін түсіне бастайды. Педагог олардың назарын көкөніс, жеміс-жидек, сүт өнімдері мен судың пайдасына, ал тәттілер мен газдалған сусындардың зиянына аударуы қажет. Білім алушыларға «Денсаулық мәзірі» атты тапсырма беріп, таңғы, түскі және кешкі асқа арналған пайдалы тағамдарды жоспарлау тиімді әдіс болып табылады. Бұл тәсіл дұрыс тамақтанудың денсаулық пен сергектік үшін маңызды екенін нақты ұғынуға көмектеседі.

Денсаулықты өмірдің басты құндылығы ретінде қабылдау – ӨҚН пәнінің маңызды мазмұндық бағыты. Педагог білім алушыларға денсаулықтың тек жеке әрекет арқылы сақталатынын түсіндіреді. «Денсаулық – зор байлық», «Дені саудың – жаны сау» сияқты мақал-мәтелдерді талдау арқылы олардың өмірлік мәнін ашуға болады. Сонымен бірге «Пайдалы әдеттер» атты шағын сахналық ойын немесе сайыс ұйымдастыру тиімді тәсіл болып табылады. Онда білім алушылар дұрыс әдеттерді сахналап көрсетеді: уақытында ұйықтау, таза ауада серуендеу, таңертеңгі жаттығу жасау. Бұл тәсіл олардың белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, денсаулыққа деген саналы көзқарасты қалыптастырады.

Жеке гигиена, дұрыс тамақтану және денсаулықтың маңызын ұғындыру – жүйелі және дәйекті жұмысты қажет ететін кешенді бағыт. Педагогтің рөлі –

ережелерді хабарлап қана қою емес, оларды білім алушылардың күнделікті өмір тәжірибесіне енгізу. Бұл үшін ойын, тәжірибелік тапсырмалар, көрнекілік пен жағымды ынталандыру кеңінен қолданылады. Бастауыш сыныпта қаланған жеке қауіпсіздік дағдылары – білім алушының өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы мен салауатты өмір салтын ұстануының берік негізі болып табылады.

Үйдегі қауіпсіздік – білім алушылардың күнделікті өмірімен тікелей байланысты білім мен практикалық дағдылар жүйесі. Тұрмыстық заттармен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін меңгеру тек білім алушының жеке қауіпсіздігін ғана емес, сондай-ақ отбасы мүшелері мен қоршаған ортадағы адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға ықпал етеді.

Педагогтің негізгі міндеті білім алушыларда қорқыныш сезімін қалыптастыру емес, қауіп-қатердің сипатын дұрыс түсінуге, қарапайым әрі қолжетімді қауіпсіздік ережелерін саналы түрде меңгеруге және оларды күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету болып табылады. Оқыту процесі нақты өмірлік жағдаяттарға, көрнекі материалдар мен практикалық мысалдарға негізделуі тиіс. Бұл білім алушылардың тұрмыстағы қауіп көздерін (электр розеткалары, сіріңке, дәрі-дәрмектер және басқа да заттар) түсініп, олармен байланысты тәуекелдерді саналы түрде ажыратуына мүмкіндік береді. Мысалы:

1) Электр қауіпсіздігі

Электр энергиясының адам өмірі мен денсаулығына қауіпті екендігі туралы бастапқы түсінік қалыптастырылады. Білім алушыларға электр құрылғыларына су қолмен немесе металл заттармен жанасуға болмайтыны түсіндіріледі. Педагог электр қауіпсіздігін сақтаудың негізгі талаптарын көрсетеді: электр розеткаларына жақындамау, бөгде заттарды салмау, электр құралдарын шнурынан емес, арнайы ұстағыш бөлігінен ұстау, сымдарды су көздерінен және есік саңылауларынан алыс орналастыру, киім-кешекті электр жылытқыш құрылғыларға ілмеу.

Рөлдік ойындар арқылы зақымдалған электр сымын байқаған жағдайда әрекет ету тәртібі талданады. Негізгі қағида ретінде электр құрылғыларына өз бетінше тиіспеу және жағдай туралы ересектерге дереу хабарлау талаптары бекітіледі.

2) Тұрмыстық құралдарды пайдалану

Тұрмыстық электр құралдарын қолдану барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау қажеттігі түсіндіріледі. Білім алушылардың үтік, электр шәйнегі, ас пісіретін плита, микротолқынды пеш сияқты құралдарды тек ересектердің рұқсатымен және олардың бақылауымен ғана пайдалануы міндетті екені айқындалады. Ыстық беттер мен қайнаған сұйықтықтардың күйікке әкелуі, сондай-ақ тұрмыстық техниканы дұрыс пайдаланбау қауіпті жағдайлардың туындауына себеп болатыны түсіндіріледі.

Ойын элементтері арқылы қандай құралдарды пайдалануға болатыны және болмайтыны ажыратылады. 3–4-сыныптарда «Ас үйдегі қауіпсіздік» тақырыбында шағын жобалық жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылады.

3) Су көздері мен ыстық беттерден сақтану

Тұрмыста жиі кездесетін қауіп көздері ретінде ас пісіретін плита, электр шәйнегі, үтік және жылыту батареялары қарастырылады. Педагог қауіпті аймақтарды анықтап, ыстық заттардың маңында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйретеді. Практикалық жаттығулар барысында білім алушылардың ыстық заттарға тимей қозғалу дағдылары қалыптастырылады.

Су көздерінің жанында ересектердің бақылауынсыз болуға болмайтыны және өзін жайсыз сезінген жағдайда бұл туралы дереу үлкендерге хабарлау қажеттігі түсіндіріледі.

4) Сіріңке және оттықпен жұмыс істеу қауіпсіздігі

Сіріңке мен оттықтың ойыншық еместігі туралы түсінік қалыптастырылады. Бұл заттарды балалардың қолы жетпейтін, жабық орындарда сақтау қажеттігі түсіндіріледі. Өрт жағдайында әрекет ету алгоритмі қысқа әрі нақты түрде меңгертіледі: ғимараттан дереу шығу, жасырынбау, ересектерге хабарлау және төтенше қызметтерге қоңырау шалу.

Білім беру ұйымында эвакуациялау бойынша ойын-жаттығуларды ұйымдастыру ұсынылады.

5) Дәрі-дәрмек пен тұрмыстық химияны қолдану қауіпсіздігі

Дәрі-дәрмектер мен тұрмыстық химиялық заттардың денсаулыққа қауіпті екендігі түсіндіріледі. Білім алушылардың дәрілік заттарды тек ересектердің рұқсатымен ғана қабылдауы міндетті екені айқындалады. Тапсырмалар арқылы қаптамадағы ақпаратты (арналым, қолдану тәртібі, шектеулер) талдау дағдылары қалыптастырылады.

Қауіпсіздік талаптарына сәйкес дәрі-дәрмектер мен тұрмыстық химияны жоғары деңгейде және жабық орындарда сақтау қажеттігі көрсетіледі.

6) Төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет

Қауіпті жағдайлар туындаған кезде (түтіннің шығуы, жағымсыз иіс, электр сымының зақымдануы, сұйықтықтың төгілуі) білім алушылардың әрекет ету тәртібі нақты белгіленеді: әрекетті тоқтату, қауіпті аймақтан алыстау, ересектерге хабарлау және өз бетінше араласпау.

Педагог алғашқы көмек көрсетудің бастапқы элементтерін түсіндіреді: жарақат алған жағдайда ересектерге дереу хабарлау, күйік кезінде зақымдалған жерді салқын сумен өңдеу, улану белгілері байқалғанда жедел көмек шақыру [8].

Жолдағы қауіпсіздік – бастауыш сынып білім алушысының өмірлік құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол білім алушыға қала мен ауыл жағдайында қауіпсіз қозғалу мүмкіндігін береді, қауіпті алдын ала болжау және дұрыс шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады. Бастауыш сыныптағы ӨҚН сабақтарында жол қозғалысы қауіпсіздігін оқыту құрғақ нұсқаулық түрінде емес, білім, білік және дағдылар жүйесі ретінде, білім алушының күнделікті тәжірибесімен тығыз байланыста өтуі тиіс. Бұл үдерісте педагогтың рөлі – тыйым салушы емес, керісінше, тәжірибе ұйымдастырушы, қауіпсіз мінез-құлық машықтарын үйретуші және ойын арқылы ережелерді меңгеруге серік болу.

Білім алушыларды жол белгілері мен ережелерімен таныстырмас бұрын олардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет: кіші жастағы білім алушыларда көрнекі-бейнелі ойлау басым, назар тұрақсыз, ал уақытты сезіну қабілеті

(мысалы, «жасыл шамды күту уақыты») әлі толық қалыптаспайды. Сондықтан оқу материалы нақты жағдайлар, қайталанатын жаттығулар және рөлдік ойындар арқылы берілуі керек. Педагог ережелерді біртіндеп енгізеді: алдымен – ересектермен бірге жолды бақылау, кейін – жолды мақсатты түрде кесіп өту жаттығулары, одан соң – тәуелсіз түрде «үй – мектеп» бағытындағы қауіпсіз маршрутты жоспарлау және тәуекелдерді талдау элементтері.

Жол белгілерімен таныстыру механикалық жаттауға емес, олардың мәні мен қолдану контекстін түсінуге негізделуі тиіс. Сабақта педагог білім алушыларға шартты «қала картасын» ұсынады: онда жаяу жүргіншілер өткелі, көлік аялдамасы, мектеп, дүкен белгіленеді. Топтық жұмыс барысында білім алушылар әр нысанға қандай белгі қажет екенін және не себепті екенін анықтайды: мысалы, «Жаяу жүргіншілер өткелі» белгісі – адамдар жиі өтетін жерде, ал «Жылдамдықты шектеу» – мектеп маңында қойылады. Өздерінің «жол белгілері жиынтығын» жасау арқылы білім алушылар олардың мағынасын түсініп, әртүрлі белгілердің үйлесімін (мысалы, «Жаяу жүргіншілер өткелі» мен «Мектеп» белгілерінің қатар тұруы – ерекше сақ болу қажеттігін білдіреді) талдай алады.

Жаяу жүргіншілердің мінез-құлық ережелерін үш өзара байланысты бағытта қалыптастыру қажет:

- білу (не істеу керек) – жолдан өту тәртібімен танысу: тротуардың шетінде тоқтау, алдымен солға, сосын оңға қарау, көліктің жоқ екеніне көз жеткізу, тек содан кейін өту; жаяу жүргінші өткелін және бағдаршамды пайдалану; көлік арасынан жүгіріп өтпеу;

- істеу (қалай істеу керек) – рөлдік ойындар («Бағдаршам», «Жолдан өту»), тәжірибелік серуендер арқылы іс-әрекетті бекіту;

- түсіну (неге істеу керек) – қауіпсіз және қауіпті мінез-құлықтың салдарын мысал арқылы талдау. Мақсат – қорқыту емес, жеке жауапкершілік сезімін ояту: білім алушы өзінің әрекетіне өзі және өзгелердің амандығы байланысты екенін түсінеді.

«Үй – мектеп» бағыты бойынша маршрут құрастыру және талдау жол қауіпсіздігін меңгертудің негізгі тәжірибелік тапсырмаларының бірі. Педагог жобалық жұмыс ұйымдастырады: білім алушылар жұппен өз үйлерінен мектепке дейінгі жолды карта түрінде салып, қауіпті нүктелерді (жасырын бұрылыстар, тротуарсыз жерлер, көлік көп шоғырланатын аумақтар) белгілейді және оларды айналып өтудің тәсілдерін ұсынады (ұзақтау, бірақ қауіпсіздеу жолды таңдау; таңертең ата-анамен жүру; көрінетін бағдар нүктелерін пайдалану). Кейін сынып бірлесіп ата-аналарға арналған «Қауіпсіз маршрут» картасын және тексеру парағын (жаяу жүргіншілер өткелі, бағдаршам, жарық, жол қиылысы бар ма) дайындайды. Үй тапсырмасы ретінде карта ата-ананың қолымен расталып тапсырылады — бұл отбасы қатысуын арттырады және білім алушының саналы түрде таңдаған бағытын бекітеді.

Тәжірибелік жаттығулар жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс. Кіші сыныптар үшін «Қызыл, сары жасыл» ойыны (импульсті бақылау), мектеп ауласында «қауіпсіз маршрут» жаттығулары, «Автобус кетіп қалса не істеу

керек?» сахналық көрінісі. 3–4-сыныптар үшін күрделірек тапсырмалар ұсынылады: жолды кесіп өтуге кететін уақытты өлшеу, екі көлік арасынан көрінетін шолуды бағалау, «Неліктен жарық шағылыстыратын элемент маңызды?» плакатын жасау және сыныптастарына арналған шағын науқан өткізу. Мұндай жұмыстар білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау және нақты жағдайда шешім қабылдау қабілеттерін дамытады.

Сондай-ақ көлік құралындағы мінез-құлық ережелерін үйрету маңызды: автобуска отырғанда – толық тоқтағаннан кейін ғана кіру, кезек сақтап отыру; салонда тыныштық сақтау, жүргізушіні алаңдатпау; түсерде – тұтқаны ұстау және есікке назар аудару. Педагог білім алушыларға автобустың қауіпсіз орындарын көрсетеді (есіктің жанында тұрмау), аялдамада көлікті қалай күту керектігін түсіндіреді. Велосипед немесе самокатпен жүретін білім алушыларға арналған арнайы ережелер енгізіледі: веложолақпен жүру (бар болса), шлем мен жарық шағылыстырғыш элементтерді пайдалану, ересек адамсыз жолдың ортасымен жүрмеу.

Оқыту процесінде қауіпсіздік дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау жүргізіледі. Бағалау бақылау сипатында емес, диагностикалық және дамытушылық бағытта ұйымдастырылуы тиіс. Осы мақсатта педагог бақылау парақтарын қолданады (білім алушы негізгі жол белгілерін таниды; жолдан өтудің дұрыс тәртібін көрсетеді; өз қозғалыс бағытын түсіндіріп бере алады; төтенше жағдайларда әрекет ету алгоритмін біледі). Тәжірибелік сабақтар барысында жүргізілетін жүйелі бақылау мен бірлескен талдау оқыту мазмұнын уақтылы түзетуге және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Пәнаралық байланыстарды пайдалану жол қауіпсіздігі бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырудың тиімділігін арттырады. Атап айтқанда, математика сабақтарында қашықтық пен уақытты есептеу, әдебиеттік оқуда жолдағы жағдайларға қатысты мәтіндерді талдау, бейнелеу өнерінде қауіпсіздік белгілері мен плакаттар әзірлеу, информатикада виртуалды маршруттарды модельдеу ұсынылады [5].

Ата-аналармен жұмыс жол қауіпсіздігін оқытудың міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. Педагог отбасылық нұсқаулықтар дайындап, ата-аналарды тәжірибелік сабақтарға тартуды, сондай-ақ үй тапсырмасының орындалуын растауды ұйымдастырады. Жергілікті атқарушы органдармен (жол полициясы, әкімдік) өзара ынтымақтастық орнату арқылы түсіндіру іс-шараларын, демонстрациялық сабақтар мен экскурсияларды өткізу тиімді болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін оқыту мазмұнын бейімдеу қажет. Атап айтқанда, көру қабілеті төмен білім алушыларға айқын түстер мен дыбыстық белгілерді қолдану, зейіні тұрақсыз білім алушыларға тапсырмаларды шағын кезеңдерге бөліп ұсыну, қозғалысы шектеулі білім алушылар үшін қолжетімді әрі қауіпсіз маршруттарды жоспарлау ұсынылады. Педагог жеке қолдауды қамтамасыз етіп, ата-аналармен және арнайы мамандармен тұрақты өзара әрекеттестікті ұйымдастырады [14].

Қоғамдық қауіпсіздік – білім алушының қоғамдық орындарда (көлік құралдарында, көшелерде, сауда орталықтарында, бұқаралық іс-шаралар

кезінде) өз мінез-құлқы үшін жеке жауапкершілігін кеңейтуге бағытталған қауіпсіздік дағдыларының жүйесі. Бастауыш сынып білім алушысы үшін қоғамдық ортадағы қауіпсіздік ережелерін түсіну және меңгеру күнделікті қозғалыс пен адамдармен өзара қарым-қатынасты саналы әрекетке айналдырады. Ал педагогтің негізгі мақсаты – білім алушыларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын, іс-әрекет стратегиясын және төтенше жағдайларда дұрыс шешім қабылдау дайындығын қалыптастыру.

Қауіпсіз мінез-құлық көлікке мінер алдындағы әрекеттерден басталып, көліктен түскеннен кейін аяқталады және өзара байланысты іс-әрекеттер тізбегін құрайды. Педагог білім алушыларға көлік құралдарының толық тоқтағанын күту, міну және түсу кезінде арнайы тұтқалардан ұстау, итермеу және есік маңында жиналмау қажеттігін түсіндіреді. Қоғамдық көлікте қауіпсіз орын таңдаудың маңызы атап көрсетіледі: есіктер мен баспалдақтардан алыс, салонның орталық бөлігі немесе отыратын орындар. Жеке автокөлікте жүрген кезде қауіпсіздік белдігін міндетті түрде тағу, ал қажет болған жағдайда балаларға арналған арнайы құрылғыларды пайдалану талап етіледі [14].

Нақты жағдаяттар арқылы қауіпсіз әрекеттер ұсынылады: білім алушы ата-анасымен бірге жеке көлікте артқы орында отырып, қауіпсіздік белдігін тағады; қоғамдық көлікпен өздігінен жүрген жағдайда есіктен алыс орынды тандап, көлік толық тоқтағаннан кейін сабырлы түрде және кезек сақтай отырып түседі. Педагог аталған әрекеттерді рөлдік ойындар арқылы көрсетіп, «күту – дайындалу – ұстау – итермеу» қағидаларын бекітеді.

Мектепішілік іс-шараларда, спорттық жарыстарда, концерт залдарында немесе сауда орталықтарында білім алушылардың кеңістікте бағдар ұстай білуі және ықтимал қауіпті аймақтарды алдын ала анықтауы маңызды. Мұндай аймақтарға адамдар көп шоғырланатын орындар, тар өткелдер, баспалдақтар және көрінуі шектеулі бөліктер жатады. Педагог «қауіпсіз арақашықтық» ұғымын түсіндіріп, адамдарға тым жақын тұрмау, қажет болған жағдайда артқа шегінуге мүмкіндік қалдыру қажеттігін ескертеді. Сонымен қатар қоғамдық орындарда ойнауға, итеруге немесе сөрелер мен құрылымдардың артына жасырынуға болмайтыны нақты айтылады.

Тәжірибелік тапсырма ретінде білім алушыларға топпен ғимараттың немесе залдың жоспарын жасап, эвакуациялау жолдарын, жиналу нүктелерін және қауіпті аймақтарды белгілеу ұсынылады. Іс-шаралар кезінде педагог жауапты ересек адамның жанында болатын білім алушыларды айқындап, олардың шығу жолдарын бақылау және қажет болған жағдайда көмектесу міндеттерін түсіндіреді.

Білім алушы адасып қалған жағдайда іс-әрекет тәртібі бірізді әрі түсінікті болуы тиіс: тоқтау, сабыр сақтау, форма киген қызметкерді немесе мекеме өкілін табу, ақпараттық үстелге не күзет қызметіне жүгіну, өз аты-жөнін және білім алатын орнын айту немесе байланыс деректері көрсетілген карточканы ұсыну. Осы мақсатта педагог білім алушыларда «қауіпсіздік карточкасын» пайдалану дағдысын қалыптастырады. Карточкада білім алушының аты-жөні, білім беру

ұйымы және ата-анасының байланыс телефоны көрсетіледі. Білім алушыларға көмек сұрау үлгілері рөлдік ойындар арқылы жаттықтырылады.

Педагог бұл дағдыны кезең-кезеңімен енгізеді: жергілікті жедел қызмет нөмірін білу, мекенжайды немесе бағдарды нақты айту, оқиғаның сипаты мен зардап шеккендердің санын көрсету, өз аты мен телефон нөмірін айту және диспетчердің нұсқауларын орындау. Сабақта телефон арқылы сөйлесуді рөлдік түрде ойнау пайдалы: бір білім алушы – қоңырау шалушы, екіншісі – диспетчер. Білім алушы қысқа әрі нақты айтуға үйренеді: *«Мекенжай – ... көшесі, ... үй. Оқиға – өрт / жарақат / апат. Зардап шеккендер бар / жоқ. Саны – ... адам. Жағдайы – есін біледі / жоқ.»*

Мұндай тәжірибе білім алушыға нақты жағдайда сабырмен әрекет етуге және құтқару қызметіне маңызды ақпарат жеткізуге көмектеседі. *(Ескерту: нақты жедел қызмет нөмірін педагог ата-аналармен бірге нақтылап, жаттығуда шартты нөмірлерді қолдануға болады.)*

Қоғамдық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі – алғашқы көмек. Педагог бастауыш сынып білім алушыларымен жас ерекшелігіне сай қарапайым, қауіпсіз іс-әрекеттерді үйретеді: қан тоқтату үшін дәкемен басу, көгерген жерге салқын зат қою, тыныштық сақтау, есінен танған адамды бүйірімен жатқызу және ересекке хабарлау, күйік кезінде күйген жерді суық сумен шаю. Білім алушы өз шегін білуі керек: күрделі медициналық әрекет жасамау, тек ересекке хабарлау және көмек шақыру. Мысалы: егер дәлізде біреу құлап қалса, білім алушы жақындап, үлкенге хабарлайды, зардап шеккен адамның тынысын тексеріп, оны қауіпсіз қалыпта жатқызады және көмек келгенше қасында қалады.

Жаппай іс-шараларда эвакуация ережесін білу – өмірлік маңызы бар дағды. Педагог эвакуация жаттығуларын сабақ және сыныптан тыс іс-шаралар кезінде өткізеді: білім алушылар өз бағыттарын, жиналу орнын, хабарландыру тәртібін біледі. Сауда орталығында немесе қоғамдық ғимаратта эвакуация кезінде жақын эвакуациялық шығуға бағыт алу, лифтіні қолданбау, заттар мен достарын іздемей, белгіленген орында ересекке қосылу қажет.

Педагог білім алушыда ынтымақтастық, көмек көрсету және сонымен бірге қауіп төндіретін жағдайға ересектерсіз араласпау мәдениетін қалыптастырады. Білім алушы кімнен көмек сұрауға болатынын (форма киген қызметкер, ақпараттық үстел, педагог, полиция) және бейтаныстармен қалай қауіпсіз қарым-қатынас жасау керектігін үйренеді: бейтаныс адаммен бірге кетпеу, жасырын орынға бармау, сыйлық не тәтті алмау. Рөлдік ойындар – «Қалай көмек сұраймыз?», «Адасқан адамға қалай көмектесеміз?» – бұл дағдыларды бекітудің тиімді тәсілі.

Педагог ата-аналарды «отбасылық қауіпсіздік жоспарын» жасауға тартады: байланыс деректері, төтенше жағдайда жиналу орны, «мектеп – үй» бағыты. Сондай-ақ, полиция, құтқарушылар, көлік қызметі сияқты жергілікті ұйымдармен бірлескен экскурсиялар мен таныстырылымдар өткізу білім алушылардың ережелерге деген сенімін арттырады және нақты өмірлік мысалдар көрсетеді.

Педагог ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін нұсқаулықтарды бейімдейді: қосымша көрнекілік, дыбыстық нұсқаулар, кезең-кезеңмен орындау. Коммуникация мен қозғалыс ерекшеліктері ескеріледі, отбасы және медициналық қызметтермен бірлесе жеке қауіпсіздік маршруттары жасалады. Бағалау бақылау, ойын тапсырмалары мен практикалық әрекеттер арқылы жүргізіледі: білім алушы көлікте, қоғамдық орында және төтенше жағдайда өзін дұрыс ұстай білуін көрсетеді.

Табиғи ортадағы қауіпсіздік – бұл бастауыш сынып білім алушысының өмірлік құзыреттерін қалыптастыруда ерекше маңызға ие бағыт, себебі табиғатпен өзара әрекеттесу күнделікті өмірде үздіксіз жүреді: мектепке барар жолда, аулада серуендеу кезінде, қала сыртындағы демалыста немесе экскурсияларда. Педагогтің міндеті – тек ықтимал қауіптерді алдын ала ескерту ғана емес, сонымен қатар білім алушыда табиғатқа құрмет сезімін қалыптастыру, оның құндылығын түсіндіру және табиғи құбылыстардағы қауіпті белгілерді тануға, қолайсыз жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйрету [8].

Білім алушының табиғи құбылыстар туралы түсінігін қалыптастыру «пайдалы – қауіпті» қарама-қарсылығын салыстыру арқылы жүзеге асады. Бір жағынан, күн жылу мен жарық береді, су – тіршілік көзі, жел – ауаны сергітеді, жаңбыр – өсімдіктерді нәрлендіреді. Екінші жағынан, шамадан тыс ыстық немесе аяз, боран, қатты жел, найзағай, көктайғақ не тасқын денсаулық пен өмірге қауіп төндіруі мүмкін. Педагог әрбір табиғи құбылыстың екі қыры бар екенін және қауіпсіз әрекет адамның саналы көзқарасына байланысты екенін түсіндіреді. Мысалы, күн сәулесі пайдалы, бірақ ұзақ уақыт бас киімсіз күн астында жүру ыстық өтуге әкелуі мүмкін.

Қолайсыз ауа райы жағдайындағы қауіпсіздік ережелеріне ерекше назар аударылады. Қатты ыстықта білім алушы жеңіл, ашық түсті киім киіп, басын күннен қорғап, жеткілікті мөлшерде су ішуі, көлеңкеде болуы қажет. Педагог тәжірибелік тапсырма ретінде білім алушыларға жазғы серуенге қажетті заттардың тізімін құрастыруды ұсынады және олардың әрқайсысының маңызын түсіндіреді (мысалы: бас киім – күн өтуден қорғайды, су – ағзаның сусыздануын болдырмайды, жеңіл көйлек – терідегі күйіктен сақтайды). Суық ауа райында білім алушы киімнің қабаттап киілуі, жел мен ылғалдан қорғайтын қасиеттері туралы білуі тиіс. Педагог «Қыста қалай киінеміз?» атты көрнекі жадынама жасау тапсырмасын беріп, оны суреттермен безендіреді.

Табиғи апаттар мен ауа райы қауіпсіздігі

1) Найзағай мен күн күркіреу кезінде білім алушыға ашық жерде қалуға болмайтыны түсіндіріледі. Дереву ғимаратқа немесе көлікке кіру қажет, жалғыз тұрған ағаштардың, металл заттардың немесе антенналардың астына жасырынуға болмайды. Бұл дағдылар рөлдік ойындар арқылы бекітіледі: білім алушы өздігінен далада күн күркіреу жағдайын елестетіп, қауіпсіз шешім қабылдауды үйренеді (мысалы, ғимаратқа тез кіру, металл заттарды қалтадан шығару, телефон қолданбау).

2) Қатты жел немесе дауыл кезінде білім алушы ескі ағаштар, жарнамалық қалқандар және әлсіз бекітілген құрылыстардың жанында тұрмауы тиіс. Педагог

мектеп аумағында серуен ұйымдастырып, қауіпті аймақтарды көрсетеді (мысалы, ескі қоршау, бос тұрған шатыр).

3) Көктайғақ пен қарлы күндері қауіпсіздік ережелері ерекше назарға алынады. Білім алушыға баяу жүру, табанды толық басу, қолды қалтаға салмау қажеттігі түсіндіріледі. Тәжірибелік жаттығу ретінде «тайғақ жолмен» (мысалы, үн себілген кілемше үстімен) жүру ұсынылады. Қарлы күндері жол жиегінде ойнауға болмайтыны түсіндіріледі, өйткені мұзда көліктің тежелмеуі мүмкін.

4) Табиғи ортадағы қауіпсіздік ережелері: топтан алыс кетпеу, белгіленген бағыттан шықпау, белгісіз өсімдік пен жидекті татпау, отты ересектерсіз жақпау. Педагог «Серуенге арналған қауіпсіздік рюкзагы» атты тәжірибелік тапсырма ұйымдастырады, онда білім алушылар қажетті заттарды (шам, ысқырық, су, шағын тағам, орамал, карта) жинап, олардың әрқайсысының қолдану мақсатын талқылайды.

Қауіпсіздік ережелерін үйрету барысында педагог білім алушыда қорқыныш тудырмай, қарапайым ережелерді сақтау арқылы кез келген қауіпті болдырмауға болатынын түсіндіреді. Табиғатқа құрмет пен жауапкершілік қатынасты қалыптастыру үшін халықтық даналықты пайдаланады: мысалы, «Күн нұры – тіршілік нәрі», «Денсаулық – зор байлық» мақалдарын талқылау арқылы мәдени мұра мен қауіпсіздік ұғымын байланыстырады.

Отбасы мен мектеп арасындағы өзара байланыс маңызды: педагог ата-аналармен бірлесіп «Күн күркіреу кезінде өзін қалай ұстау керек» немесе «Қысқы серуенге не алу қажет?» атты үй тапсырмаларын ұйымдастырады. Бұл тәсіл білім алушының алған білімін отбасыда бекітіп, тәжірибеде қолдануына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, педагогтің жүйелі және тәжірибеге бағытталған жұмысы нәтижесінде білім алушы табиғи ортада қауіпсіз мінез-құлықты меңгереді, қауіп-қатерді алдын ала болжай алады және сақтық шараларын орындайды. Табиғатқа саналы және құрметпен қарау, қауіпсіздік дағдыларын игеру білім алушының өмірі мен денсаулығын қорғап қана қоймай, оның экологиялық мәдениетін қалыптастырып, өмір бойы қажетті құндылыққа айналады.

Спорттық және ойын әрекеттеріндегі қауіпсіздік – білім алушының денсаулық мәдениетін қалыптастыру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі. Ойын мен спорт – бастауыш сынып жасындағы білім алушылардың табиғи қажеттілігі, қуаныш пен қарым-қатынастың, сондай-ақ дене дамуының маңызды көзі. Дегенмен дәл осы қимыл-қозғалысқа толы ойындар мен спорттық жаттығулар кезінде тұрмыстық жарақаттар жиі кездеседі. Сондықтан педагогтың міндеті тек қимыл дағдыларын үйретумен шектелмейді, ол білім алушыда ойын және спорт кезіндегі ережелерді сақтау – денсаулықты қорғаудың, өзгеге құрметпен қараудың және табысқа жетудің кепілі екенін саналы түсініп, тұрақты дағдыға айналдыруға бағытталуы тиіс.

Жарақат алу алдын алу қарапайым, бірақ міндетті ережелерді сақтаудан басталады. Білім алушы спорттық құрал-жабдықтарды тек мақсатына сай пайдаланып, ойын алдында міндетті түрде жаттығу жасайды, тапсырмаларды

орындау кезінде кезек сақтап, өзгелерге кедергі келтірмеуі тиіс. Педагог бұл ережелердің сақталмауы ауыр салдарға әкелетінін түсіндіреді: дайындалмаған денемен секіру бұлшық еттің зақымдалуына, айналаға назар аудармау доп ойнау кезінде соғылуға әкеп соғады. Білім алушы тек тыйымды емес, оның мәнін де түсінуі керек – ережелер ойынның барлық қатысушылары үшін қауіпсіз әрі қызықты өтуін қамтамасыз етуге бағытталған [14].

Спорт алаңдарында тәртіп пен мәдениет ерекше маңызды. Білім алушы өзге топ ойнап жатқан кезде алаңға жүгіріп шығуға немесе құралдарды орынсыз пайдалануға (мысалы, қақпаға асылу, себетке шығу) болмайтынын білуі қажет. Педагог мектеп спорт алаңының қауіпсіздік ережелерін әзірлеп, оларды плакат түрінде көрсету арқылы ұжымдық мәдениеттің бөлігіне айналдырады.

Спорттық құралдарды дұрыс пайдалану да қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Велосипед, ролик, самокат сияқты көлік құралдарын қолданғанда қорғаныс құралдарын (шлем, тізе және шынтақ қорғағыштар) дұрыс кию үйретіледі. Педагог допты, ракетканы, клюшканы дұрыс ұстау және қолданғаннан кейін орнына қою тәртібін көрсетеді. Білім алушы спорттық құралдарға ұқыпты қараудың қауіпсіздікпен тікелей байланысты екенін тәжірибе арқылы түсінеді. Мысалы, допты жүгіру жолында қалдыру өзге білім алушының жарақат алуына себеп болуы мүмкін.

Жаттығу және қыздыру – жарақаттың алдын алудың маңызды бөлігі. Қыздыру жаттығулары бұлшық ет пен буындарды жүктемеге дайындап, жарақат алу қаупін азайтады. Сабақ барысында білім алушылар қарапайым жаттығулар орындайды: еңкею, отырып-тұру, секіру, созылу. Практикалық әдіс ретінде «Тірі қимылдар» ойыны ұйымдастырылып, әр білім алушы дайындыққа арналған бір қимылды көрсетеді, қалғандары оны қайталайды.

Ойын әрекеттерінде қауіпсіздік ережелері де маңызды. Қарапайым «қуаласпақ», «жасырынбақ», «секіртпе» ойындарында да қауіп бар. Білім алушыларға баспалдақтар мен дәліздерде жүгірмеу, жертөле мен шатырға жасырынбау, өзгелерді итермеу және әдейі зиян келтірмеу ережелері түсіндіріледі. «Ойнауға болатын және болмайтын орындар» рөлдік жаттығуы арқылы білім алушылар аула суретінде қауіпті және қауіпсіз жерлерді белгілейді.

Қатысушыларға құрмет сезімін қалыптастыру басты бағыт болып табылады. Педагог спортты тек жеңіс емес, әділдік, жолдастық, қолдау және өзгені сыйлау мәдениеті ретінде түсіндіреді. Білім алушы өз қауіпсіздігі мен өзгелердің қауіпсіздігі өзара байланысты екенін білуі тиіс. Мысалы, футбол ойынында біреу жарақат алса, ойын бірден тоқтатылады, жарақат алғанның жағдайы тексеріледі. Бұл әрекеттер жауапкершілік пен қамқорлық мәдениетін қалыптастырады.

Жарақат алған жағдайда әрекет ету дағдылары: абдырамау, дереу педагогқа немесе ересекке хабарлау, алғашқы көмек көрсету (жарақат орнын суыту, таңғыш қолдану) және медицина қызметкерін шақыру. Педагог «Досың құлап қалса не істеу керек?» немесе «Жарақат пен көгеру кезіндегі алғашқы көмек» атты тренингтер ұйымдастырып, білім алушылардың сенімді әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздікке бағытталған ойындар мен жарыстар тиімді тәсіл болып табылады. Жеңімпаз тек жылдам немесе күшті емес, сонымен бірге ережелерді сақтаған, тәртіпті қатысушы ретінде бағаланады. Бұл білім алушыларды қауіпсіз мінез-құлыққа ынталандырып, оны өмірлік құндылыққа айналдыруға ықпал етеді.

Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы маңызды рөл атқарады. Ата-аналар спорттық және ойын әрекеттеріндегі қауіпсіздік ережелерін білуі, қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалану дағдыларын қолдауы, ойын орнын қадағалауы қажет. Педагог «Отбасылық ойын ережелері» атты бірлескен тапсырма ұйымдастырып, білім алушы ата-анасымен бірге қауіпсіздік жадынамасын жасап, оны үйде көрнекті жерге іледі.

Қорытындылай келе, ойын және спорттық әрекеттердегі қауіпсіздік тек жарақат алу алдын алу ғана емес, білім алушыда өзін және өзгелерді құрметтеу, жауапкершілік пен саналы мінез-құлық қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Білім алушы денсаулық пен қауіпсіздікті өмірлік құндылық ретінде қабылдаған сәттен бастап, ережелерді сақтау оның өмір салтына айналады.

Рөлдік ойындар арқылы қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру

Педагог жүйелі әрі мақсатты түрде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыра отырып, білім алушының салауатты өмір салты мен үйлесімді тұлғалық дамуына негіз қалайды. Ойындық жаттығулар мен рөлдік жағдайлар – қауіпсіздік дағдыларын меңгерудің ең тиімді әдістерінің бірі, себебі олар абстрактілі ережелерді нақты тәжірибеге айналдырады. Білім алушы тек ережені естіп қана қоймай, жағдайды өз басынан өткереді, шешім қабылдайды және әрекетінің салдарын қауіпсіз оқу ортасында көреді.

Педагог сабақтарды шағын саяхат түрінде ұйымдастырады: сабақ мақсаты (қандай дағдыны меңгеру керек), материал мен рөлдер, қажетті құралдар және қауіпсіз кеңістік алдын ала жоспарланады. Рөлдік ойын рефлексия және бекіту кезеңімен өткізіледі. Әр ойын нақты өмірлік жағдаймен байланысты болуы тиіс: мектеп маңындағы көше, үйден мектепке дейінгі маршрут, кіреберіс жолдар, төтенше қызметтердің байланыс нөмірлері. Бұл тәжірибе сабақ барысында алынған білімді күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді [8].

Мысал рөлдік жағдайлар: «Жолдан өту» және «Құтқару қызметіне қоңырау шалу».

«Жолдан өту» ойыны

Сабақ алдында педагог сабақ мақсатын түсіндіреді және қауіпсіздік шекараларын белгілейді: жол шегі, қауіпсіз «жаяу жүргінші аймағы», қандай заттарды ұстауға болатыны және бақылау қажет заттар анықталады. Топ рөлдерге бөлінеді: жаяу жүргіншілер (білім алушылар), жүргізушілер (қолшам немесе қораптар), реттеуші (педагог немесе үлкен жастағы білім алушы), бақылаушылар және «қауіпсіздік сарапшылары» (қатесіз әрекеттерді белгілейтіндер). Қарапайым құралдар пайдаланылады: таспа немесе бор сызықтары, картоннан жасалған бағдаршам, «зебра» белгілері, конустар немесе орындықтар.

Ойын барысында педагог жағдайды біртіндеп күрделендіреді:

- ✓ Көлік қозғалысы тоқтатылған кезде жолдан өту;
- ✓ Қозғалыс кезінде өту;
- ✓ Көрінуі шектеулі жағдайда өту;
- ✓ «Мектеп» белгісі бар аймақта жолдан өту.

Әр кезеңде білім алушы келесі әрекеттерді орындайды: тротуар шетіне келу, тоқтау, солға–оңға–солға қарау, қажет болса қайта тексеру, көліктің жылдамдығын бағалау, сенімді түрде өту. Педагог қателерді жұмсақ түзетіп, баламалы шешім ұсынады, дұрыс үлгіні көрсетеді және білім алушыны қайталауға ынталандырады. Әр эпизодтан кейін рефлексия өткізіледі: қауіпсіз әрекеттер, күмән тудырған сәттер, назар аудару қажет жағдайлар талқыланады. Үй тапсырмасы ретінде білім алушылар отбасымен бірге нақты маршруттан өтіп, қауіпті аймақтарды картада белгілейді.

«Құтқару қызметіне қоңырау шалу» ойыны

Бұл сценарий білім алушыны сабырлы болуға және ақпаратты нақты жеткізуге үйретеді. Педагог түрлі жағдайларды модельдейді: «адам тайып құлады», «газ плитасын ашпақ болды», «ес-түссіз адам табылды» және т.б. Білім алушылар кезекпен «қоңырау шалушы» рөлін орындайды.

Педагог алдымен қоңыраудың құрылымын түсіндіреді:

- ✓ нөмірді айту (шартты түрде),
- ✓ мекенжайды нақты көрсету (бағыт, бағдар),
- ✓ жағдайды сипаттау, зардап шеккендер санын хабарлау,
- ✓ өз аты-жөнін және байланыс нөмірін беру,
- ✓ диспетчердің нұсқауларын тыңдап орындау.

Алғашқы кезеңде диспетчер рөлін педагог атқарып, сұрақтар қойып, сөздерді түзетеді және дауыс ырғағын реттеуге көмектеседі. Кейін білім алушы диалогты өз бетімен жүргізгенде, тапсырма күрделенеді: бірнеше қоңырау қатар қабылданады, байланыс әлсіз болуы мүмкін, жедел шешім қабылдау қажет. Мысалы, көмек келгенше зардап шегушіні қауіпсіз қалыпқа келтіру.

Ойыннан кейін қорытынды талдау жүргізіледі: қоңырау жазбасы тыңдалып, артықшылықтар мен жетілдіру тұстары талқыланады, чек-парақ толтырылады (мекенжайдың анықтығы, зардап шеккендер туралы мәліметтің толықтығы, дауыс тыныштығы, нұсқауларды орындауға дайындық).

Педагогикалық әдістер және практикалық тапсырмалар арқылы қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру [14].

Педагог әртүрлі әдістерді қолданады: модельдеу, көрсету, қайталау, қателерді талдау, «стоп-кадр» тәсілі (ойынды маңызды сәтте тоқтатып, баламалы шешімді талқылау), жұптық жұмыс және топтық рефлексия. Мотивация ретінде ұпай жүйесі, «Қауіпсіздік сарапшысы» атағы немесе сабақ соңында плакат жасау енгізілуі мүмкін. Бағалау жазалау емес, диагностикалық сипатта жүргізіледі, оның мақсаты – білім алушының прогресін бақылау және сенімділігін арттыру.

Әртүрлі білім алушылармен жұмыс кезінде тапсырмалар бейімделеді:

- зейін қоюы қиын білім алушыларға тапсырмалар қысқа және кезең-кезеңімен беріледі;

- көру қабілеті әлсіздерге дыбыстық және тактильдік белгілер (дыбыстық бағдаршам, тактильді сызықтар) пайдаланылады;

- сөйлеу қиындығы бар білім алушыларға дайын мәтін жазылған карточкалар мен ым-ишара дағдылары үйретіледі.

Ойын барысында қауіпсіздік әрқашан бірінші орында: педагог кеңістікті бақылайды, нақты қауіптің туындауына жол бермейді, «тоқта» сөзін алдын ала келісіп қояды.

Рефлексия және тәжірибені өмірге көшіру – сабақтың басты кезеңі. Ойыннан кейін педагог сұрақтар бойынша әңгіме ұйымдастырады: «Не жаңалық білдіңдер?», «Рөлде қандай сезімде болдыңдар?», «Бұл туралы үйде не айтасындар?». Үй тапсырмасы ретінде ата-аналармен бірге «қауіпсіздік картасын» жасау, өз мекенжайы мен төтенше қызмет нөмірлерін жазу, қауіпсіз өткелдің суретін салу немесе жаттығу қоңырауын жазып көру ұсынылады.

Ойындық жаттығулар тек қауіпсіздік ережелерін меңгертудің құралы ғана емес, сонымен бірге білім алушының жауапкершілік, ынтымақтастық, эмоцияны басқару және тез әрі саналы шешім қабылдау қабілеттерін дамытудың тиімді әдісі болып табылады.

Практикалық тапсырмалар – қауіпсіздік дағдыларын тұрақты қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі. Олар теориялық білімді нақты өмірлік әрекетке айналдырып, қауіп-қатерді болжауды, өз таңдауын дәлелді түрде жасау және жауапкершілікпен қарауды дамытады.

Педагог практикалық тапсырмаларды өмірмен тығыз байланысты, мағыналы және құрылымы айқын етіп жобалайды: дайындық – орындау – рефлексия – отбасында және қоғамда бекіту. Екі негізгі тапсырма түрі:

- 1) қауіпсіз маршрутты құрастыру;
- 2) заттарды «қауіпті – қауіпсіз» белгісі бойынша жіктеу.

Қауіпсіз маршрутты құрастыру

Педагог контекстті талдаудан бастайды: мектеп маңайындағы аудан картасын талқылау, қарапайым көше сызбасын жасау, маңызды нысандарды белгілеу (мектеп, кіреберіс, аялдама, дүкен, жол қиылысы). Мини-бақылаулар арқылы тротуарсыз учаскелер, жарықтандыруы нашар аймақтар, «зебрасыз» өткелдер анықталады.

Топтар «үй – мектеп» бағыты бойынша бірнеше маршрут нұсқасын әзірлейді. Әр нұсқа ұзындығы, жаяу жүргінші өткелдерінің саны, көлік қозғалысы қарқындылығы, жарықтандыру деңгейі және қозғалыс уақытын ескереді. Таңдау себебі түсіндіріліп, тәуекелдерді азайту жолдары ұсынылады: тротуар мен бағдаршамы бар ұзақ, бірақ қауіпсіз бағыт таңдау; қозғалысы қарқынды бөлікте ересек адамның ілесуі; велосипедшілер көп аумақтарды айналып өту.

Практикалық кезеңде маршрут жергілікті жерде тексеріледі. Педагог білім алушылармен бірге таңдалған бағытпен жүріп, картамен салыстырады, белгілер мен бағдарларды нақтылайды, жолдан өту дағдыларын тәжірибеде пысықтайды. Үй тапсырмасы – маршрутты ата-аналарымен бірге қарап, бірлескен талқылауды растау. Бағалау чек-парақ арқылы жүргізіледі: маршрут дұрыс таңдалған ба, 3–5

ықтимал қауіпті нысан белгіленген бе, оларды азайту жолдары көрсетілген бе, жолдан өту тәртібі сақталған ба.

«Қауіпті – қауіпсіз» заттарды жіктеу

Тапсырма станциялар немесе карточкалық жаттығулар түрінде ұйымдастырылады. Білім алушылар қауіптің дәрежесін және контекстін бағалайды. Үш деңгейлі жіктеу ұсынылады:

✓ «қауіпсіз»;

✓ «шартты түрде қауіпсіз» (ересек адамның қатысуымен немесе белгілі ережелерді сақтағанда);

✓ «қауіпті».

Мысалдар:

пышақ – өздігінен қауіпті, бірақ педагог бақылауымен «шартты түрде қауіпсіз»;

розетка – су тигенде қауіпті;

сабын – қауіпсіз;

ашық дәрі ыдысы – қауіпті, балаларға арналған суреті бар қаптама – «шартты түрде қауіпсіз».

Бұл тәсіл білім алушыны жағдайды терең талдауға және ең қауіпсіз шешімді дәлелді түрде тандауға үйретеді.

Практикалық тапсырмалар арқылы қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру

Педагог қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру үшін суреттері бар карточкалар немесе нақты заттар жиынтығын (шам, батарейка, сіріңке, микротолқынды пеш, шампунь, доп, смартфон, тазалағыш сұйықтық) дайындайды. Білім алушылар жұппен немесе топпен карточкаларды бөліп, тандауларын дәлелдейді және әр затқа қысқаша нұсқаулық жазады («Егер жуғыш заттың бөтелкесін тапсаң – дәмін татпа, иіскеме, ересекке хабарла»).

Келесі деңгей – сценарийлік тапсырма: педагог шағын жағдаяттар ұсынады («шкафтен дәрі қаптамасын тауып алдың», «жалаңаш сым байқадың») және білім алушыдан тез әрі дұрыс әрекет ету алгоритмін айтуын, сонымен қатар қай ересекке хабарлау керектігін анықтауын сұрайды.

Іске асыру әдістері:

Тақырыптық станциялар – әр станция жеке тақырыпқа арналған: электр қуаты, химия, от, су, көлік.

«Шешімдер галереясы» – білім алушылар өз постерлері мен сызбаларын таныстырып, бір-бірінің жұмыстарын пікірмен толықтырады.

«Үй аудиті» – үй жағдайында ата-анамен бірге бөлмені қарап шығып, қауіпті аймақтарды белгілейді.

Шығармашылық өнімдер – плакаттар, брошюралар, бейнероликтер жасау.

Педагог оқытуда «стоп-кадр» әдісін (қауіпті сәтте әрекетті тоқтатып, баламалы шешімді талқылау), «рөлдік ауысу» тәсілін (білім алушы ережені ересектің немесе досының атынан айтып беру) және проблемалық сұрақтарды («Неліктен ұзақ маршрут кейде қысқа жолдан қауіпсіз болады?») пайдаланады.

Практикалық тапсырмалардың мәні – тек мінез-құлық дағдыларын ғана емес, сонымен қатар метатанымдық қабілеттерді дамыту. Білім алушы маршрут құрастырып, өз таңдауын түсіндіргенде жоспарлау мен шешім қабылдауға үйренеді; заттарды жіктеп, әрекет алгоритмін құрғанда ақпаратты жүйелеу және стресс жағдайында дұрыс қимылдау дағдыларын меңгереді. Осы арқылы білім алушы жауапкершілікті түсінеді: қауіпсіздік – тек ережені сақтау емес, сонымен қатар қоршаған орта мен басқа адамдарға мұқият қарау екенін білдіреді.

Дифференциация:

Бастауыш сынып білім алушылары үшін тапсырмалар қарапайым әрі көрнекі бейнелермен, қысқа нұсқаулықтармен және ойын элементтерімен толықтырылады.

3–4-сыныптарда тапсырмалар күрделендіріледі: тәулік уақыты, ауа райы, көлік қозғалысы сияқты факторлар талданады; қысқаша есеп жазу және ауданның қауіпсіздігін арттыру бойынша бастамалар ұсыну талап етіледі (мысалы, әкімдікке «жаяу жүргінші өткелін салу» туралы өтініш жасау).

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін бейімделген тапсырмалар қолданылады: көру қабілеті бұзылғандарға тактильді карточкалар мен аудио сипаттамалар, зейін тұрақтылығы төмендерге – тапсырманы кезең-кезеңімен беру, визуалды нұсқаулар мен тәжірибелік көрсетілімдер.

Бағалау критерийлері:

Негіздеменің сапасы – білім алушының маршрутты немесе жіктеуді қаншалықты қисынды және дәлелді түсіндіргені.

Шешімнің практикалық қолданбалығы – ұсынылған маршруттың немесе іс-әрекеттің шынайы өмірде қаншалықты жүзеге асатыны.

Дағдыларды көрсету деңгейі – жолдан дұрыс өту, ересекті шақыру, қауіпті анықтаған кезде іс-әрекеттердің реттілігін сақтау.

Отбасының қатысу деңгейі – үй тапсырмасындағы ата-ананың қолтаңбасы, бірлескен фото-есептер немесе пікірлердің болуы.

Рефлексия кезеңі – білім алушы не үйренгенін, қандай қорқыныш немесе күмән туғанын және болашақта бұл білімді қалай пайдаланатынын әңгімелейді. Педагог оқыту динамикасын қадағалап, конструктивті кері байланыс береді, білім алушының өзіндік ойлауын, дербестігін және сыни көзқарасын қолдайды.

Қорытынды:

Қауіпсіз маршрут құрастыру және заттарды жіктеу бойынша практикалық тапсырмалар – қауіпсіздік құзыреттілігін қалыптастырудың ажырамас бөлігі болып табылады. Олар білім алушыға қоршаған ортаны бағалау құралдарын, шешім қабылдау және коммуникация дағдыларын береді, отбасын және қауымдастықты оқыту процесіне тартады. Ең бастысы – бұл тапсырмалар білім алушының саналы ұстанымын қалыптастырып, өз денсаулығы мен айналасындағылардың амандығы үшін жауапкершілікпен әрекет етуге дайындайды.

Бақылау және талқылау әдістері – ӨҚН пәніндегі практикалық жұмыс

Бақылау және талқылау әдістері – ӨҚН пәнінде білім алушының шынайы ортадағы тәжірибесін жүйелі түрде қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі.

Олар теориялық ережелерді нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырады, білім алушыға көргенін талдап, жеке тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Бақылауды ұйымдастыру:

Оқу мақсатын анықтау: білім алушы нені байқауы және түсінуі тиіс.

Бақылау критерийлері мен құралдарын белгілеу: чек-парақ, сызба, фотоаппарат, планшет және т.б.

Бақылау іс-әрекетін жүргізу:

- ✓ «Үй – мектеп» маршруты бойынша серуен,
- ✓ ойын алаңында немесе мектеп ауласында бақылау,
- ✓ еңбек сабағында тәжірибелік бақылау,
- ✓ экскурсия кезінде зерттеу.

Жергілікті жерде бақылау кезінде педагог нақты нұсқаулар береді: қай жерде тротуар жоқ, қай тұста көліктер көріністі шектейді, қандай беттер жаңбырдан кейін тайғақ болады. Білім алушы тек жекелеген элементтерді ғана емес, тәуекел факторларының үйлесімін (нашар жарықтандыру + «зібраның» болмауы + көліктің жоғары жылдамдығы) байқауды және олардың салдарын болжауды үйренеді.

Бақылау форматы:

Ұжымдық: рөлдерге бөлінген топтық серуен (мысалы, «бақылаушы», «фотограф», «хатшы»).

Жеке: үй тапсырмасы ретінде ата-анамен бірге «қауіпсіздік аудитін» өткізу және фото-дәлелдер жинау.

Қай форматта өткізілсе де, оқу үдерісінің құрылымы мен бағдарлары айқын болуы тиіс. Бұл бақылауды саналы талдауға негізделген тәжірибелік оқыту деңгейіне көтереді.

Талқылау кезеңі:

Бақылаудан кейін педагог талдауды және рефлексияны ынталандыратын бағыттаушы сұрақтар қояды:

«Не байқадыңдар?»

«Неліктен бұл қауіпті болуы мүмкін?»

«Қандай әрекет нұсқаларын көріп тұрсың?»

«Бұл мәселе туралы кімге хабарлау қажет?»

Талқылау әдістері:

Think-Pair-Share – білім алушылар өз ойларын жұппен бөліседі, кейін ортақ шеңберде пікір алмасады.

Стоп-кадр әдісі – маңызды сәтте әрекетті тоқтатып, баламалы шешімдерді талдау.

Рөлдік ауысу тәсілі – жағдайды жүргізушінің, жаяу жүргіншінің, ата-ананың немесе қызметкердің көзқарасымен қарау.

Деңгейлі сұрақтар жүйесі – «факті – себеп – салдар – шара».

Мақсат: тек ережелерді білу емес, тандауын дәлелдеу, салдарын болжау және жеке пайданы ұжымдық қауіпсіздікпен байланыстыра білу. Мысалы:

Неліктен ұзақ маршрут қысқа жолдан қауіпсіз болады.

Жарық шағылыстырғыш элементтің ымыртта неге маңызды екені.

Бұл факторлардың жалпы қозғалыс қауіпсіздігіне әсері.

Мультфильмдер мен бейнероликтерді пайдалану арқылы бақылау мен талқылау

Оқыту процесінде мультфильмдер мен бейнероликтерді қарау – бақылау мен талқылауды тиімді біріктіретін әдіс болып табылады. Бұл әдіс білім алушыға нақты контекст береді және абстрактілі ережелерді өмірлік жағдайлармен байланыстыруға мүмкіндік тудырады.

1. Материалды таңдау:

Педагог бейнематериалды жас ерекшелігіне және оқу мақсатына сәйкес таңдайды.

Қысқа сюжеттер ұсынылады (мысалы: жолдан өту, құтқару қызметіне қоңырау шалу, үйдегі өрт).

2. Жұмыстың құрылымы:

Бейнематериалмен жұмыс үш кезеңнен тұрады:

Алдын ала болжам: білім алушылар не күтетіні және нені бақылау керектігі туралы ойлайды.

Негізгі қарау: кейіпкерлердің әрекеттерін, олардың қателіктерін және дұрыс шешімдерін бақылайды.

Талқылау: қорытынды шығару, баламалы шешімдерді талқылау және іс-әрекет алгоритмін құру.

3. Талқылауды ұйымдастыру:

Педагог бағыттаушы сұрақтарды пайдаланады:

«Қандай ережелер сақталды?»

«Қай жерде қате жіберілді?»

«Басқаша әрекет етсе не болар еді?»

«Өз орнында сен қалай істер едің?»

4. Практикалық қорытынды:

Ұқсас жағдайға арналған іс-әрекет алгоритмін жасау.

Еске салғыш парақ, көрініс немесе плакат дайындау.

5. Эмоциялық қолдау:

Кейбір бейнежазбалар мазасыздық тудыруы мүмкін, педагог алдын ала ескертеді.

Білім алушыға үзіліс жасау мүмкіндігі беріледі.

Талқылау үрей тудырмай, құзыреттілік пен сенімділік сезімін дамытуға бағытталады.

Педагог қауіптің өзіне емес, оны еңсеру жолдарына және қолжетімді көмек көздеріне (ересектер, қызметтер, байланыстар) акцент жасайды.

6. Талқылау әдістері:

Диалог шеңбері – әлеуметтік дағдыларды дамыту.

Fishbowl әдісі – күрделі моральдық жағдайларды талдау (мысалы, топтық инцидентте кім жауапты?).

Ой картасы – себеп-салдарлық байланыстарды визуализациялау.

Жазбаша рефлексия – «Қауіпсіздік журналына» қысқа жазбалар енгізу (не үйренді, не түсініксіз, қандай әрекет жоспарланып отыр).

7. Қауіпсіздік журналының мәні:

Уақыт өте келе педагог пен білім алушы даму динамикасын бақылайды: пікірлер тереңдейді, дәлелдер күшейеді, дағдылар тұрақтанады.

8. Практикалық тапсырмалармен интеграция:

Видеороликті көріп, талқылаудан кейін тәжірибелік тапсырмалар ұсынылады: көрініс қою, қауіпсіз бағыт жасау, плакат жасау, отбасылық «қауіпсіздік аудитін» әзірлеу.

Ата-аналармен жұмыс – үйде бақылау жүргізіп, өзгерістерді белгілеп, нәтижесін мектепке көрсету арқылы жүзеге асады.

9. Дифференциация:

1–2 сынып: бақылау қысқа, материалдар көрнекі, талқылаулар нақты сұрақтар мен визуалды тіректер арқылы жүргізіледі.

3–4 сынып: тапсырмалар күрделеніп, аналитикалық сипатқа ие болады (нұсқаларды салыстыру, болжам жасау, жергілікті әкімдікке ұсыныстар дайындау).

Ерекше білім беру қажеттіліктері: аудиосуреттемелер, тактильді макеттер, нұсқаулық карталар қолданылады; рефлексия кезінде қосымша қолдау көрсетіледі [10].

Бақылау мен талқылауды бағалау және қоғамдық белсенділікті дамыту

1. Бағалау сипаттамасы

Бақылау мен талқылауды бағалау формативтік сипатта жүргізіледі. Педагог білім алушыны мына критерийлер бойынша бағалайды:

- ✓ бақылауға қатысу белсенділігі;
- ✓ талқылау кезінде пікірін дәлелдей алу қабілеті;
- ✓ нақты әрекет алгоритмін ұсыну;
- ✓ алынған қорытындыларды тәжірибеде қолдану мүмкіндігі.

2. Бағалау құралдары

Чек-парақтар – тапсырмалардың орындалуын кезең-кезеңімен тіркеу;

Бағалау рубрикалары – «фактілер – қауіп түсіндірмесі – қауіптің алдын алу жолдары – іс-қимыл жоспары» сияқты критерийлер;

Ауызша есептер – білім алушының тез әрі нақты жауап беру қабілетін бағалау;

Портфолио – сабақ барысында жинақталған бақылау, талдау және тәжірибелік нәтижелерді сақтау.

3. Қоғамдық белсенділік пен азаматтық ұстанымды қалыптастыру

Бақылау мен талқылау тек қауіпсіздік дағдыларын дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар білім алушының қоғамдық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған:

Жергілікті қауіпті аймақтарды (жарықтандырылмаған өткел, мектеп маңындағы қауіпті жерлер) талдау;

Шешу жолдарын ұсыну арқылы білім алушы өзін қоғам мүшесі ретінде сезіну;

Қауіпсіздік – баршаның ортақ жауапкершілігі екенін түсіну.

4. Білім алушылардың бастамаларын қолдау

Педагог білім алушылардың өз идеяларын іс-әрекетке айналдыруға мүмкіндік береді:

Жарық шағылыстырғыш элементтер тарату акциялары;

Инспекцияларға хаттар жазу;

Ата-аналарға арналған плакаттар, таныстырылымдар әзірлеу.

Осы әрекеттер бақылау мен талқылау нәтижелерін нақты өмірде қолдануға, қоршаған ортаны жақсартуға және қауіпсіздік құзыреттілігін нығайтуға жол ашады.

Жобалық жұмыстар арқылы мектептегі қауіпсіздік құзыреттілігін қалыптастыру

1. Жобаның мақсаты және педагогтің рөлі

«Мектептегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері» жобасы білім алушыға қауіпсіздік ережелерін нақты өмірде қолдануды үйрететін тиімді әдіс болып табылады.

Педагог фасилитатор ретінде әрекет етеді: мәселені ұсынады, зерттеу бағытын белгілейді, рөлдер мен ресурстарды бөледі, қауіпсіздік шарттарын қамтамасыз етеді және рефлексияны ұйымдастырады.

2. Жобаның кезеңдері

Мәселені анықтау:

✓ Мектептегі қауіпті нысандарды байқау (тайғақ дәліз, жарықсыз кіреберіс, спорт алаңының нұсқаулығы жоқ).

✓ «Мектеп кеңістігін қалай қауіпсіз етуге болады?» деген сұрақты қою.

Жоспарлау:

Мақсаттар мен күтілетін нәтижелерді белгілеу (плакаттар, қауіп картасы, эвакуациялық жоспар, жадынама).

Рөлдерді бөлу (зерттеуші, дизайнер, сұхбат алушы, әкімшілікпен байланысқа жауапты).

Іс-қимыл кезеңдері мен мерзімдерін белгілеу.

Зерттеу кезеңі:

✓ мектеп аумағын бақылау, фотофиксация жасау.

✓ пікір жинау, қолданыстағы қауіпсіздік ережелерін талдау, басқа мектептердің тәжірибесін зерттеу.

✓ тәуекел критерийлерін анықтау және деректер жинау.

✓ шешімдерді бағалау критерийлерін жасау (тиімділік, қарапайымдылық, жүзеге асыру мүмкіндігі, тұрақтылық).

Жоба өнімін әзірлеу:

Көрнекі құралдар дайындау: плакаттар, қауіпсіздік картасы, рөлдік ойындар карточкалары, бейнероликтер, отбасылық буклеттер.

Нақты іс-шараларды ұйымдастыру: ескерту белгілерін орнату, жауапты білім алушылар кезекшілігі, қауіпсіздік бұрышын жасау

Жобаны жүзеге асыру:

✓ мектеп кеңесінде нәтижелерді ұсыну.

✓ ақпараттық науқан жүргізу: жаднамалар тарату, плакат ілу, интерактив сабақтар өткізу.

✓ эвакуациялық жаттығулар және әкімшілікке ұсыныстар тапсыру [16].

Презентация және рефлексия:

Жоба қорытындысын аудитория алдында қорғау, жетістіктер мен қиындықтарды талқылау.

Педагог рефлексиялық сессия жүргізеді: «Не сәтті болды?», «Қандай қиындық кездесті?», «Қалай жақсартуға болады?»

3. Бағалау

Формативтік: педагог бақылауы және аралық кері байланыс.

Өзін-өзі бағалау: білім алушының өз жетістіктерін бағалауы.

Жиынтық бағалау: жобалық өнім және таныстырылым сапасы.

Бағалау критерийлері:

- ✓ ақпараттың нақтылығы;
- ✓ шешімдердің практикалық құндылығы;
- ✓ көрнекілік пен креативтілік;
- ✓ командалық жұмыс сапасы;
- ✓ рефлексия тереңдігі.

4. Жобаның артықшылықтары

Сыни ойлау, коммуникация, топпен жұмыс және азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту;

1–2 сыныптарда көрнекілікке негізделген тапсырмалар (плакат, көрініс, қарапайым карта);

3–4 сыныптарда күрделі тапсырмалар (мәліметтерді талдау, сұхбат алу, бейнематериалдар жасау, әкімдікпен байланыс).

5. Қауіпсіздік талаптары

✓ барлық зерттеу педагог бақылауында және отбасының келісімімен жүргізіледі;

✓ тәжірибелік өзгерістер мектеп әкімшілігімен келісіледі;

✓ эвакуация және рөлдік ойындар нақты ережелер мен сақтандыру шараларымен өткізіледі;

✓ «тоқтау сөзі» енгізіліп, білім алушының өзін қауіпсіз сезінуі қамтамасыз етіледі.

6. Жобаның тұрақтылығы

Жоба жыл сайын қайталанып, нәтижелер салыстырылып, жақсартулар енгізіледі. Ол оқу міндетінен асып, мектеп ортасын үздіксіз жетілдіру құралына және білім алушының өмір қауіпсіздігі бойынша тұрақты құзыреттілігін қалыптастыруға айналады [17].

ӨҚН пәнін пәнаралық ықпалдастыру арқылы қауіпсіздік құзыреттілігін дамыту

Мақсаты - ӨҚН пәнін басқа оқу пәндерімен ықпалдастыру арқылы білім алушылардың қауіпсіздік ережелерін өмірлік тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру және пәндік құзыреттерін тереңдету.

Педагог оқу тапсырмаларын біртұтас жүйеде құрастырады, сонда бір өмірлік жағдай бірнеше пән тұрғысынан қарастырылады.

Мысалы: «Үй — мектеп» қауіпсіз бағыты:

Оқу сабағы: мәтінді мазмұндап, негізгі ұғымдарды анықтау;

Математика: қашықтық пен уақытты есептеу[5];

Бейнелеу өнері/Еңбек сабағы: қауіпсіз бағыт картасын немесе плакат жасау.

Бұл тәсіл білім алушыға оқу мен өмір арасындағы байланысты сезінуге және алған білімін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

2. Іске асыру деңгейлері

2.1 Бастапқы тәжірибе

Қарапайым пәнаралық тапсырмалар: мәтінді тыңдап, мазмұнын түсіну сұрақтарына жауап беру; мәтінге негізделген қарапайым есептер құрастыру.

Мысалы: «Әлиханда 4 жарық шағылыстырғыш кеудешесі бар, ол 2 кеудешені достарына берді. Қанша кеудеше қалды?»

Еңбек сабағында әңгімеге иллюстрациялар жасау және мінез-құлық ережелерін жазу.

2.2 Жоғары деңгей

Жобалық тәсіл: топтық жұмыс арқылы қауіпсіздік мәселесін кешенді зерттеу:

Бір топ – мәтіндік ақпарат жинақтау (оқу, ауызша сөйлеу);

Екінші топ – қашықтық пен уақытты өлшеу (математика);

Үшінші топ – көрнекі материалдар мен практикалық шешімдер жасау (еңбек).

3. Сынып деңгейіне қарай ерекшеліктер

3.1 Төменгі сыныптар (1–2 сынып)

Оқу: көрнекілігі жоғары, суреттері бар қысқа мәтіндер, оқиға реті бойынша сұрақтар;

Математика: заттарды санау, салыстыру («қаншасы көп / аз»);

Еңбек: үлкен плакаттар, аппликациялар, карточкалар жасау.

3.2 Орта және жоғарғы сыныптар (3–4 сынып)

Оқу: себеп-салдар байланыстарын талдау, рөлдік ойындарға арналған диалогтар құрастыру;

Математика: уақыт пен қашықтық есептері, кестелер мен диаграммалар (мысалы, мектеп маңындағы көліктер санын санау және гистограмма құрастыру);

Еңбекке баулу: мәтіндік нұсқаулықтар мен инфографикасы бар буклет әзірлеу.

4. Қауіпсіздік талаптары

Барлық практикалық жұмыстар жас ерекшелігі мен құралдар қауіпсіздігіне сәйкес жүргізіледі;

Қауіпті құралдармен жұмыс тек педагог бақылауында;

Әр тапсырманың кезеңдері: жоспарлау – қауіпсіздік нұсқаулығы – орындау – сапаны бағалау – рефлексия.

5. Бағалау

Негізгі критерийлер:

Мәтіннің мазмұндық дәлдігі, тілдік нормалар;

Математикалық есептердің дұрыстығы [5];
 Жасалған бұйымның сапасы мен қауіпсіздігі;
 Практикалық маңыздылық;
 Отбасының қатысуы (ата-ананың қолтаңбасы немесе пікірлері);
 Жобаны іске асыру (плакаттың мектепте ілінуі, буклеттің таралуы).

Саралау: білім алушының қабілетіне қарай тапсырма жеңілдетіледі немесе күрделендіріледі; арнайы білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға көмекші материалдар беріледі.

6. Пәнаралық кіріктірудің артықшылықтары:

- ✓ білім мен өмір тәжірибесін байланыстыру;
- ✓ оқу пәндерін практикалық тұрғыдан қолдану;
- ✓ жауапкершілік пен ынтымақтастық дағдыларын дамыту;
- ✓ отбасы мен қауымдастықты оқу процесіне тарту;
- ✓ қауіпсіздік мәдениетін бала жасынан қалыптастыру.

Мысалы: білім алушы мәтін жазып, есеп шығарып, плакат жасайды – алынған білім эмоционалды және практикалық тұрғыдан бекітіледі; нәтижесі күнделікті өмірде қолданылады.

7. Халықаралық тәжірибе

✓ қауіпсіздік білім беру бағдарламалары көбінесе пәнаралық интеграция принципіне негізделген;

✓ әлемдік үрдістер бойынша қауіпсіздік денсаулық сақтау, азаматтық жауапкершілік, экологиялық тәрбие және төтенше жағдайларда дұрыс іс-әрекет мәдениеті арқылы оқытылады;

✓ бастауыш сыныптан бастап күрделенетін деңгейде енгізіледі;

Мақсат – тек ережелерді есте сақтау емес, қауіп-қатер жағдайында саналы әрі жауапты әрекет ету дағдыларын дамыту.

Төменде қауіпсіздік негіздерін оқытудың шетелдік тәжірибесіне шолу ұсынылады. Бұл тәжірибе отандық білім беру жүйесінде ОБЖ бағытындағы жұмысты жетілдіру үшін бағдар бола алады.

Бастауыш сыныптарда өмір қауіпсіздігін оқыту бойынша халықаралық тәжірибе және Қазақстанға арналған ұсыныстар [20].

Ел / Аймақ	Қабылданған шаралар	Ерекшеліктері мен нәтижелері	Қазақстан үшін ұсыныстар
Орталық Азия (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және т.б.)	<i>Comprehensive Safe Schools Framework (CSSF) 2022–2030</i> тұжырымдамасы қабылданған; инфрақұрылымдық қауіпсіздік пен DRR элементтері енгізілген	Мектептерді төтенше жағдайларға төзімді ету, оқу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету	Мектептерде қауіпсіздік аудитін өткізу, эвакуация жоспарларын жаңарту және DRR элементтерін бастауыш білім мазмұнына кіріктіру
Оңтүстік-Шығыс Азия (Таиланд, Филиппин, Индонезия және т.б.)	DRR бойынша мектеп бағдарламалары, қауымдастықпен жұмыс, эвакуациялық жоспарлар, педагогтерді оқыту	Су тасқыны сияқты нақты қауіп түрлеріне бейімделген, оқушылар практикалық	1–4 сыныптарда «Су тасқыны кезінде не істеу керек?» модулін енгізу, жыл сайынғы қауіпсіздік

		жаттығуларға қатысады	жаттығуларын ұйымдастыру
Куба, Қытай, Пәкістан, Таиланд	Теориялық және тәжірибелік дайындық үйлесімді: оқу-жаттығулар, ата-аналар мен қауымдастықты тарту	Қауіпсіздік мәдениеті өмір салтының бір бөлігі ретінде қалыптасқан	«Қауіпсіз мектеп күні» өткізу, ата-аналар мен қоғам өкілдерін оқу процесіне тарту, қауіпсіздік мәдениетін насихаттау
Жапония	Бастауыш мектептерде қауіпсіздік дағдыларын үйрету, эвакуациялық жаттығулар мен рөлдік ойындар жүйелі өткізіледі	Ерте жастан қалыптасқан қауіпсіздік дағдылары өмір бойы сақталады	Эвакуация мен өзін-өзі қорғау дағдыларын ойын, бейне және тәжірибе арқылы үйрету; «Қауіпсіздік апталығын» өткізу
Қазақстан (ұсынылған модель)	1) Қауіпсіз маршруттар мен эвакуациялық карталар әзірлеу 2) «Дүниетану» пәніне қауіпсіздік модульдерін енгізу 3) «Қауіпсіздік апталығы» өткізу 4) Ойын және жобалық әдістер пайдалану 5) Ата-аналармен ақпараттық жұмыс	Кешенді, практикаға бағытталған тәсіл оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырады және төтенше жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйретеді	Ұлттық деңгейде ОБЖ (өмір қауіпсіздігі негіздері) мазмұнын жаңарту, педагогтерді арнайы даярлау, мектеп-психолог–ата-ана серіктестігін күшейту

Бастауыш сыныптарда өмір қауіпсіздігін оқыту бойынша халықаралық тәжірибеге шолу жасалып, бірнеше елде жүргізілетін нақты оқыту жаттығулары мен білім алушыларды өмір қауіпсіздігіне үйретуге бағытталған жұмыс түрлерінің мысалдары қарастырылды.

Жапонияның мектептерінде жер сілкінісі жағдайындағы білім алушыларға арналған қауіпсіздік және сақтандыру шаралары

Жапония – сейсмикалық белсенді аймақта орналасқан мемлекет, сондықтан мектептерде жер сілкінісі кезінде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру жүйелі түрде және ерте жастан жүзеге асырылады. Бұл бағыттағы шаралар үш негізгі деңгейде ұйымдастырылады: оқыту, алдын алу және жауап әрекеті.

1. Алдын алу және дайындық шаралары

- әрбір мектепте жер сілкінісі кезінде эвакуация жоспары бар және ол жыл сайын жаңартылып, ата-аналармен келісіліп бекітіледі;

- арнайы қауіпсіз аймақтар (жер сілкінісінен кейін жиналу орындары) белгіленген. Олардың орналасуы мектеп ауласында немесе жақын маңдағы ашық алаңда көрсетіліп, карта түрінде сыныптарда ілулі тұрады;

- әрқайсысында жеке қауіпсіздік жинағы (safety kit) бар: сөмке, каска немесе қатайтылған бас киім, су, шағын фонарь және апат жағдайында байланыс деректері жазылған карточка;

- мектеп ғимараттарының құрылымдық беріктігі тұрақты тексеріледі, ғимараттар сейсмотұрақты стандарттарға сай болуы міндетті.

2. Оқыту және жаттығулар

Бастауыш сыныптардан бастап барлық білім алушылар жер сілкінісі кезіндегі мінез-құлық ережелерін меңгереді:

- «Duck, Cover, Hold» (иіл, жасырын, ұстап тұр) қағидасы;
- үстелдің астына тығылу, терезелерден алыстау;
- сілкініс тоқтаған соң мұғалімнің нұсқауымен эвакуациялау.

Жылына кемінде 3 рет эвакуациялық оқу-жаттығу өткізіледі, олардың бірі нақты практикалық сценариймен (мысалы, мектептен тыс уақытта болатын сілкініс) ұйымдастырылады.

Мұғалімдер мен қызметкерлер де арнайы оқытудан өтеді: алғашқы көмек көрсету, топтық көшбасшылық, балаларды тыныштандыру тәсілдері.

3. Сақтандыру және қолдау жүйесі

Жапонияда барлық мектеп оқушылары мемлекеттік мектептік сақтандыру жүйесіне (Gakkō Kyōsai) енгізілген. Бұл жүйе апат кезінде жарақат алған немесе мүліктік шығын көрген балалар мен отбасыларға өтемақы төлеуді көздейді. Сонымен қатар, жергілікті билік пен қауымдастықтар төтенше жағдайда психологиялық қолдау көрсету топтарын ұйымдастырады. Балаларға арналған «психологиялық қалпына келтіру кабинеттері» (kokoro care rooms) ашылады.

4. Тәрбиелік және әлеуметтік бағыт

Білім алушылармен бірге «қауіпсіздік күнделігі» жүргізіледі, онда олар апат кезінде өз әрекеттерін, сезімдерін және алған тәжірибесін жазады. Бұл балалардың өзін-өзі талдау және жауапкершілік сезімін дамытуға бағытталған.

Қауіпсіздік тақырыбы ата-аналар жиналыстары мен мектеп фестивальдарында тұрақты түрде көтеріледі. Балалар мен ата-аналар бірге қатысатын «жер сілкінісіне дайындық күні» іс-шарасы – дәстүрлі тәжірибе.

Жапондық үлгі қауіпсіздік негіздерін оқытудың тиімді жолы ретінде тәжірибелік, эмоциялық және әлеуметтік компоненттердің үйлесімін көрсетеді. Мұндай жүйе оқушылардың тек білімін емес, жедел шешім қабылдау, өзін-өзі бақылау және ұжымда әрекет ету дағдыларын қалыптастырады.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде (әсіресе Таиланд, Филиппин және Индонезияда) су тасқыны жиі қайталанатын табиғи апат болғандықтан, мектептерде білім алушыларға бағытталған арнайы оқыту және алдын алу шаралары кеңінен енгізілген. Төменде нақты мысалдар келтірілген:

Су тасқыны кезіндегі эвакуация жаттығулары (Таиланд)

Мектептерде жылына бірнеше рет «Flood Drill Day» – су тасқыны жағдайындағы эвакуация жаттығулары өткізіледі. Білім алушыларға қауіпсіз бағыттар мен эвакуациялық нүктелер көрсетіледі. Арнайы сигнал берілген кезде барлық оқушылар белгіленген тәртіппен жиналу, биік орындарға көтерілу, және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету дағдыларын тәжірибе жүзінде

орындайды. Мұндай жаттығуларға жергілікті әкімдік пен құтқару қызметі де қатысады.

Су тасқыны туралы оқу модульдері (Филиппин)

Филиппинде «Disaster Risk Reduction and Management Education» бағдарламасы аясында бастауыш және орта буын мектептерінде арнайы сабақтар енгізілген.

Мысалы, 3–6 сыныптарда «Flood Awareness» бөлімі бар, онда білім алушылар:

- жауын-шашын карталарын оқуды;
- су тасқынының себептері мен алдын алу жолдарын;
- үйде және мектепте қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйренеді.

Оқытуда мультимедиялық құралдар, анимациялар және рөлдік ойындар пайдаланылады («Flood Safety Role Play»).

«Қауіпсіз мектеп – қауіпсіз қоғам» жобасы (Индонезия)

Бұл бағдарлама UNICEF және Plan International ұйымдарының қолдауымен жүзеге асырылады.

Мектептерде су тасқынына қарсы шағын инфрақұрылымдық жобалар іске асырылады:

- жаңбыр суын ағызу жүйелерін құру;
- жоғары қабаттарға көшу жолдарын белгілеу;
- қауіпсіз аймақтарды белгілейтін карталар жасау.

Білім алушылар жергілікті қауымдастықпен бірге бұл жұмыстарға қатысып, жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Интерактивті ойындар және «Flood Safety Kit» (Камбоджа, Лаос)

Білім алушыларға арналған арнайы оқу жиынтығы – Flood Safety Kit дайындалған. Оған:

- суретті нұсқаулықтар («Не істеу керек?»);
- су тасқыны кезінде қолданылатын алғашқы көмек құралдары;
- балаларға арналған қауіпсіздік карталары кіреді.

Мектептерде «Flood Smart Kids» атты ойын түріндегі жарыстар өткізіледі, онда балалар топпен әрекет ету, көмек сұрау және өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын тәжірибе жүзінде үйренеді.

Төменде Оңтүстік-Шығыс Азия мен Жапония тәжірибесін ескере отырып, Қазақстандағы бастауыш сынып білім алушылары үшін өмір қауіпсіздігі мен су тасқыны кезіндегі іс-қимыл бойынша ұсынылатын оқыту шаралары берілген.

Бұл ұсыныстар «Өмір қауіпсіздігі негіздері (ОБЖ)», «Дүниетану», сондай-ақ бейімдеу курстары мен тәрбие сағаттары шеңберінде қолдануға болады [16].

Қазақстандық білім беру ұйымдары үшін ұсынылатын оқыту шаралары

1. Эвакуация және қауіпсіз бағыттарды үйрету. Мектептің орналасқан жеріне сәйкес «Қауіпсіз маршрут картасы» әзірленеді (биік нүктелер, жиналу алаңы, көмек пункті белгіленеді).

Жылына екі рет көктемгі (наурыз–сәуір) және күзгі (қыркүйек–қазан) кезеңдерде эвакуация жаттығулары өткізіледі.

1-4–сыныптарда жаттығулар ойын түрінде ұйымдастырылады («Су тасқыны кезіндегі дұрыс әрекет» сценарийі).

2. *«Табиғи құбылыстар және қауіпсіздік» модулі (интеграцияланған сабақтар)*

«Дүниетану» пәнінің тақырыптарына су айналымы, табиғи апаттар, өзендердің тасуы туралы біліммен қатар, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін енгізу.

Мысалы, Сабақ тақырыбы: «Су тасқыны кезінде не істеу керек?»

Оқу мақсаты: білім алушылар судың көтерілу себептерін біледі, эвакуация жолдарын түсіндіреді, өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрекеттерін атайды.

Оқытуда бейнежазбалар, суреттер, дидактикалық карточкалар, шағын тәжірибелер (су айналымын көрсету) пайдаланылады.

3. *«Қауіпсіздік апталығы» немесе «Safety Week» өткізу*

Жылына бір рет мектеп деңгейінде Қауіпсіздік апталығы ұйымдастырылады (ТЖ департаментімен бірлесе).

Апта барысында:

- «Су тасқыны кезінде қалай әрекет етеміз?» тренингі;
- «Құтқарушы болғым келеді» шығармашылық байқауы;
- «Қауіпсіздік бұрышы» көрмесі өткізіледі.

Мақсаты: білім алушылардың қауіпсіздік мәдениетін арттыру және ата-аналарды ақпараттандыру.

4. *Ойын және жобалық әдістер*

Білім алушылар топпен шағын жобалар орындайды:

- «Қауіпсіз үй» макеті,
- «Эвакуациялық маршрут» картасы,
- «Су тасқынынан қорғайтын құрал» прототипі.

Мақсаты: балалардың қиялын, проблеманы шешу дағдыларын дамыту және алған білімін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік беру.

Сабақтарда «Flood Safety Game» немесе «Қауіпсіздік лабиринті» сияқты рөлдік ойындарды енгізуге болады.

5. *Ата-аналармен және қауымдастықпен бірлескен жұмыс*

Әр тоқсанда бір рет ата-аналарға арналған қауіпсіздік бойынша ақпараттық парақшалар немесе шағын тренингтер өткізу («Отбасында төтенше жағдайға дайын болу»).

ТЖ қызметкерлері мен еріктілерді тарта отырып, мектеп пен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды күшейту [10].

6. *Мектеп инфрақұрылымын қауіпсіз ету элементтері*

Мектеп ғимаратында қауіпсіздік картасы мен эвакуация сызбалары көрнекі жерлерге орналастырылады.

Қажет болса, мектеп аумағында биік жиналу алаңы белгіленеді.

Су басу қаупі бар өңірлерде мектеп әкімшілігі жергілікті ТЖ бөлімдерімен бірлескен іс-қимыл жоспарын дайындайды.

Ұсынылған шаралар кешенді түрде жүзеге асырылса, бастауыш сынып білім алушыларының табиғи апаттар кезінде қауіпсіздік дағдылары қалыптасып, жауапты мінез-құлық мәдениеті дамиды.

Бұл тәсіл халықаралық тәжірибенің озық үлгілерін (Жапония, Таиланд, Филиппин) ұлттық контекстке бейімдеп, Қазақстанның «қауіпсіз мектеп» моделін жүйелі енгізуге мүмкіндік береді.

Тәжірибе көрсеткендей, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде су тасқынынан сақтану бойынша оқыту тек теориямен шектелмейді. Ол практикалық жаттығулар, қоғаммен өзара іс-қимыл және балаларға түсінікті визуалды әдістер арқылы жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл білім алушылардың қауіпсіздік мәдениетін ерте жастан қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл тәжірибені Қазақстан мектептеріндегі «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» пәнін жетілдіру барысында қолдану білім алушылардың қауіпсіздік мәдениетін нығайту мен төтенше жағдайларға дайындық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Халықаралық тәжірибе мектепте өмір қауіпсіздігін оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін кешенді, жүйелі және практикаға бағытталған тәсілді қолданудың маңыздылығын айқын көрсетеді. Қауіпсіздік – бұл тек белгілі бір тақырыптар жиынтығы емес, білім алушының өмір бойы қолданылатын маңызды құзыреттілігі. Өмір қауіпсіздігінің негіздеріне қатысты білім мен дағдылар Қазақстандағы ОБЖ бойынша білім беру мазмұнын жетілдіруге және білім алушылардың қауіпсіздік мәдениетін жүйелі қалыптастыруға негіз бола алады.

Мұндай өзара байланысқан пәнаралық модель ӨҚН оқыту үдерісін жүйелі, шығармашылық және тәжірибелік тұрғыдан мәнді етеді: білім алушы ережелер жиынтығын жаттап қана қоймай, оларды өмірде қолдану, түсіндіру және басқаларға жеткізу тәжірибесін меңгереді, ал педагог өмірлік маңызды дағдылар мен жауапкершілік сезімін қалыптастырудың тиімді құралдарын алады [17].

2. Бастауыш сыныптар оқу пәндері аясында өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Өмір қауіпсіздігінің негіздері (ӨҚН) – бұл адамның өмірі мен денсаулығын түрлі қауіпті және төтенше жағдайларда қорғауға бағытталған білім, білік және дағдылар жүйесі.

Бастауыш мектеп бағдарламасында және күнделікті өмірде ӨҚН келесі бағыттарды қамтиды:

Жеке қауіпсіздік: тұрмыста, көшеде және бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста өзін дұрыс ұстау ережелері.

Төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекет: өрт, жер сілкінісі, су тасқыны және техногендік апаттар кезіндегі мінез-құлық қағидалары.

Денсаулық және алғашқы көмек: жарақат, күйік, үсік және басқа жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері.

Табиғаттағы қауіпсіздік: орманда, тауда, суда және табиғи ортада қауіпсіз жүріс-тұрыс (мысалы, жабайы жануарлармен кездесуден сақтану, адаспау, лагерьді дұрыс ұйымдастыру).

ӨҚН білім алушыларды қауіпті жағдайларды алдын ала болжауға, олардан сақтануға және қажет болған жағдайда дұрыс әрекет етіп, өз өмірі мен денсаулығын қорғауға, сондай-ақ өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді.

Бастауыш сыныптарда ӨҚН оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар білім алушыларда өмірдің түрлі жағдайларында қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі білімдері мен дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мысалы, бастауыш сынып білім алушыларына *су тасқыны кезінде* қауіпсіздік шараларын сақтау, *электр құралдарымен дұрыс әрекет ету*, *көшеде жолдан өту ережелерін сақтау*, *отты пайдалану кезіндегі қауіпсіздік* дағдыларын меңгеру сияқты практикалық дағдылар үйретіледі. Төменде осы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған сабақтар үлгісі ұсынылады.

Бастауыш сынып білім алушыларына су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік дағдыларын үйретуге арналған ұсыныстар

№	Бағыт	Ұсынылатын оқыту шарасы	Күтілетін нәтиже
1	Эвакуация және қауіпсіз маршруттар	- мектептің «Қауіпсіз маршрут картасын» әзірлеу; - жылына 2 рет эвакуация жаттығуы; - 1-4-сыныптарда ойын түріндегі сценарийлер қолдану	білім алушылар қауіпсіз бағыттарды біледі, төтенше жағдайда дұрыс әрекет етеді
2	Интеграцияланған сабақтар («Дүниетану» пәні)	- «Су тасқыны кезінде не істеу керек?» тақырыбын енгізу; - су айналымы мен табиғи құбылыстарды қауіпсіздікпен байланыстыру; - көрнекілік, бейне және тәжірибелер қолдану	табиғи құбылыстар туралы түсінігі кеңейеді, қауіпсіз мінез-құлық қалыптасады

3	Қауіпсіздік апталығы (Safety Week)	- ТЖ қызметімен бірлескен іс-шаралар; - «Құтқарушы болғым келеді» байқауы - «Қауіпсіздік бұрышы» көрмесі	білім алушылар мен ата-аналарда қауіпсіздік мәдениеті артады, қауымдастық қатысады
4	Ойын және жобалық әдістер	- «Қауіпсіз үй» макеті; - «Эвакуациялық маршрут» картасы; - Рөлдік ойындар («Flood Safety Game»)	білім алушылар практикалық және шығармашылық жолмен қауіпсіздік ережелерін меңгереді
5	Ата-аналармен жұмыс	- ақпараттық парақшалар тарату; - «Отбасында төтенше жағдайға дайын болу» тренингі; - ТЖ қызметкерлерімен кездесу	отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы артады, ата-аналар қауіпсіз мінез-құлық үлгісін қалыптастырады
6	Мектеп инфрақұрылымын қауіпсіз ету	- эвакуация сызбасын көрнекі жерге ілу; - биік жиналу алаңын белгілеу; - ТЖ бөлімдерімен бірлескен жоспар құру	мектеп қауіпсіздік талаптарына сай болады, төтенше жағдайға дайындық деңгейі артады

Бастауыш сынып білім алушыларына арналған су тасқыны кезіндегі эвакуациялық жаттығу жоспары:

«Қауіпсіздік кемесі» ойыны

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларына су тасқыны кезіндегі эвакуация ережелерін, қауіпсіз маршруттарды және мұғалімнің нұсқауларын мүлтіксіз орындау дағдыларын ойын арқылы үйрету.

Қатысушылар:

- 1–4 сынып білім алушылары (сыныптар бойынша бөліп өткізу ұсынылады);

- сынып жетекшілері мен көмекші мұғалімдер;

- мектеп әкімшілігі мен қауіпсіздік қызметкері (қадағалаушылар).

Өткізу уақыты: 45 минут (1 сабақ уақыты)

Өткізу орны: Сынып бөлмесі, мектеп дәлізі, эвакуациялық шығу жолдары, жиналу нүктесі

Жаттығудың кезеңдік жоспары

№	Кезеңнің атауы	Уақыты	Іс-әрекеттер мен сипаттамасы	Қажетті құралдар
1	Кіріспе: «Дабыл алдындағы дайындық»	10 мин	Мұғалімнің түсіндіруі (ойын-сипаттама): Қазір біз «Қауіпсіздік кемесіндегі» саяхатшылармыз. Дауыл (су тасқыны) жақындап келеді. Су тасқыны кезіндегі	«Қауіпсіз маршрут картасы» (үлкейтілген), су тасқыны қауіпсіздігі плакаты

			басты ережелерді еске түсіреміз: 1. <i>Үрей тудырмау</i> 2. <i>Мұғалімді тыңдау</i> 3. <i>Жүгірмеу</i> 4. <i>Карта бойынша жүру.</i> Мұғалім «Су тасқыны» белгісін (дабылын) бергенде, бәріміз тез және тыныш әрекет етеміз.	
2	«Су тасқыны» дабылы	2 мин	Жаттығудың басталуы: Мектептің арнайы белгіленген дабылы (немесе мұғалімнің дауыстап айтқан белгісі) беріледі. Білім алушылар үстелдерінің астына немесе қабырғаға жақын жерге 30 секунд «тығылады» (басын қорғауды үйрету).	Мектеп дабылы жүйесі
3	Эвакуация: «Қауіпсіз маршрут бойынша жүру»	15 мин	Мұғалімнің іс-әрекеті: Сынып жетекшісі білім алушыларды екі қатарға тұрғызады. Тізімді тексеріп, сынып журналын алады.	Эвакуация жолының белгілері, мұғалім журналы
			Оқушылардың іс-әрекеті: Олар мұғалімнің соңынан «Қауіпсіз маршрут картасы» бойынша (жасыл көрсеткілер) алдын ала белгіленген, ең биік немесе қауіпсіз жерге (мысалы, мектептің екінші қабаты/спорт залы немесе сыртқы жиналу нүктесі) тыныш және жылдам бағытталады.	
			Күрделі жағдай (Сценарий): Эвакуация кезінде коридордың бір бөлігін «су басқан» (еденге көк мата немесе белгі қою) деп жариялау. Мұғалім оқушыларға қосымша (резервтік) маршрутпен жүруді нұсқайды.	Көк мата/ленталар (суды имитациялау)
4	Жиналу нүктесі: «Кемнің тоқтауы»	10 мин	Бақылаушының іс-әрекеті: білім алушылар жиналу нүктесіне (мысалы, мектеп ауласы) жеткен соң, олар қауіпсіз аймақта топтасады. Сынып жетекшісі қайтадан тізімді тексереді. Барлық білім алушылардың бар екенін белгілейді.	Жиналу нүктесінің белгісі (Стенд)
5	Қорытынды: «Қауіпсіздік сабағы»	8 мин	Мұғалім мен қадағалаушы оқушылардың әрекетін талқылайды. Үздік оқушыларды	Мадақтау стикерлері / дипломдары

			(ережені мұлтіксіз орындағандарды) мадақтайды. Қателіктерді (жүгіру, дауыстау) түсіндіреді. Оқушылардан 2-3 сұрақ алып, оған жауап береді. Басты ережелерді тағы да қайталау	
--	--	--	--	--

Күтілетін нәтиже:

- *дағдының қалыптасуы*: білім алушылар эвакуациялық дабылды естігенде сабыр сақтап, мұғалімнің нұсқауларын дер кезінде орындай алады;

- *білімнің меңгерілуі*: білім алушылар мектептегі негізгі және қосымша қауіпсіз маршруттарды есте сақтайды;

- *жауапкершілік*: білім алушылар төтенше жағдайда өз өмірі мен жолдастарының қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауды ұғынады.

Бұл жоспарды әр сыныптың жас ерекшеліктеріне қарай (1-сыныптарға қарапайымдау, 4-сыныптарға күрделірек сценарийлер қосу арқылы) бейімдеуге болады.

«Алғашқы көмек көрсетудің қарапайым дағдылары» бойынша бастауыш сынып білім алушыларына арналған, ойын түріндегі нақты оқыту шарасының жоспарының үлгісі

Бастауыш сынып білім алушыларына арналған алғашқы көмек дағдыларын үйрету жоспары: «Кішкентай құтқарушылар»

Мақсаты: бастауыш сынып білім алушыларына су тасқыны немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде қажет болатын *жарақат, күйік, уланудың қарапайым түрлерінде* алғашқы көмек көрсетудің *қауіпсіз және негізгі қадамдарын* ойын арқылы үйрету.

Қатысушылар:

- 1–4 сынып білім алушылары

- сынып жетекшілері

- медицина қызметкері (қадағалау және сапаны қамтамасыз ету үшін)

Өткізу уақыты: 45 минут (1 сабақ уақыты)

Өткізу орны: Сынып бөлмесі немесе медициналық кабинет.

Оқыту шарасының кезеңдік жоспары

№	Кезеңнің атауы	Уақыты	Іс-әрекеттер мен сипаттамасы	Қажетті құралдар
1	Кіріспе: «Құтқарушының ережелері»	5 мин	Түсіндіру: алғашқы көмек көрсетудің басты ережесі – «Өзінді қорға» (қауіпсіздік). Су тасқынынан кейін жараланған адамға көмектесу қажеттігін түсіндіру. Білім алушыларға ешқашан ересек адамдарсыз және олардың рұқсатсыз көмек көрсетуге болмайтынын ескерту	плакат: «Алғашқы көмек 3 қадамы» (Тоқта, қара, шақыр)

2	Дағды №1: «Жараны өңдеу» (жай кесік)	10 мин	Демонстрация: мұғалім (немесе медбике) манекен / қуыршаққа немесе өз қолына жай кесікті (қызыл бояумен имитация) қалай таңу керектігін көрсетеді.	бинт, таза дәке, лейкопластырь, манекен (немесе жұмсақ ойыншық), қызыл маркер
			Практика: білім алушылар жұп болып бір-бірінің білегіне «жараны» таза дәкемен қалай жабатынын жаттығады.	
3	Дағды №2: «Дұрыс қоңырау шалу» (Көмекке шақыру)	10 мин	Ойын: «Құтқару нөмірі». Білім алушыларға төтенше жағдай қызметіне қалай қоңырау шалу керектігін (101, 103 немесе 112) үйрету. Қоңырау шалғанда не айту керектігі (аты-жөні, қай жерде екені, не болғаны) сценарийі ойнатылады	ойыншық телефондар, көмекке шақыру мәтіні жазылған карточкалар
			Рольдік ойын: бір оқушы – «Құтқарушы», екіншісі – «Қоңырау шалушы» болып, диалог жүргізеді	
4	Дағды №3: «Күйікті салқындату» (термиялық)	10 мин	Демонстрация: күйік алған жерді 10-15 минут бойы салқын судың астында ұстау керектігін көрсету. Су тасқынынан кейін ыстық заттардан күйік алу мүмкіндігін ескеру	суы бар ыдыс (имитация үшін), күйікті бейнелейтін суреттер
			Ескерту: ешқашан май, крем немесе мұзды күйікке жағуға болмайтынын түсіндіру	
5	Қорытынды: «Қауіпсіздік Батырлары»	10 мин	Бекіту: мұғалім білім алушылардан бүгінгі үйренген 3 басты дағдыны (таңу, қоңырау шалу, салқындату) сұрайды. Сабақ соңында білім алушыларға «Кішкентай Құтқарушы» төсбелгісін немесе стикерін беру	стикерлер, сұрақ-жауап ойыны

Күтілетін нәтиже:

- *алғашқы көмек негіздері*: білім алушылар қарапайым жарақаттар мен күйіктер кезіндегі дұрыс алғашқы әрекетті үйренеді;
- *қауіпсіздік білімі*: көмек көрсету кезінде ең алдымен өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету керектігін түсінеді;
- *батылдық*: төтенше жағдай кезінде дұрыс нөмірге қоңырау шалып, нақты ақпаратты жеткізу дағдысын игереді.

Өмір қауіпсіздігін оқытуда жасанды интеллектті қолданудың маңыздылығы

Өмір қауіпсіздігінің негіздерін бастауыш сыныптарда оқыту – білім алушылардың жеке қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудағы ең маңызды кезең. Қазіргі таңда бұл процеске жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізу үлкен әдістемелік мүмкіндіктер береді [19].

Төменде бастауыш сыныптарда өмір қауіпсіздігін оқыту бойынша ЖИ қолданудың маңыздылығы, қолдануға болатын ЖИ түрлері және нақты бір ресурс бойынша жоспар ұсынылған.

Жасанды интеллектті бастауыш сыныптардағы қауіпсіздік сабақтарына енгізу дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда бірқатар артықшылықтар береді:

✓ *Жекелендіру және бейімдеу:* ЖИ әр білім алушының тақырыпты меңгеру қарқынын, күшті және әлсіз жақтарын талдай алады. Мысалы, егер бала «Жер сілкінісі» кезіндегі әрекеттерді қиын меңгерсе, ЖИ оған нақты осы тақырып бойынша қосымша виртуалды жаттығулар ұсынады.

✓ *Иммерсивтілік (Шынайылық әсері):* бастауыш сынып білім алушыларына қауіпті жағдайларды (мысалы, өрт немесе су тасқыны) шынайы өмірде көрсету мүмкін емес әрі қауіпті. ЖИ негізіндегі виртуалды / толықтырылған шындық (VR / AR) платформалары бұл қауіпсіздік сценарийлерін сыныпта, қауіпсіз ортада бастан кешіруге мүмкіндік береді.

✓ *Қызығушылықты арттыру:* ЖИ негізіндегі ойындар, интерактивті анимациялар мен виртуалды кейіпкерлер (аватарлар) оқу процесін қызықты етіп, балалардың назарын ұзақ уақыт бойы ұстап тұруға көмектеседі.

✓ *Мұғалімнің уақытын үнемдеу:* ЖИ қарапайым тапсырмаларды (мысалы, тест сұрақтарын құрастыру, оқушылардың жауаптарын автоматты бағалау, кері байланыс беру) өз мойнына алып, мұғалімнің уақытын шығармашылық жұмысқа (білім алушылармен жеке жұмыс, жобалық әрекеттер) бағыттауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныптарда қолдануға болатын ЖИ түрлері

ЖИ түрі	Қолдану аясы (Өмір қауіпсіздігі)	Мысал ресурс / Құрал
Виртуалды шындық (VR) және Толықтырылған шындық (AR)	Қауіпті жағдайлардың имитациясы: өрттен эвакуация, көшедегі қауіпсіз жүріс-тұрыс, жер сілкінісі кезіндегі әрекеттер.	CoSpaces Edu (AR/VR), Google Expeditions (AR)
Бейімдеп оқыту платформалары	Әр оқушыға жеке қауіпсіздік тапсырмаларын беру. Мысалы, біреуі «судағы қауіпсіздікті» әлсіз білсе, жүйе сол бойынша қосымша сұрақтар береді.	Kahoot! (ЖИ элементтерімен), Қазақстандық білім беру платформалары (Daryn.online, Bilimland)
Жасанды интеллект негізіндегі чат-боттар	Сұрақ-жауап режимінде қауіпсіздік бойынша кеңес беру. Білім алушылар «Үйде жалғыз қалсам не істеймін?» деген сұрақ қоя алады.	ЖИ чат-боттар (ChatGPT-дің балаларға бейімделген нұсқалары)

Генеративті ЖИ (Кескін, бейне жасау)	Сабаққа қажетті арнайы иллюстрациялар мен анимациялар жасау. Мысалы, «Балаларға арналған өрт қауіпсіздігі» туралы қысқа мультфильм.	Canva, Suno (қауіпсіздік әнін жасау), Midjourney (кескіндер)
--------------------------------------	---	--

CoSpaces Edu (AR/VR) платформасын қолдануға негізделген сабақ жоспарының үлгісі:

Пән: Дүниетану

Тақырып: «Өрт қауіпсіздігі: виртуалды Эвакуация» (2-4–сыныптар)

Сабақтың мақсаты: білім алушыларға CoSpaces Edu арқылы жасалған мектеп бөлмесінің 3D моделінде өрт дабылы кезіндегі дұрыс мінез-құлық пен эвакуация жолын табуды үйрету.

Уақыты: 45 минут

№	Кезеңі	Уақыт	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	ЖИ ресурсын қолдану
1	Ұйымдастыру	5 мин	Өрт қауіпсіздігінің негізгі ережелерін (101 нөмірі) еске түсіру.	Ережелерді қайталайды.	–
2	«Виртуалды мектеп»	15 мин	Білім алушыларды жұпқа бөліп, планшеттерде / компьютерлерде CoSpaces Edu платформасында алдын ала жасалған 3D-модельді іске қосады.	Жұптасып, виртуалды сынып бөлмесін зерттейді.	CoSpaces Edu: сынып пен дәліздің 3D моделін жүктейді.
3	Сценарий: Өрт дабылы	15 мин	Мұғалім «Өрт дабылы!» командасын береді. Білім алушыларға виртуалды кеңістіктегі кейіпкерді басқару арқылы: 1. Түтінге жақын жерден еңкейіп өтуді; 2. Есікті тексеруді; 3. Қауіпсіз маршрутты табуды тапсырады.	Кейіпкерді басқарып, виртуалды эвакуацияны орындайды. Қателіктерді (мысалы, лифтке кіру) жіберсе, ЖИ кері байланыс береді.	CoSpaces Edu (VR/AR): Интерактивті симуляция, қателіктер болғанда (мысалы, терезеден секіруге тырысса), виртуалды дауыс арқылы автоматты кері байланыс беру.
4	Қорытынды	10 мин	Жаттығу нәтижесін талқылау. Қателіктерді талдау (ЖИ деректері негізінде). Ең жылдам әрі қауіпсіз эвакуациялаған білім алушыларды мадақтау.	Жаттығу туралы пікірлерін айтып, түсінбеген жерлерін сұрайды.	CoSpaces Edu: Әр білім алушының эвакуацияға кеткен уақытын және жасаған қателіктерін деректер

					негізінде мұғалімге ұсыну.
--	--	--	--	--	----------------------------------

Қорытындылай келе, бастауыш сыныптарда өмір қауіпсіздігін оқытуда ЖИ қолдану сабақтың тиімділігін арттырады және балалардың қауіпсіздік дағдыларын ойын түрінде, шынайылыққа жақын жағдайда меңгеруіне мүмкіндік береді.

ӨҚН мазмұнын әртүрлі оқу пәндерімен кіріктіре жүзеге асыруға болады. Атап айтқанда, дүниетану, жаратылыстану, математика, әдебиеттік оқу және бейнелеу өнері пәндері арқылы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын жүйелі қалыптастыруға мүмкіндік бар. Бастауыш мектепте өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту тәсілі мазмұнды, қызықты және нақты практикалық дағдыларды дамытуға бағытталуы тиіс. Мұндай тәсіл білім алушылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда қауіпсіз әрекет етуіне және жауапты шешім қабылдауына ықпал етеді [9].

Бастауыш сыныптарда математика пәні арқылы ӨҚН мазмұнын кіріктіріп оқыту – шығармашылық тәсілді талап ететін маңызды әдіс. Мұндағы негізгі міндет – білім алушылардың математикалық ұғымдарды меңгеруімен қатар, оларды күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз ету мақсатында қолдана алуын дамыту [5].

ӨҚН-ды математика арқылы оқытудың мақсаттары:

✓ қауіпсіздікке қатысты жағдайларды талдау үшін математикалық білімді қолдану;

✓ математикалық ойлау арқылы негізделген шешім қабылдау дағдыларын дамыту;

✓ қауіпсіздікке байланысты мәселелерді математикалық модельдер арқылы шешу қабілетін қалыптастыру;

Негізгі міндеттер:

✓ білім алушыларды тәуекелді бағалауға, қауіпсіз қашықтықты, уақытты, реакция жылдамдығын есептеуге үйрету;

✓ ӨҚН тақырыбына арналған есептер мен жағдаяттарды шешу арқылы қауіпсіз мінез-құлық білімдерін бекіту;

✓ математикалық тәсілдер арқылы қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру;

Математика арқылы ӨҚН оқытудың негізгі бағыттары:

Қауіпсіз қашықтықты өлшеу және есептеу: адамдар мен көлік арасындағы қауіпсіз арақашықтықты есептеу бойынша тапсырмалар.

Эвакуация уақытын есептеу: жылдамдық, уақыт және қашықтық ұғымдарын пайдаланып, өрт кезінде ғимараттан шығу уақытына есептер шығару.

Қауіпсіздікті талдауға арналған математикалық модельдер: мысалы, белгілі бір уақытта шығу есігі арқылы қанша адам өте алатынын есептеу.

Қауіпсіз маршрутты жоспарлау: координаталық жазықтық пен карталарды пайдаланып, мектептен шығудың ең қысқа және қауіпсіз жолын анықтау.

Оқыту әдістері мен тәсілдері:

Пәнаралық интеграция: тұрмыста, көшеде немесе табиғатта кездесетін қауіптерді сипаттайтын математикалық есептер құрастыру.

Практикалық есептер шешу: эвакуация уақыты мен жолдағы қауіпсіз арақашықтықты есептеу, төтенше жағдайдағы әрекет алгоритмдерін модельдеу.

Көрнекілік қолдану: сызбалар, карталар, графиктер мен эвакуация жоспарларын пайдалану арқылы жағдайларды бейнелеу және түсінікті ету.

Топтық жұмыс: топпен қауіпсіз маршрутты жоспарлау, эвакуацияны талқылау арқылы жауапкершілік пен командалық жұмыс дағдыларын дамыту.

Ойын түріндегі оқыту: білім алушылар материалды ойын, викторина, жұмбақ, кроссворд арқылы жақсы меңгереді; қауіпсіздік тақырыбында шағын көріністер мен рөлдік ойындар ұйымдастыру.

Көрнекілік және мотивация:

✓ қауіпсіздік ережелері бейнеленген плакаттар, сызбалар, қабырға стендтері;

✓ қауіпсіздік туралы мультфильмдер мен бейне роликтерді пайдалану;

✓ бейнематериалдарды жаңа тақырыпты бастау кезінде немесе сабақты бекіту кезінде қолдану.

Мұндай тәсіл ӨҚН мен математика сабақтарын қызықты, өмірмен байланысты және тәжірибеге бағытталған етеді. Білім алушылар қауіпсіздік ережелерін жаттап қана қоймай, оларды өмірде қолданудың нақты жолдарын үйренеді, ал педагог қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың тиімді әдістерін қолдана алады.

Математика сабағында бейнематериалды кіріктіру жолдары:

1. Уақыт есебін жүргізу және есептеу: эвакуация немесе алғашқы көмек көрсетуге байланысты қысқа бейне үзінділерді қарап отырған кезде бейнені тоқтатып, білім алушылардан көмек келгенше қанша уақыт қалғанын немесе белгілі бір әрекетті (мысалы, 112/101/103 нөмірін теру) орындауға қанша секунд қажет екенін есептеуді сұрауға болады.

2. Деректерді талдау: егер бейнематериалда статистикалық мәліметтер (мысалы, жарақат саны) келтірілсе, осы сандарды пайыз немесе бөлшекке байланысты есептер шығару үшін пайдалануға болады.

3. Масштабтау: мультфильмде жергілікті жердің картасы немесе ғимарат жоспары көрсетілген жағдайда кадрды тоқтатып, білім алушыларға шартты масштаб бойынша немесе көзбен шамалап қауіпсіз аймаққа дейінгі арақашықтықты бағалауды ұсынуға болады.

Макеттерді пайдалану (мысалы, жол белгілері бар жол макеті).

Көрнекілікті пайдалану әдістемелік тәсілдері:

1. Мәселені өзектендіру: көрнекі материал (сурет немесе пиктограмма) тапсырма берілмей тұрып көрсетіледі, білім алушылар алдымен қауіпсіздікке қатысты жағдайды анықтауы керек.

2. Сұрақ қою: көрнекілікпен танысқаннан кейін (мысалы, бағыт сызбасын қарау) педагог осы сызбадағы мәліметтерге сүйене отырып математикалық сұрақ қояды.

3. Деректерді визуализациялау: есепте қолданылатын сандық деректер (қашықтық, уақыт, заттар саны) сызбада немесе суретте көрсетілуі не олардың қасында берілуі тиіс.

4. Кезеңдерге бөлу: егер есеп құрамдас болса (мысалы, қозғалысқа байланысты), оны кезең-кезеңмен бөліп, сызбада арнайы белгілер арқылы көрсету қажет. бұл тәсіл білім алушыларға есептің математикалық жағын ғана емес, сонымен бірге қауіпсіз іс-әрекет алгоритмін түсінуге көмектеседі.

5. Ережені бекіту: есепті шығарғаннан кейін сол көрнекілік арқылы қысқаша әңгіме өткізіп, оқиғаға байланысты қауіпсіздік ережесін бекіту маңызды (мысалы, «Біз 75 метр жол жүрдік. Осы жолда қандай жол қозғалысы ережелерін сақтауымыз керек?»).

Көрнекі материалдарды пайдалану математика сабақтарын жай есептеу сабағы ғана емес, өмірде қажет болатын қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру құралына айналдырады.

Математика педагогтеріне әдістемелік ұсынымдар:

- *нақты өмірлік жағдайларды пайдалану*: қауіпсіздікпен байланысты мысалдар келтіріңіз (мысалы, ғимараттан эвакуация уақытының есебі, жолдағы қауіпсіз жылдамдықты анықтау).

- *білім алушылардың белсенді қатысуы*: практикалық тапсырмалар ұйымдастырыңыз, онда білім алушылар өз бетімен есептер шығарып, түрлі жағдайларды модельдей алады (мысалы, көлікте немесе көшеде қозғалған кезде қауіпсіз арақашықтықты есептеу).

- *ӨҚН педагогімен бірлескен жұмыс*: математика мен ӨҚН сабақтарының өзара байланысын орнатыңыз. мысалы, ӨҚН сабағында эвакуация, уақыт пен қашықтықты есептеу бойынша тәжірибелік жұмыс өткізуге, ал математика сабағында сол есептердің математикалық негізін талдауға болады.

Өмір қауіпсіздігінің негіздерін математика арқылы оқыту білім алушыларға тек математикалық ұғымдарды меңгертуге ғана емес, сонымен қатар оларды өмірде қауіпсіз шешім қабылдауға және нақты жағдайларда білімін қолдануға үйретеді [5].

*Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Зайсан ауданы бойынша «Айнабұлақ орта
мектебі» КММ бастауыш сынып педагогі,
педагог-сарапшы Байгожанова Құралай
Төлеішқызының іс – тәжірибесінен*

Бөлім:	1А. Сандар мен цифрлар
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	1.1.2.5** ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды ауызша қосу мен азайтуды орындау.
Сабақтың мақсаты:	Ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды ауызша қосу мен азайтуды
Педагогтің әрекеті	Білім алушының іс- әрекеті
1 тапсырма. «Ойлаймын. Шешемін Түсіндіремін» әдісі.	-Есептерді тыңдайды. Қосу және азайту амалына өрнек құрастырып, шығарады.

1. Аулада 4 бала ойнап жүр еді, тағы 3 бала келді. Барлығы қанша? 2. Автобустан 8 бала түсті, оның 3-еуі мектепке кетті. Қанша бала қалды? Оқулықпен жұмыс Атайға көмектес. -Алдымен тақтайшаның ұзындығын –өлшеп ал. -3см,8см,6см,9см-ге кеміт. -2см,5см,6см-ге арттыр. Түрлі жиһаздар жасау үшін дұрыс өлшеу керек. Егер өлшем қате болса, құлап, қауіп төндіруі мүмкін Үйде үлкендер жұмыс істегенде біз не істеуіміз керек.(жақындамау, қол тигізбеу) «Бағдаршам» ойыны арқылы қосу, алуды түсіндірді. Мысал айту $(5+4)=9$ дұрыс болса-жасыл дөңгелекті көтереді,$(8-2)=5$ қате болса-қызыл түсті көтереді. -Жолдан өтерде қандай түс жанғанда өтеміз? -Қандай түсте тоқтау керек? -Қандай түсте дайындаламыз?	-«Жолда абай болу керек» деген ережені қайталайды. Сызғышпен өлшейді. -Ұзындығын кемітеді. -Ұзындығын арттырады. Жұмыс істеген кезде абай болу керек екендігін айтады. -Есептейді Дұрыс болса-жасыл дөңгелекті көтереді, қате болса-қызыл. Сұрақтарға жауап береді.
---	---

Психологиялық ахуал «Бағдаршам» әдісі арқылы педагог білім алушылар қызыл, сары, жасыл түстерді көрсетіп, көңіл күйлерін таңдауды ұсынады. Сонымен қатар ОБЖ тұрғысынан түстердің мағынасын түсіндіреді:

- Қызыл: «тоқта, қауіп бар»
- Сары: «дайындал, сақ бол»
- Жасыл: «жол ашық, сенімді»

Өз көңіл-күйлерін түспен көрсетеді, жолда осы түстерді сақтау керектігін, жолда жүру қауіпсіздік ережелерін еске түсірді.

«Өткел» ойыны арқылы білім алушылар еденге жаяу жүргіншілер өткелінің суретін (сызықтарын) көрсетеді.

Педагог сан айтады.(Мысалы: «3бала жолдан өтеді, оларға тағы 2 бала қосылды, $(3+2)=5$ педагог осылай жалғастырады. Тағы қанша қосылғанын сұрайды Бұл тапсырманы орындау үшін есептің шартын түсінеді, амалдар арқылы жауабын табады. ОБЖ байланысын жасайды: «Жолдан үнемі жаяу жүргіншілерге арналған өткелдер арқылы өту керектігін білді. Өмірмен байланыстыра отырып, жолда сақ болу керектігін түсінді.

Сабақтың ортасында педагог «Ойлаймын, шешемін, түсіндіремін» әдісін қолданады. Нақты қадамдар береді. Білім алушылар кестеде берілген мәліметтерді жан-жақты талдайды

1. Аулада 4 бала ойнап жүр еді, тағы 3 бала келді. Барлығы қанша?
2. Автобустан 8 бала түсті, оның 3-еуі мектепке кетті. Қанша бала қалды?

Білім алушы есептің шартымен танысады. Берілген мәліметтерді жан-жақты талдайды, есеп шығарады және шешу жолын түсіндіреді. Қарапайым

өмірлік жағдайды математикалық есепке айналдыра алады. Ойлау қабілетін, шығармашылығын, математикалық тілін дамытады.

«Жолда абай болу керек» деген ережені қайталайды.

Оқулықпен жұмыс. Атайға көмектес.

- Алдымен тақтайшаның ұзындығын өлшеп ал.

- 3см, 8см, 6см, 9см-ге кеміт.

- 2см, 5см, 6см-ге арттыр.

Кеміту және арттыру барысында қосу және азайту амалдарын қолданады. Ойлау қабілетін, шығармашылығын, математикалық тілін дамытады.

ӨҚН тұрғысынан түрлі жиһаздар жасау үшін дұрыс өлшеу керек. Егер өлшем қате болса, құлап, қауіп төндіруі мүмкін. Жұмыс істеген кезде абай болу керек екендігін айтады. Үйде үлкендер жұмыс істегенде біз не істеуіміз керек? (жақындамау, қол тигізбеу) керектігін білді. Өлшеу құралдарын дұрыс қолдануды меңгереді. «Бағдаршам» ойыны арқылы қосу, алуды түсіндірді. Мысал айту $(5+4)=9$ дұрыс болса-жасыл дөңгелекті көтереді.

$(8-2)=5$ қате болса-қызыл түсті көтереді. Бағдаршам түстерін ажыратады, сәйкес әрекет жасайды. Білім алушы амалдарды үйренеді, әрі жолда жүру ережесін қайталайды. «Бос терезелерді толтыр» тапсырмасында көрсетілген сандар шығу үшін әр «қабақтағы» бос орындарға сандар жазады.

Әр үйде қауіпсіздік ережесін сақтау маңызды. Мысалы, терезелерді әйнексіз қалдыруға болмайды. Үйдің терезелері дұрыс болса, ол қауіпсіз болатындығын түсінеді. Қорыта келе, бұл тапсырмаларды орындау барысында 10 көлеміндегі сандарды қосу және азайтуды меңгерумен қатар қауіпсіздік ережесін есте ұстау керектігін түсінді. Осы тапсырмаларды орындай отырып, математикадан дұрыс амал жасауды, өмірде қауіпсіздікті сақтауды, ережені орындаудың маңызын білді. Әрқашан жолда, үйде, мектепте қай жерде жүрсек те қауіпсіздік ережесін сақтау керектігін түсінді. Олай болса, бұл тапсырмалар математикалық білім ғана беріп қоймай, өмірлік жағдайларды есепке қолдануды үйретеді.

Бөлім:	Дені саудың жаны сау
Сабақтың тақырыбы:	Геометриялық фигуралардың және сандардың тізбегі
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	2.4.3.2. Берілген заңдылық бойынша тізбекті құру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу
Сабақтың мақсаты:	Тізбектің құрылу заңдылығын анықтауды және заңдылықтың бұзылуын табуды үйренеді
Педагогтің әрекеті	Білім алушының іс- әрекеті
«Фигуралар тізбегі» тапсырмасы. Берілген алгоритм бойынша фигура сал Ж:Барлық қабырғасы 7 торкөзден тұрады, яғни шаршы салынады Нүктелерді қосу арқылы геометриялық фигураларды сал.	Тілектерін айтады. Тапсырманы орындайды

 Сызғыш, қарындашпен жұмыс істегенде көзге жақын апармау;. Үшкір заттарды қолданғанда абай болу; Оқулықпен жұмыс 1-тапсырма <i>«Моншақтар» әдісі</i> Әр қатарда орналасқан фигураларды атайды, қайталану реттілігіне мән береді. Ж: 1-тізбек алма-кезек заңдылығы бойынша құрылған (көк жасыл көк жасыл....) 2-тізбек екі күлгін төртбұрыш, бір қызыл шеңбер заңдылығы бойынша құрылған 3-тізбек екі көк шеңбер, бір күлгін төртбұрыш, екі жасыл шеңбер заңдылығы бойынша құрылған. Бұдан күнделікті өмірде тәртіп пен реттіліктің маңызды екеніне түсінік беру. 2-тапсырма <i>«Суреттер сөйлейді» әдісі</i> Сурет бойынша есеп құрастыр. Сусабын-500тг Сабын-200тг Қағаз-? тг $900 - (500 + 200) = 900 - 700 = 200$ Ж: Қағаз 200 тг тұрады -Гигиеналық құралдарды не үшін қолданамыз?(тазалықты сақтау) -Ақшаны санағанда қандай ережелерді сақтау керек(бөгде адамдардың қолына ұстатпау керек, қалтада абайлап сақтау <i>«Кім жылдам?» ойыны</i> Фигураларды түстері бойынша реттілікпен орналастырады, фигураларды әріптерден құралған сөздің мағынасына назар аударады.  Ж:Тазалық Тазалық-денсаулық кепілі. Қолды жиі жуу жұқпалы аурулардың алдын алады. -Тазалық сақталмаса, қандай қауіптер туындайды? -Сынып бөлмесінде тазалықты қалай қамтамасыз етеміз? Кері байланыс	Оқулықта берілген геометриялық фигуралар тізбегін салады, қандай заңдылықпен құрылғанын зерттейді. Есеп құрастырады Сұрақтарға жауап береді Жауапты береді Сұрақтарға жауап береді
---	---

Ұйымдастыру кезеңінде, «Фигуралар тізбек» тапсырмасы арқылы білім алушылар геометриялық фигураларды ажыратуды, нүктелерді қосып, заңдылықпен сурет салуды, оны жалғастыруды үйрендік. Нүктелерді қосу арқылы геометриялық пішіндер шығарып, ойлануға, салыстыруға және

қорытынды жасауға дағдыланады. Бұл олардың логикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін, салыстыру және талдау дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, біз тапсырма орындау барысында өмір қауіпсіздік негіздерімен байланыстырып, құрал жабдықтарды қауіпсіз, ұқыпты пайдалану ережелеріне назар аударылды. Жұмыс барысында сызғышпен, қаламмен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережесін сақтау(өткір, үшкір) заттарды абайлап қолдану, оларды бір-біріне лақтырмау, көзге жақындатпау, ауызға салмау, сабақ соңында құралдарды реттеп жинау керектігін түсінді.

«Моншақтар» әдісі. Әр қатарда орналасқан фигураларды атайды, қайталану реттілігіне мән береді.

Ж: 1-тізбек алма-кезек заңдылығы бойынша құрылған (көк, жасыл, көк, жасыл....)

2-тізбек екі күлгін төртбұрыш, бір қызыл шеңбер заңдылығы бойынша құрылған

3-тізбек екі көк шеңбер, бір күлгін төртбұрыш, екі жасыл шеңбер заңдылығы бойынша құрылған. Бұдан күнделікті өмірде тәртіп пен реттіліктің маңызды екеніне түсіндік. Фигуралардың ретімен орналасуы бізге әр нәрсенің өз орны бар, тәртіп сақталса, қауіпсіздік те сақталады.

«Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы сурет бойынша есеп құрастыру керек.

Сусабын-500тг	} 900тг
Сабын-200тг	
Қағаз-? тг	

$900 - (500 + 200) = 900 - 700 = 200$ Бұл есеп арқылы біз тек қосу мен азайту амалдарын орындап қара қоймай, күнделікті өмірде, дүкенде дұрыс есептеудің маңызын түсіндік. Ақшаға байланысты есептерді дұрыс шығара білу – әрқайсымыз үшін пайдалы өмірлік дағды. Сонымен қатар, өмір қауіпсіздік негізі пәнімен байланыстыра отырып, сатып алынған заттарды (сабын, қағаз) дұрыс әрі қауіпсіз қолдану керектігін білдік. Сабын – тазалық пен денсаулық кепілі, ол микробтардан қорғайды. Қағазды ұқыпты пайдалану – табиғатты қорғауға үлес қосу. Яғни, математика сабағы бізге тек есеп шығаруды емес, сонымен бірге тазалықты сақтауды, ұқыпты болуды және қауіпсіздікті ескеруді үйрендік. «Кім жылдам?» ойыны фигураларды түстері бойынша реттілікпен орналастырады, фигуралардағы әріптерден құралған сөздің мағынасына назар аударады. Тазалық – денсаулық кепілі. Қолды жиі жуу жұқпалы аурулардың алдын алады.

- Тазалық сақталмаса, қандай қауіптер туындайды?

- Сынып бөлмесінде тазалықты қалай қамтамасыз етеміз?

Білім алушылар осы тапсырма арқылы тек логикалық ойлауды, түстер мен фигураларды ажыратуды ғана емес, сонымен бірге өмірде тазалықты сақтаудың маңызын түсінді. Әрқайсымыздың қауіпсіздігіміз бен денсаулығымыз үшін қажет екеніне көз жеткіздік. Қорыта айтқанда, білім алушылар геометриялық фигураларды ажыратуды, олардың атауын, дұрыс айтуды және түстеріне қарай реттілікпен орналастыруды үйренеді.

Тапсырмалар тек математикадан білім беріп қоймай, білім алушыларды ұқыптылыққа, тәртіпке, тазалық пен қауіпсіздікті сақтауға тәрбиелейді [5].

Бөлім:	1А. 1000 көлеміндегі сандар, қосу және азайту.
Сабақтың тақырыбы:	Үш таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдері
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	3.1.2.5 үш таңбалы сандарды/мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау 3.1.2.8 үш таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану
Сабақтың мақсаты:	Үш таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолданады
Педагогтің әрекеті	Білім алушының іс- әрекеті
Жаңа тақырып 1-тапсырма Топтық жұмыс «Гүл күлтелері» әдісі Сандарды оқы. Оларда қанша жүздік, ондық, бірлік бар? Сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жаз. Осы сандардың ішінде қауіп төңген жағдайда шұғыл хабарласып көмек сұрай алатын сенім телефондары бар. Сол сандарды тауып, қандай қызмет телефоны екенін айту 869=800+60+9 111=100+10+1 986=900+80+6 150=100+50 689=600+80+9 103=100+3 112=100+10+2 111,150,103,112 сенім телефондарын түсіндіріп, шұғыл жағдай болғанда хабарласу керектігін түсіндіру.	Тапсырмаларды орындайды 111-Жедел қызмет 150-Білім алушыларға көмек қызметі 103- Жедел жәрдем 112-Бірыңғай жедел қызмет
2-тапсырма Есепті шығар. Көгөніс сататын дүкенде 455 кг сәбіз және 129 кг қызанақ болған еді. Көкөністердің біразы сатылғаннан кейін, онда тағы 245 кг көгөніс қалды. Қанша килограмм көгөніс сатылды? Сәбіз-455 кг Қызанақ-129 кг Қалды-245 кг Сатылады-? Шешуі: 455+129=584(барлығы) 8454-245=339(сатылды) Жауабы: 339 кг көкөніс сатылды.	Шағын топтарға бөлінеді Әр топ есептің шешу жолдарын талқылайды. Шешімдерін ортаға салады, талдап шығарады.

Көкөністерді, жемістерді Сатып алғаннан кейін жуып, тазалап жеуіміз керек. Тазалық сақталмаса әртүрлі ауру жұғуы, іш ауырулары пайла болуы мүмкін 3-тапсырма Баған түрінде жаз және есепте. Дұрыстығын тексер. $456 + 138 = 594$ $475 + 347 = 822$ $927 - 453 = 471$ $700 - 456 = 244$ $233 + 471 = 704$ $675 + 294 = 969$ $780 - 611 = 169$ Амалдарды дұрыстығын тексердік. Дұрыс орындау үшін есепті нақты, ұқыпты, асықпай орындау қажет. Қателік жасасаң, қауіпті жағдай туындауы мүмкін. Мысалы: электр құралын қолданғанда немесе жолда жүргенде есептегі сияқты әр әрекетімізді тексеріп отыру қажет.	Қауіпсіздік ережесін айтады Баған түрінде жазады, есептеп, дұрыстығын тексереді.
Қала саябағында 230 терек өсіп тұр, ал қарағаш одан 125-ке артық. Қала саябағында барлығы қанша ағаш өсіп тұр? Таңқурай-132 Қарақат-?50-ге кем Қарлыған-? 54-ке артық Шешуі: $132 - 50 = 82$ (қарақат) $82 + 54 = 136$ (қарлыған) Жауабы: жер теліміне 136 түп қарлыған отырғызылды. жеміс ағаштары мен бұталарды отырғызу кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз керек? -Күрек, тырма сияқты құралдарды дұрыс пайдалану керек. - Қолымызды жарақаттап алмау үшін қолғап кию қажет - Табиғатқа қамқор болу- біздің денсаулығымызға да пайдалы Кері байланыс - Аяқталмаған сөйлем әдісі бойынша бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді жазыңыздар «Бүгін мен» «Енді мен»	Есепті шығарады

1-тапсырма. Топтық жұмыс. «Гүл күлтелері» әдісі арқылы сандарды оқу. Олардың құрамында қанша жүздік, ондық, бірлік бар екенің және сандарды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазады.

Осы сандардың ішінде қауіп төнген жағдайда шұғыл хабарласып көмек сұрай алатын сенім телефондары бар. Сол сандарды тауып, қандай қызмет телефоны екенін айту

$$869=800+60+9$$

$$150=100+50$$

$$111=100+10+1$$

$$689=600+80+9$$

$$986=900+80+6$$

$$103=100+3$$

$$112=100+10+2$$

111,150,103,112 сенім телефондарын түсіндіріп, шұғыл жағдай болғанда хабарласу керектігін түсіндіру. Осы сабақта білім алушылар сан ретінде разрядтық қосылғышқа жіктеп үйрендік, сонымен қатар маңызды телефон номерлерін білдік. Сол арқылы шұғыл жағдайлар болған кезде хабарласатын маңызды сандар, ал екінші жағынан математикалық сандар.

Есепті шығар. Көкөніс сататын дүкенде 455 кг сәбіз және 129 кг қызанақ болған еді. Көкөністердің біразы сатылғаннан кейін, онда тағы 245 кг көкөніс қалды. Қанша килограмм көкөніс сатылды?

Сәбіз-455 кг

Қызанақ-129 кг

Қалды-245 кг

Сатылады-?

Шешуі: $455+129=584$ (барлығы)

$$584-245=339\text{(сатылды)}$$

Жауабы: 339 кг көкөніс сатылды.

Көкөністерді, жемістерді сатып алғаннан кейін жуып, тазалап жеуіміз керек.

Тазалық сақталмаса әртүрлі ауру жұғуы, іш ауырулары пайла болуы мүмкін. Бұл есеп арқылы көкөністердің есебін таптық. Көкөністер – денсаулығымызға пайдалы тағамдар. Дәрумендерге толы. Көкөністерді жеп жүрсек ауырмаймыз. Оны жейтін кезде жақсылап жуу, сүрту керек. Бұл біздің қауіпсіздігіміз бен денсаулығымызды сақтау жолы.

3-тапсырмада баған түрінде жаз және есепте, дұрыстығын тексер.

$$456 + 138=594$$

$$233 + 471=704$$

$$475 + 347=822$$

$$675 + 294=969$$

$$927 - 453=471$$

$$780 - 611=169$$

$$700 - 456=244$$

Амалдарды дұрыстығын тексердік. Дұрыс орындау үшін есепті нақты, ұқыпты, асықпай орындау қажет. Қателік жасасаң, қауіпті жағдай туындауы мүмкін. Мысалы: электр құралын қолданғанда немесе жолда жүргенде есептегі сияқты әр әрекетімізді тексеріп отыру қажет. Егер қателессек, қауіпті жағдай туындайды. Есепте де, өмірлік қауіпсіздікті де байланыстырып түсіндіре аламыз.

Қала саябағында 230 терек өсіп тұр, ал қарағаш одан 125-ке артық. Қала саябағында барлығы қанша ағаш өсіп тұр?

Таңқурай-132

Қарақат-?50-ге кем

Қарлығын-? 54-ке артық

Шешуі: $132-50=82$ (қарақат)
 $82+54=136$ (қарлыған)

Жауабы: жер теліміне 136 түп қарлыған отырғызылды. Бұл есепте жер теліміне 136 түп қарақат отырғызылғанын білдік. Енді ойланып көрейік: жеміс ағаштары мен бұталарды отырғызу кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтауымыз керек?

- Күрек, тырма сияқты құралдарды дұрыс пайдалану керек.

- Қолымызды жарақаттап алмау үшін қолғап кию қажет.

- Табиғатқа қамқор болу – біздің денсаулығымызға да пайдалы. Демек, біз есепті шығарып, математикалық нәтижеге қол жеткіздік. Ал, өмір қауіпсіздік негізі тұрғысынан білдік, ағаш отырғызу кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау және табиғатты қорғау – әр адамның міндеті. Біз әртүрлі есептер шығардық, көкөністердің қанша сатылғаны қосу мен азайту амалдарының дұрыстығын, қанша түп ағаш отырғызылғанын есептедік. Бұл есептердің барлығы біздің өмірімізбен байланысты. Көкөніс жегенде міндетті түрде жуып, таза ұстау керек. Бұл – денсаулықты сақтау. Есепті дұрыс шығару үшін, ұқыптылық қажет. Сол сияқты қауіпсіздік ережелерін де қателеспей орындау маңызды. Ағаш отырғызғанда құралдарды дұрыс пайдаланып, өзімізді жарақаттан қорғау керек. Бұл – еңбек қауіпсіздігі.

Бөлім:		Ғарышқа саяхат. Есептер		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):				
Күні:				
Сынып: 4		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Құрама есептер		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		4.5.1.4 - шамалар арасындағы тәуелділікке; пропорционал бөлуге табуға берілген есептерді талдау және шығару		
Сабақтың мақсаты:		Есептерге талдау жасайды және шығарады		
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	Оқулықпен жұмыс №1 есеп 1 -желіге-48 км 2-желіге-?, 2есе кем ?км, ?кг 1км. массасы-159 кг Ш: $48/2=24$ км $48+24=72$ км $72*159=11448$ кг= 11 т448кг Ж: Барлық сымның массасы 11т448кг. ОБЖ: -Сыммен жұмыс істегенде абай болу! -Байланыс желілері мен электр сымдарының	Есепті шығарады Түсінгендері бойынша айтады	Дескриптор: Есептің мазмұнына түсінеді-1Б Есепті шығарады-1Б	Оқулық Жұмыс дәптер

Сабақтың ортасы	ұзындығы мен салмағын дұрыс есептеу -Дұрыс есептелмеген сым кернеу түсіруі немесе үзілуі мүмкін №2 есеп 425 жұмысшы-236 $\leftarrow$ бөлшек\күніне Автотехниканы жөндеуге- ? Б, $\frac{1}{25}$ б Қалды-? Бөлшек$\leftarrow$ Жаңа техниканы $\frac{1}{2}$ дайындауға-?б, Ш:425*236=100300б\к(барлығы) 100300/25*1=4012 б (автотехника) 100300-4012=96288б қалғаны) 96288/2=48144 (жаңа техника) Ж: 48144 бөлшек жаңа техника дайындауға жіберіледі ОБЖ:-Электр және механикалық жабдықтармен жұмыс істегенде нұсқаулықты сақтау -Қорғаныс киімдері мен қолғап кию -Қауіп төнген жағдайда жедел хабарлау. №3 есеп 8 қорап-9 үлкен батареядан ? б 8 қорап-18 кішкентай } б Батареядан Ш: 1-т (9+18)*8=27*8=216 б 2-т 8*9+8*18=27*8=216 б Ж: Барлығы 216 батарея әкелінді ОБЖ:-Батареяларды отқа тастауға болмайды. - Суға немесе ылғалды жерге тастамау керек	Есепті шығарады Есепті шығарады Тиімді тәсілді таңдайды	Дескриптор: Есептерді шығарады-1Б Жұмыс өнімділігін табады-1Б Дескриптор: Есепті әртүрлі тәсілмен шығарады-1Б Есеп шығару тәсілдерін таңдай алады-1Б	Оқулық Оқулық Батареялар
------------------------	---	---	--	---

	-Тозған батареяларды арнайы жәшікке өткізу қажет. Электр құрылғыларымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. «Есептер пойызы» ойыны Құрама есептің бөліктерін дұрыс ретке қою. Әр вагонға есептің бір бөлігі жазылады. Жүк көлігі ауылдан қадаға дейін бару үшін 36 литр бензин жұмсады. Қайтар жолда жол кептелісуіне байланысты одан 9л артық бензин жұмсады. Екі бағытқа бару үшін көлік барлығы неше литр бензин жұмсады. Ш: $36+9=45(4л)$ $36+45=81(л)$ Ж: Барлығы 81 литр бензин жұмсалды. 1-вагон-Шарты 2-вагон-Шешуі 3-вагон-Жауабы -Білім алушылар топпен жұмыс істей отырып, пойызды, дұрыс реттікпен құрастырады. -Әр топ есепті шығарып болған соң, өмір қауіпсіздік негіздері бойынша бір қауіпсіздік ережесін айтады Есепті дұрыс шығарғаны үшін бір жұлдызша беріледі	Топпен жұмыс Вагондарды ретімен орналастырады. Қауіпсіздік ережесін айтады Жолға шығарда жолда жүрген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. -Бензиннің жеткілікті екенін тексеру -Артық жүкті тиемеу. -От тұтатқыш заттардан аулақ болу.	Өздерін-өздері бағалау Есепті дұрыс шығады Есептің құрылымын түсінеді -Есепті дұрыс шығарғаны үшін бір жұлдызша -Қауіпсіздік ережесін дұрыс атағаны үшін қосымша жұлдызша. -Ең көп жұлдызша жинаған топ-«Қауіпсіз жол шебері» атанады.	Вагон суреттері, қима қағаздар Мадақтама
--	--	---	---	--

Сабактың басында 1-тапсырмада ұзындық пен массаны есептеуді үйрендік. Математикалық білімді өмір қауіпсіздік негіздері пәнімен байланыстыра айтқанда, сымдардың ұзындығы мен салмағын дұрыс есептеу – қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін өте маңызды.

1 -желіге-48 км

2-желіге-?,2есе кем

? км, ?кг

1км. массасы-159 кг

Ш: $48:2=24\text{км}$

$48+24=72\text{км}$

$72 \cdot 159=11448\text{кг}=11\text{т}448\text{кг}$

Ж: барлық сымның массасы 11т448кг.

ӨҚН: Сыммен жұмыс істегенде абай болу!

- Байланыс желілері мен электр сымдарының ұзындығы мен салмағын дұрыс есептеу

- Дұрыс есептелмеген сым кернеу түсіруі немесе үзілуі мүмкін. Дұрыс есептеу – қауіпсіз және сенімді жұмыс істеудің кепілі.

Бұл білім алушылардың қызығушылығын оятуы сөзсіз, себебі тапсырма өмірмен тығыз байланысты.

Оқулықпен жұмыстағы 2-тапсырманы орындау барысында білім алушылар құрама есепті бірнеше амалмен шығару тәсілін үйренді. Осындай есептерді шығару кезінде көбейту мен қосу амалдарының байланысын түсінеді.

425 жұмысшы-236 бөлшек \ күніне

Автотехниканы жөндеуге-? Б, $\frac{1}{25}$ б

Қалды-? Бөлшек

Жаңа техниканы дайындауға-? б, $\frac{1}{2}$

Ш: $425 \cdot 236=100300\text{б}\backslash\text{к (барлығы)}$

$100300:25 \cdot 1=4012\text{ б (автотехника)}$

$100300-4012=96288\text{б қалғаны}$

$96288:2=48144\text{ (жаңа техника)}$

Ж: 48144 бөлшек жаңа техника дайындауға жіберіледі

Өмір қауіпсіздік негіздері: электр және механикалық жабдықтармен жұмыс істегенде нұсқаулықты сақтау

- Қорғаныс киімдері мен қолғап кию

- Қауіп төнген жағдайда жедел хабарлау.

- Құрал-саймандарды дұрыс пайдалану

- Электр желісіне немесе қозғалыстағы тетікке қол тигізбеу

- Жұмыс орнын таза, жинақы ұстау

Әр бөлшек дәл жасалса, техника да сенімді жұмыс істейді, ал қауіпсіздік ережесін сақтаған адам өз өмірін қорғайды. Білім алушылар техника жасау мен жөндеуде жауапкершілік пен қауіпсіздік ережесін сақтау басты шарт екенін түсінді.

3-тапсырмада құрама есептерді әр түрлі тәсілмен шығару жолдарын үйрендік.

8 қорап-9 үлкен
батареядан } ? б

8 қорап -18 кішкентай батареядан

Ш: 1-тәсіл: $(9+18) \cdot 8=27 \cdot 8=216\text{ б}$

2-тәсіл: $8 \cdot 9+8 \cdot 18=27 \cdot 8=216\text{ б}$

Ж: барлығы 216 батарея әкелінді

ӨҚН: батареяларды отқа тастауға болмайды.

- Суға немесе ылғалды жерге тастамау керек. Тозған батареяларды арнайы жәшікке өткізу қажет. Электр құрылғыларымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.

«Есептер пойызы» ойыны арқылы құрама есептің бөліктерін дұрыс ретпен қояды. Әр вагонға есептің бір бөлігі жазылады.

Жүк көлігі ауылдан қадаға дейін бару үшін 36 литр бензин жұмсады. Қайтар жолда жол кептелісуіне байланысты одан 9л артық бензин жұмсады. Екі бағытқа бару үшін көлік барлығы неше литр бензин жұмсады?

$$\text{Ш: } 36+9=45(4\text{л})$$

$$36+45=81(\text{л})$$

Ж: барлығы 81 литр бензин жұмсалды.

1-вагон – Шарты

2-вагон – Шешуі

3-вагон – Жауабы

- Білім алушылар топ-топпен жұмыс істей отырып, пойызды, дұрыс реттікпен құрастырады.

- Әр топ есепті шығарып болған соң, өмір қауіпсіздік негіздері бойынша бір қауіпсіздік ережесін айтады.

Есепті дұрыс шығарғаны үшін бір жұлдызша беріледі.

- Жолға шығарда және жолда жүрген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.

- Бензиннің жеткілікті екенін тексеру.

- Артық жүкті тиемеу.

- От тұтатқыш заттардан аулақ болу керектігін түсінеді.

Қауіпсіздік шараларын өздері қорытып айтады. Өздері қорытып айту білім алушының есінде жақсы сақталады.

Жауапты дәлелдеуге және өз ойын жүйелі айтуға үйренеді. Танымдық дағдылары, математикалық сауаттылығы, сыни ойлау қабілеті, коммуникативтік дағдылары дамиды. Өмірмен байланысты жағдайларды шешуге болатынын түсінеді.

- Есепті дұрыс шығарғаны үшін бір жұлдызша беріледі.

- Қауіпсіздік ережесін дұрыс атағаны үшін қосымша жұлдызша.

Ең көп жұлдызша жинаған топ сабақтың соңында «Қауіпсіз жол шебері» атанады. Осы орындаған тапсырма арқылы қауіпсіздік ережелерінің маңызын ұғынады. Білім алушылардың нақты өмірмен байланыс орнатуына, өмір қауіпсіздігін сақтап, өздерін төтенше жағдай кезінде қалай қиындықтан шығу жолдарының артуына, жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Математика – есеп шығаруға ғана емес, өмірде дұрыс шешім қабылдауға да үйретеді. Есепті дәл шығару, дұрыс шығару өмірде шешім қабылдай білуге үйретеді, ал қауіпсіздік ережесін сақтау-өміріңді қорғау.

Математика сабағында тапсырмаларды орындай отырып, өмір қауіпсіздігін түсінуді, оны сақтай білуді меңгеруге болады. Әр есепте нақты өмірмен байланысты жағдайлар: жол ұзындығы, бөлшек саны, техника жасау, желідегі

сым ұзындығы, жолда жүру сияқты, еңбек құралдарын пайдалану сияқты тапсырмалар қарастырылды. Біз жолдағы, өндірістегі, тұрмыстағы жағдайларды мысалға ала отырып, есептеу арқылы шын өмірдегі қауіпсіз шешім қабылдауды үйренеді.

Мәтіндік есептерді шешу – білім алушылардың математикалық ойлауын, логикалық пайымдауы, өмірмен қатысты шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырудың, қауіпсіздік ережелерді түсінудің маңызды құралы. Есепті шешудің түрлі әдістерін қолдану арқылы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру білім алушылардың жетістіктеріне оң әсер ететіні сөзсіз. Әдіс-тәсілдердің әртүрлілігі есептің құрылымын нақты түсініп, оны шешудің жолдарын анықтауға көмектеседі. Әр әдіс білім алушылардың логикалық ойлауын, байланыстырып сөйлеу дағдысын, математикалық тілде дәлелдеп айту қабілетін дамытады. Тапсырмаларды шешу барысында білім алушылар күнделікті өмірмен байланысты жағдайлардағы деректермен жұмыс жасауды, төтенше жағдай барысында, қауіпті жағдайлар туындаған кезде шешім қабылдауды үйренеді. Қауіпсіздікті сақтау сауаттылықтары артады.

Сондай-ақ, есеп шешудің әртүрлі жолдарын салыстыру арқылы білім алушылардың сыни ойлау және дербес таңдау жасау дағдылары қалыптасады. Есептерді шеше отырып, еңбек пен техника саласында қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын түсіндік. Әр жұмысты орындағанда дәлдік, ұқыптылық және жауапкершілік қажет екенін білдік.

- Техникамен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік нұсқаулығын орындау керек.
- Электр құралдарын орындаған кезде абай болу керек.
- Қорғаныс құралдарын (қолғап, көзілдірік, бас киім) кию.
- Қауіпсіздік ережесін сақтау – денсаулық пен өмір қауіпсіздігінің кепілі.

Білім алушының өмірлік дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Өз беттерімен ойлау, шешім қабылдау сияқты деңгейлері де қалыптасады. Көшеде, жолда білім алушылардың қауіпсіздік қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. Математикалық сауатты тұлға ретінде қалыптасуына, өз өміріне ұқыпты қарауды үйретуге зор үлес қосады. Тапсырмаларды шешуде қолданған әдіс-тәсілдер білім алушылардың математика пәніне қатысты білім-білік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар тұлғалық даму, құндылықтарға баулу және құзыреттіліктерін қалыптастыруда, өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне өте маңызды рөл атқарады. Шынайы өмірмен, күнделікті өмірде қолданатын есептер (жолда, еңбек еткенде, үйде, қоғамдық орындарда т.б.) білімге құштарлығын арттырады. оны күнделікті өмірде қалай қолдануға болатыны туралы түсінік, танымдары артады. Қауіпсіздік ережелерін сақтау тек өмір қауіпсіздік пәнінде ғана емес, күнделікті өмірде де маңызды екенін ұғындық. Сондай-ақ өмірмен байланысты есептерді түсінуге көмектеседі. Мысалы: жол, отын, уақыт, электрге берілген есептер өмір қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Математика біз есептерді шығару барысында өлшейміз, салыстырамыз, осының бәрін әрбір қадамдар арқылы ұқыпты, жауапты және қауіпсіз орындауды үйретеді. Математика да, өмірде де дұрыс таңдау жасау маңызды. Өмір қауіпсіздік негіздері сол шешімнің қауіпсіз жағын көрсетеді [5].

Ұлытау облысы білім басқармасы Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ бастауыш сынып педагогі, педагог-зерттеуші Жандаулетова Кызгалдақ Жангазыевнаның іс-тәжірибесінен

Бөлім:		Мен зерттеушімін. Жаратылыстану		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):				
Күні:				
Сынып: 1 сынып		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Табиғатты танып-білу әдістері		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру		
Сабақтың мақсаты:		Қоршаған әлем құбылыстарын зерттеу керек екенін түсінеді, көрсетілген тәжірибені түсіндіреді		
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	«Мен не білемін?» ойыны (Табиғат, өсімдік, ағаш жануар, аспан әлемі, орман) Бұл суреттегі заттар сендерге таныс па? -Біз табиғатты қайдан білеміз? Қалай зерттейміз? Білім алушылар, терезеге қарап, сырттан не көріп тұрғандарыңды атап шығындар Суретті сөйлет әдісі Әр топқа суреттер беріледі І топ бақылау жүргізген білім алушы ІІ топ сұрақ қойып тұрған білім алушы ІІ топ тәжірибе жасап жатқан білім алушы Бақылау жүргізу – танып білуді ең қарапайым әдісі. Тәжірибе жүргізу – бір затқа әртүрлі әсер ету барысында оның өзгеруін анықтау..	Сұраққа жауап береді. Айналадағы заттарға бақылау жасайды Білім алушылар не көріп тұрғанын сипаттайды. Бақылау жүргізеді Бақылау сөзінің мағынасын ашады. Өмірден мысалдар келтіреді. Айналадағы дүниеге бақылау жасайды Білім алушылар берілген нұсқаулар бойынша бақылау	Өте жақсы! Сен мықтысың! 	Интербелсенді тақтадан бейнежазба көрсетіледі https://youtu.be/WzZ1p_dO-Qk?si=BKpxzcvNRHCzd0gl Сурет тер Интерелсенді тақта оқулық оқулық

Сабақтың ортасы	«Миға шабуыл» әдісі «Бақылау» сөзі қандай мағынаны білдіреді? Бақылаушы қоршаған әлемді қалай бақылайды? Жаңа тақырып Білім алушыларды айналадағы табиғатты бақылау мақсатында мектеп ауласына саяхатқа алып шығу 1.Ағаш, бұта, өсімдіктердің өзгерісін бақылау. 2.Құстардың тіршілігін бақылау. 3.Адамдардың күзгі киім үлгісін бақылау. Бақылау жүргізуге байланысты дене мүшелері туралы сұрақтар ұсынылады. – Өсем табиғат сұлулығын бақылауға не көмектеседі? –Табиғаттағы түрлі дыбыстарды ажыратуға не көмектеседі? –Ауызға салып дәмін көруге болатын заттардың дәмін қалай сеземіз? Табиғи нысандармен танысқанда қауіпсіздік ережесін сақтау «Көргенінді сипаттау» ширату жаттығуы ЕБҚ Ағаштардың әртүрлілігін бақылату Дәптермен жұмыс Жапырақтың пішіні, түсі, симметриялық сызықтары жайлы білім алушылардың бір-біріне әңгімелеп айтуына жағдай туғызу. Бүгінгі сабақта бақылаудың қарапайым түрі жүзеге асқаны туралы әңгіме жүргізу.	жүргізгенін қорытындылайды Мектеп ауласына шығады, Қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді Дәптермен жұмыс жүргізіледі Сезім мүшелері арқылы заттарды зерттей алады. Сұрақтарға жауап береді Білім алушы сөйлемді жалғастырады	Дескриптор: .-Ағаш, бұта, өсімдіктердің өзгерісін бақылай алады -.Құстардың тіршілігін бақылайды Адамдардың күзгі киім үлгісін бақылайды Мықты екендерінді дәлелдедіңдер 	Слайд Оқулық Ағаштар Гүлдер Шөптер Оқулық Жұмыс дәптері Сурет тер Рефлексия стикерлері
Сергіту сәті				
Сабақтың соңы				
Рефлексия				

	Тапсырмаларды орындауды ұсынады. Қай сезім мүшелері арқылы суретте бейнеленген заттарды зерттей аласың? Сәйкестендір. Сұрақтар тізбегі Қоршаған әлем құбылыстарын зерттеу қажет пе? Біз зерттеуші бола аламыз ба? Мен зерттеушімін әдісі «Мен зерттеушімін» өйткені мен бүгін» -Бақылау жасадым.....Сұрақ қойдым.... Қызық тәжірибе көрдім..... -Табиғат туралы жаңа ұғым білдім			
--	---	--	--	--

Ұйымдастыру кезеңінде қолданған «Мен білемін ойыны» білім алушының бастапқы білімін анықтау және сабаққа қызығушылығын ояту үшін өте тиімді. Білім алушыларда бірнеше маңызды білімділік, танымдық және зерттеушілік дағдылары дамиды. Қорытынды жасай отырып, жаңа ақпаратты қабылдауға дайындық жасауға үйренеді. Терезеден сыртқа қарап табиғатты бақылай алады. Күнделікті көріп жүрген айналадағы заттарға бақылау жасай аламын деген сенім пайда болады. Педагог мысалы: аспанды көресіңдер, аспанда бұлттар бар. Олардың түсі- ақ, кейбіреуі - қара. Неліктен? Бұл жаңбыр жауады деген белгі. Үйден мектепке келе жатқанда ағаштардың жапырақтары түскенін байқадың, бұл - күздің белгісі. Күзде ағаш жапырақтарының түсуі табиғаттағы өзгерістерді білім алушыларға бақылатып қана қоймай, көшеде жүргенде тайғақ жапырақтардың үстінен абайлап жүру керектігін меңзейді. Қыста аспаннан жапалақтап қар жауады. Көшені қалың қар басады, ал көктемде қар еріп, үйдің шатырындағы мұз қатады. Абай болу керек!

Білім алушыларға көргенін сипаттап айтқызу арқылы күнделікті өмірдегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйретеді. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау білім алушылардың танымдық қабілетін дамытуға, ой қорыту сипаттап сөйлеу дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сабақтың басында білім алушылар «Миға шабуыл» әдісі арқылы бақылау сөзінің мағынасын ашады. «Бақылаушы қоршаған әлемді қалай бақылайды?, Кім бақылаушы рөлін орындай алады?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Бұл тапсырма қоршаған ортамен байланыс орнатуға бағытталады. Педагог бақылау жүргізу үшін неге?, қайда?, қалай? қарау керектігін үйретеді. Мектеп ауласына шығып зерттеу жасата отырып, табиғаттағы түрлі дыбыстарды, алуан иістерді ажыратуға, қоршаған ортаны (көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу) арқылы

табиғи құбылыстарды түсініп ажыратады. Табиғи нысандармен танысқанда қауіпсіз ережелерін: бейтаныс өсімдіктерге қол тигізбеу, құстарды үркітпеу, жәндіктерге қол тигізбеу, өсімдікті жұлмау, қоқысты ұстамау керектігін түсіндіреді. Мысалы: сабақ барысында педагог «Бейтаныс затты ауызға салуға бола ма? - Жоқ, өйткені, ол улы немесе лас болуы мүмкін. Бөтен иісті иіскеуге бола ма? –Жоқ, кейбір иістер улануға алып келуі мүмкін деп қорытынды жасайды. Нәтижесінде білім алушы табиғатпен қауіпсіз әрекет жасау және күнделікті өмірде (серуен, демалыс, саябақта, ауылда) де абай болу керектігін және уланған жағдайда алғашқы көмекке жүгіну керектігін біліп, ережелерді қолдануға дағдыланады. өз өмірін қорғауды үйренеді.

Ерекше білімді қажет ететін білім алушыға жекелей тапсырма беріледі. Қосымша жетелеуші сұрақтар қойылып, сурет бойынша ағаштардың әртүрлілігін салыстырып, қарапайым бақылау жүргізу ұсынылады. Ағаштардың түрі, пішіні, түсін сипаттап айту білім алушының есте сақтау қабілетін, тілдік дағдысын дамытады. Көшеде жүргенде ағаштарға абайлап жақындау, жапырақтарды жұлмау керектігі түсіндіріледі. Тапсырманы орындау білім алушының жауапкершілігін, байқампаздығын арттырады. Дәптермен жұмыс кезінде жапырақтың пішіні, түсі, симметриялық сызықтары жайлы білім алушылардың бір-біріне әңгімелеп айтуына жағдай туғызады. Бір –біріне ауызша баяндау арқылы білім алушылардың сөйлеу және тыңдау дағдысын дамытады. Зерттеудің қарапайым түрімен танысып, бақылау кезінде жапырақты ауызға салмау керектігін ескертеді. «Сезім мүшелерімен сәйкестендіру» тапсырмасы білім алушылардың танымдық және қауіпсіздік дағдыларын қатар дамытатын өте тиімді жаттығу. Мысалы: көз - найзағайды көру, құлақ - музыканы есту, мұрын – гүлдің иісін сезу, тіл - балмұздақтың дәмін сезу, қол –затты сипап сезу екені түсіндіріледі. Білім алушылар заттарды сезім мүшелері арқылы қалай зерттеу керектігін анықтап, сәйкестендіру жүргізеді. Бейтаныс нысандармен әрекет ету кезінде сақ болу қажеттігін (дәмін татып көруге және өткір иісті иіскеуге болмайтынын) түсінеді. Қауіп төндіруі мүмкін әрекеттерден бас тартуға бейімделеді. Бұл тапсырмалар арқылы білім алушылардың қоршаған ортаны дұрыс және қауіпсіз қабылдауға, зерттеу жүргізгенде жауапкершілікпен әрекет етуге үйренетіні байқалады. Педагог білім алушыларды табиғатта, үйде қауіпсіз мінез -құлықты қалыптастыруға бағыттайды.

Сабақ соңында білім алушылар зерттеуші рөлінде өз тәжірибесіне шолу жасап бақылау жасаған сәтін сұрақ қойғанын, жаңа мәлімет алғанын сипаттайды. «Мен зерттеушімін» деп айтқанда - ол өзін бақылаушы, ойланушы және қауіпсіздікке мән беретін жеке тұлға ретінде сезіне бастайды. Мен құмырсқаның жүргенін бақыладым, терезеге қарап, ағаштардың жапырақтары сарғайып түскенін көрдім. Мен ағаштардың жапырақтарын жұлмау, жапырақтарды ауызға салмау керектігін түсіндім деген сынды пікірлерін ортаға салады. Бұл білім алушыға өз тәжірибесін бағалауға қауіпсіз әрекет пен зерттеушілік арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеушілік қабілетін күнделікті өмірде қолдану мақсатында үй жағдайында нені бақылауға болатындығы әңгімеленеді. Үйдегі бақылау барысында қауіпті нысандарға (электр, құралдары, ыстық

заттар, дәрі –дәрмек өткір заттар) жақындамау керектігі ескертіледі. Ата-анамен бірігіп орындауға бағыттайды.

Қорыта келгенде, білім алушылар табиғат заттарын (өсімдік, жануар, ауа райы, дыбыс, иіс, т.б.) танып білудің түрлі әдістерімен танысады. Олар табиғатты бақылау, сезім мүшелері арқылы тану, сұрақ қою, тәжірибе жасау сияқты зерттеу әрекеттерін орындау арқылы заттардың қасиетін ажыратып үйренеді. Сабақтағы барлық тапсырмалар (бейнебақылау, мектеп ауласындағы серуен, заттарды сезім мүшелерімен сәйкестендіру, суретпен жұмыс, әңгімелеу, үй тапсырмасы және рефлексия) арқылы білім алушылар: қоршаған ортаны бақылаудың қарапайым дағдыларын дамытып, табиғаттағы нысандарды сезім мүшелері арқылы зерттеуге төселеді. Табиғи нысандармен әрекет еткенде қауіпсіздік ережесін сақтау қажеттігін түсінеді. «Мен зерттеушімін» деген ойды санасында бекітеді.

Бастауыш сынып білім алушылары үшін табиғат заттарын танып білу- бұл өздерінің айналасындағы заттармен жақын танысу, бақылау және қызығушылықпен зерттеу процесі. Айналадағы заттарға бақылау жасау арқылы білім алушы қауіпсіздік мәдениетін меңгере бастайды. Бұл - өмір қауіпсіздігіне үйретудің бастамасы. Табиғатты зерттеу- өте қызық! Біз оны көзбен көріп, құлақпен естіп, мұрынмен иіскеп, қолмен ұстап танимыз. Күнделікті көріп жүрген табиғат заттарына бақылау жасау білім алушының қоршаған ортамен саналы әрекеттесуіне, қауіп - қатерді ажырата білуіне, қауіпсіз мінез – құлық дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік береді. Нәтижесінде, өмір қауіпсіздігін сақтауға бағытталған алғашқы әрекеттерді жоспарлап, қауіптің алдын алуды (үлкенге айту, шетке кету, жедел жәрдем шақыру) үйренеді. Олай болса, әрдайым қауіпсіздік ережесін естен шығармауымыз керек!

Бөлім:		Өсімдік		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):				
Күні:				
Сынып: 2-сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		№4 сабақ. Өсімдіктердің негізгі бөліктерінің қызметтері		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		2.2.1.3.- өсімдіктердің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау; 2.1.2.4.-бақылау жүргізудің жоспарын құру. 2.1.2.7.-эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру.		
Сабақтың мақсаты:		Өсімдіктердің негізгі бөліктері қандай қызмет атқаратынын біледі. Бақылау жүргізудің жоспарын құрады.		
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Психологиялық ахуал «Гүл теру» ойыны Бірге ойлаймыз Білім алушылармен бірге сабақ мақсаттарын тұжырымдау.	Білім алушылар Амандасады, жақсы тілектер айтады. Тақырыпты ашады, өз ойларын ортаға салады.	Мақтап, мадақтап отыру Күндей күлімде	гүл шоқтары

Сабақтың ортасы	– Қалай ойлайсыңдар, бүгін сабақта біз не туралы айтамыз? (ұсынылған суреттер бойынша) «ББҮ» кестесін құру Өткен білімді қайталау сұрақтары: 1.Қай мезгілде өсімдіктердің жапырағы қурап, жерге түседі? 2..Өсімдіктерді қалай қорғайсыңдар? Өсімдіктерді рұқсатсыз жұлға бола ма? 3.Өсімдіктерді иіскеу дұрыс па? Дәлелде Жаңа тақырып 1-тапсырма. Жауап бер Суреттерден өсімдіктің қай бөліктерін көріп тұрсың? Қалай ойлайсың, бұл бөліктер өсімдіктің тіршілігі үшін маңызды ма? Суреттерде өсімдіктің қайсы бөліктері берілмеген 2-тапсырма Топтық жұмыс Постер қорғау. (жоспар бойынша оқулықта) I топ. Өсімдіктердің тіршілігіне қажетті қоректік заттар қай бөліктерінде түзіледі? (суреттерді құрастыру арқылы көрсетеді) II топ. Өсімдіктің сабағы қандай қызмет атқарады? 3-топ. Гүлдемеймін өсімдіктер бола ма? Қорытынды жасаңдар 4-тапсырма. «Зерттеуші» айдары. Жұптық жұмыс Тәжірибе жасап көр. Бидай не үрмебұршақтың дәнін ыдыстағы дымқыл мақтаның немесе дәкенің	ББҮ кестесін түзеді Сұрақтарға жауап береді Жеке жұмыс жасайды Постер қорғайды Постер қорғайды Білім алушылар жасайды Өсімдік бөліктерінің суретін салады. Негізгі бөліктерінің атауын жазады. Кері байланыс жасайды. Өз ойларын, пікірлерін білдіреді	Жұлдызда й жарқыра! Дескриптор: Сурет бойынша бүгінгі тақырыпты болжайды . 16 ҚБ: « Грек жаңғағы» әдісі Тамаша жұмыс! Дескриптор: Сурет бойынша өсімдік бөліктерінің тіршілік үшін маңызын атай алады-16 Иллюстрациялар және оқулықтағы сұрақтар бойынша жұмыс істейді-16 Дескриптор: Топпен ұжымдаса отырып, берілген тапсырманы	Слайд, оқулық Кесте Оқулық https://youtu.be/aZzaFrrqOjE?si=5j-6d98wXDZOa_fV Жұмыс дәптері Қимыл дар Тәжірибеге арналған заттар Оқулық Тұқым , дәке
Сергіту сәті				

Сабақтың соңы	бетіне қойып, олардың құрғап қалмауын қадағала. 1–2 күн өткеннен кейін тұқым бөрттіп, қабықшасы жарылады да, алдымен тамырша, одан соң кішкентай сабақшасы көрінеді. Өсімдіктердің өсуін қимылмен бейнелеу ЕБҚ. Өсімдік бөліктерінің суретін сал. Оларды түсіндір. Негізгі бөліктерінің атауын жаз. Тамыр, сабақ, жапырақ, гүл, жеміс.		орындайды-16. Өсімдіктің тіршілігі үшін маңызды бөліктері нақты көрсете алады-16. Керемет! Дескриптор: Білім алушылар жүргізген тәжірибе жұмыстары бойынша сұрақтарға нақты жауап бере алады-16. Жұбымен өсімдіктердің қандай қызметтер атқаратынын айта алады-16.	3 құмыра. Кері байланыс тақтасы.
Рефлексия	ТЕЗТАР ойыны. Жемістердің жарты бөлігінің суреті көрсетіледі. Берілген жеміс түрін анықтайды, олардың құрғақ немесе шырынды екенін айтулары керек.. «Үш құмыра» әдісі. Білетінім-мен бұрын өсімдіктер туралы не білетін едім. Үйренгенім –бүгін сабақтан не үйрендім? Көңілімде қалғаны-мені не таңғалдырды?			

Педагог сабақты бастамас бұрын тиімді әдістің бірі «Гүл теру» эмоционалды фонды көтеру мақсатында білім алушылардың сабаққа ынтасын арттырады. Таратылған гүл шоқтары арқылы білім алушылар бір-біріне жақсы тілектер айтып, көңіл күйлерін көтереді. Мұндай жылы қарым-қатынас білім алушының эмоционалдық дамуына оң әсер етеді. Өзін қауіпсіз әрі маңызды сезінуіне мүмкіндік береді.

«Бірге ойлаймыз» әдісін қолдану арқылы білім алушылармен бірігіп сабақ мақсатын тұжырымдау – олардың сабаққа белсенділігі мен қызығушылығын арттырады. ББҮ кестесін пайдалану кезінде өткен білімді еске түсіріп, жаңа білімді меңгеруге жол ашады. Өсімдік бөліктерін атау, маңызын анықтау тапсырмалары білім алушылардың жеке ойлау, талдау және тұжырым жасау қабілеттерін дамытуға бағытталады.

Жаңа сабақтың тақырыбын өздері табуға тырысады. Тақырыпқа логикалық түрде кіру, мотивацияны ояту, білім алушыларды белсенді ойлауға жетелеу орын

алады. Сабақтың бастапқы кезеңінде топқа бөліну, постер қорғау – ұжымдық жұмыс, ынтымақтастық, функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Жаңа сабақты түсінгеннен кейін постер қорғау және оны топта қорғау тапсырмасы ұсынылады. Топқа берілген тапсырмаларды «өсімдіктердің тіршілігіне қажетті қоректік заттар қай бөліктерінде түзіледі? «Өсімдіктің сабағы қандай қызмет атқарады?» сынды тақырыпқа сай сұрақтар қойылып, білім алушылардың өмірін және айналасындағылардың қауіпсіздігін сақтауға бағыттайды. Білім алушыларды сұрақтарға нақты, дәлелді жауап беруге, қорытынды жасауға, өз көзқарасын дәлелдеуге үйретеді.

Педагог сабақта зерттеу жұмысын жүргізу арқылы білім алушының өз бетінше бақылау жасай алу қабілетін арттыруға, ғылыми сауаттылықты дамытуға жол ашады. Бидай не үрмебұршақтың дәнін ыдыстағы дымқыл мақтаның немесе дәкенің бетіне қойып, олардың құрғап қалмауын қадағала. 1–2 күн өткеннен кейін тұқым бөрітіп, қабықшасы жарылады да, алдымен тамыршыдан соң кішкентай сабақшасы көрінетіндігін түсіндіреді. Жасалған зерттеу жұмысынан кейін төмендегідей сұрақтар қойылып талданады. Бұл өсімдіктен қандай тағам дайындалады? Бұл тағам адам денсаулығына пайдалы ма? Ол қандай дәрумендерге бай? деген сынды сұрақтар қоя отырып, білім алушылардың дұрыс тамақтану туралы түсінігін кеңейтуге, тағамның пайдасын бағалауға және өз денсаулығына саналы түрде қарауға бағытталған ойлау дағдылары қарастырылады.

Ерекше білімді қажет ететін білім алушыға жекелей тапсырма ұсынылады. Кесте, суреттер беріледі. Қосымша жетелеуші сұрақтар қойылады. Өсімдік бөліктерінің суретін сал. Оларды түсіндір. Негізгі бөліктерінің атауын жаз. Тапсырманы орындау білім алушының өзіне деген сенімділігін оятады. Білім алушыға өсімдіктің суретін ұсыну өсімдік бөліктерін табуға жеңілдік туғызады.


Teztap ойынын қолдану арқылы жемістердің жарты бөлігінің суреті ұсынылады.. Білім алушылар берілген жеміс түрін анықтайды, олардың құрғақ немесе шырынды екенін ажыратуды үйренеді. Бұл тапсырма білім алушылардың тағамдарды тану қабілетін дамытып қана қоймай, олардың тағамдық құндылығын түсінуіне ықпал етеді. Дұрыс тамақтану арқылы білім алушылар өздерін түрлі аурулардан, әсіресе тағамнан болатын уланулар мен реакциялардан қорғай алады. Дұрыс және дұрыс емес тамақтану арасындағы айырмашылықты түсінуіне көмектеседі. Өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға, қауіп қатерлердің алдын алуға және саналы өмір салтын ұстануға үйренеді. Сергіту сәті бастауышта міндетті кезең екені ескеріліп, қимыл қозғалыс арқылы жүргізеді. Сабақтың мазмұнымен байланыстырып өткізу – білім алушының жаңа білімді жеңіл қабылдауына ықпал етеді. Өсімдіктердің өсуін қимылмен бейнелеу кезінде білім алушылардың қиялы дамиды және әрі сабаққа эмоционалды көзқарасын қалыптастыра алады. Сабақ соңында қолданылған «Үш құмыра» рефлексиясы білім алушының ой үдерісінің кезеңдерін түсінуге, алған білімін жүйелеуге мета танымдық қабілетін дамытады. Білетінім- мен бұрын өсімдіктер туралы не білетін едім. Үйренгенім – бүгін сабақтан не үйрендім? Көңілімде

қалғаны - мені не таңғалдырды? Осы сұрақтарға жауап іздей отырып, білім алушы бұрынғы және жаңа білімін салыстырады.

Қорыта келгенде, білім алушылар өсімдіктердің негізгі бөліктері қандай қызмет атқаратынын меңгереді, олардың өзара байланысын түсінеді. Сонымен қатар, бақылау жүргізудің жоспарын құрып, қарапайым зерттеу жұмыстары арқылы тәжірибе жасау дағдыларын дамытады. Бұл білім алушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, зерттеуші ретінде қалыптастырудың алғашқы қадамы. Сабақ барысында алынған білімдерін күнделікті өмірмен байланыстырып отырып, өсімдіктерге ұқыпты қарау, рұқсатсыз жұлмау, улы өсімдіктерден сақтану сияқты өмір қауіпсіздігі ережелерін есте сақтауға баулиды.

Табиғатты құрметтеу мен қамқорлық көрсету – әрбір баланың азаматтық міндеті екенін осы сабақ арқылы тағы бір мәрте санасына сіңіреді.

Бөлім:		Мен зерттеушімін		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):				
Күні:				
Сынып: 3 сынып		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Тыныс алу мүшелері		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		3.2.3.1 - адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтайды.		
Сабақтың мақсаты:		Адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтап, олардың қызметін түсінеді.		
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Білім алушының іс -әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал «Көңілді шарлар» шардың ішінде стиктерде жазылған тілектерді бір –біріне оқып беру Өткен тақырыпқа шолу жасау 1.Берілген сөздердің ішінен тыныс алуға қатысты сөздерді атаңыз: мұрын, қабырға, ауатамыр, өкпе, бауыр, кеуде, жүрек, тері. Сабақ мақсатын нақтылауға бағыт беру.	1. Амандасады 2. Жағымды орта қалыптасады 3. Өткен тақырыпты еске түсіреді. Тыныс алу мүшелерін атайды (мұрын, жұтқыншақ, кеңірдек, ауатамыр, өкпе,);1б Сабақ мақсатын нақтылайды.	Бағалау «Дәрумендер»  Жарайсыздар! 	АКТ тақта, презентация

	Бүгінгі сабақта адамның ішкі ағзаларының орналасынуы туралы оқып, білімімізді кеңейтетін боламыз.																																													
Сабақтың ортасы	Жаңа сабақ Оқулықтың 40-41-беттерінде орналасқан теориялық білімді меңгеріңіз. «Сұрақтар жаңбыры» 1.Өкпе қандай мүше? Тыныс алғанда ауа өкпеге қалай жетеді? 2. Тыныстың тарылуы дегенді қалай түсінесің? Түсіндіріңіз. 3. Мұрынның тыныс алудан басқа тағы қандай қасиеті бар? . Өкпе – тыныс алу мүшесі. 2. Тыныс алудың тарылуы – адамның дем ала алмай, ауа жетпей қалуы. 3. Мұрын – ауа алдымен мұрын арқылы өтеді. Мұнда ол жылынып, тазарып, ылғалданады. «Семантикалық карта» әдісі Сөз екі ауатамырға бөлінеді ауа өкпеге келеді ауа тазарту және ылғалдандыру	Оқулықпен жұмыс жасайды, теориялық білдімді меңгереді. Сұрақтар жауап береді. Тыныс алу мүшелерінің қызметіне талдау жасайды Тыныс алу мүшелерін қалай қарғау керектігін айтады. Семантикалық картаны толтырады. Қауіпті жағдайлар мен қауіптен қорғану жолдарын сәйкестендіреді Ауызша талданады	Өз-өзін бағалау сабақта білім алушының жетістігі даму траекториясы бойынша бақыланады, кестеге белгі қойылады <table><tr><td>10</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>10</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>9</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>8</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>7</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>6</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>№</td><td></td><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td></tr></table> Дескриптор: Тыныс алу жүйесіне қатысатын мүшені атайды 1 Ауаның ағзаға қалай өтетінін сипаттайды. 16 Мұрын қуысында қалай өзгеретінін біледі 1 б	10						10						9						8						7						6						№		1	2	3	4	Оқулық  Ашық журнал  Семантикалық карта Кестелер
10																																														
10																																														
9																																														
8																																														
7																																														
6																																														
№		1	2	3	4																																									

Сабак тың соңы	газ алмасу үдерісі жүреді. Ауатамыр, өкпе кеңірдек, мұрын қуысы Қолдану, талдау, жинақтау 1. Қолды кеудеге қойып, терең тыныс алыңыз. Кеуденің қалай қозғалатынын зерделеніз. 2. Тыныс алғанда және тыныс шығарғанда қандай әрекеттер орындалады? Топтық жұмыс Тыныс алу мүшелеріне қауіпті жағдайлар мен қауіптен қорғану жолдары сәйкестендір Тапсырма: Орманда серуендеу кезінде тыныс алу мүшелеріне қандай қауіп төнуі мүмкін? Сергіту жаттығуы «Шар үрлеу» Дәптермен жұмыс Спортпен айналысқанда тыныс алу мүшелерінің қауіпсіздігі туралы 3 ереже жазу 1. Жаттығу алдында тыныс алу жолдарын жылы ұстау 2. Суықта, ашық ауада ұзақ жаттығудан сақ болу 3. Дұрыс тыныс алу техникасын сақтау Шығармашылық жұмыс Тыныс алу мүшелерінің моделін целлофаннан жасап шығару. Рефлексия «Тыныс алу» саяхаты Ауа жолы маршруты салынады. Мұрын –	Орындарынан тұрып қозғалады, шар үрлейді. Ереже құрастырып жазады. Тыныс алу мүшелерінің моделін целлофаннан жасап шығару. Ауа жолы маршруты арқылы сабақтан не түсінгенін дәлелдейді	өз-өзін бағалау	https://youtu.be/ibqVM3qhlK4?si=55pT4ITw10FTTSAq Ауа жолы маршруты Маркер, стикер
---------------------------	--	--	------------------------	--

	жұтқыншақ-кеңірдек —өкпе Мен не білдім? Қызықты факт Түсінбегенім			
--	---	--	--	--

«Көңілді шарлар» ойыны – сабақтың алғашқы бөлігінде білім алушылар арасында жағымды эмоциялық орта қалыптастыруға бағытталады. Білім алушылар шар ішіндегі стикердегі жазылған тілектерді бір-біріне айтып беру арқылы бір-біріне сенімін арттырады, сабаққа жағымды көңіл күймен кірісуіне ықпал етеді. Келесі тапсырмада өткен тақырыпқа шолу жасау тыныс алу жүйесіне байланысты сөздерді іріктеу арқылы өткен материалды қайта еске түсіреді. Білім алушылардың талдау және салыстыру дағдысын дамытуды көздейді.

Педагог білім алушылардың бұрынғы алған біліміне сүйене отырып, жана тақырыпқа байланыстырып өтуді тиімді жоспарлайды. Сабақта адамның ішкі ағзаларының орналасуы туралы оқып, білімімізді кеңейтетінін түсіндіреді «Сұрақтар жаңбыры» әдісі арқылы білім алушыларға сұрақтар қойылады. Жауаптары нақты мысалдармен дәлелдеу керектігі айтылады. Мысалы, «Өкпе қандай мүше?», «Тыныс алғанда ауа өкпеге қалай жетеді?».

Мұрынның тыныс алудан басқа тағы қандай қасиеті бар? сұрақтары арқылы нақты мақсатқа бағыттап ойлау, түсіну, әрекет жасау дағдыларын дамытады.

Әрі қарай семантикалық карта әдісі білім алушылар кестені толтырады.

Сөз	Екі ауатамырға бөлінеді	Ауа өкпеге келеді	Ауа тазарту және ылғалдандыру	Газ алмасу үдерісі жүреді
Ауатамыр				
Өкпе				
Кеңірдек				
Мұрын қуысы				

Кестемен жұмыс арқылы білім алушылардың ойлауын нақтылайды. Кестені қате толтырса, неге бұлай ойласың? деген сұрақпен сыни ойлауға итермелейді. Тыныс алу үдерісін практикада түсінуге, өз денесіндегі өзгерістерді зерделеуге, дене қимылы мен тыныс алуды байқауға үйретіледі. Тыныс алғанда өмір қауіпсіздігін сақтауды есте сақтау керектігі айтылады. Мысалы, үйде немесе сыныпта терезе ашып бөлмені жиі желдету керек. Ауасы ластанған, түтінді жерде немесе шаңды жерде ұзақ болмау, шаңды жерді жұмыс істегенде маска тағу керектігі ескертіледі.

Спортпен шұғылдану тыныс алуды жақсартатыны айтылады.

Қауіпті жағдайлар	Қорғану жолдары
Шаң-тозаң	Маска тағу
Бөлмедегі түтін	Терезені ашу, далаға шығу
Суық ауа райы	Ауыз емес, мұрынмен тыныстау
Жөтеліп отырған адам	Қашықтық сақтау

Бұл тапсырмада білім алушылар тыныс алу мүшелеріне қауіп төндіретін жағдайларды анықтап, сол жағдайлардан қорғану жолдарын сәйкестендіреді. Тыныс алу мүшелерінің маңызын түсінуге көмектеседі. Қауіптерді анықтап,

оларды болдырмау жолдарын ойлауға бағыттайды. Жағдаятқа байланысты дұрыс шешім қабылдау дағдысын дамытады. Бұл бастауыш сынып білім алушыларының қауіпсіз ортада өмір сүру дағдысын қалыптастырудағы маңызды қадам. Білім алушы өз әрекеттерін саналы түрде жоспарлап, денсаулығына зиян келтіретін ортадан сақтану жолдарын үйренеді. Мысалы: бөлмеде түтін болса, терезені ашу немесе сыртқа шығу; шаң көп жерде маска тағу; ауырған адамдардан алыс жүру сияқты қарапайым, бірақ, өте маңызды қауіпсіздік ережелерін меңгереді. Бұл күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдайларда дұрыс әрекет етуге дайын болуға тәрбиелейді.

Орманда серуендеу кезінде тыныс алу мүшелеріне қандай қауіп төнуі мүмкін? Білім алушыларға осы сұрақ төңірегінде ой қозғауға тапсырма ұсынуға болады. Бұл қоршаған ортадағы қауіптерді бағалауға және өзін қауіпсіз ұстауға үйрететін өте маңызды тапсырма. Орманда серуендеу кезінде болатын түрлі жағдайларды (мысалы; өсімдік тозаңы, түтін, тұман, улы өсімдіктер, аллергия қоздыратын заттар) қарастыра отырып, тыныс алу жүйесінің осал екенін және қорғау қажеттігін жете түсінетін болады. Білім алушылар осындай тапсырмалар арқылы қауіпсіз серуендеуді алдын ала жоспарлауды, қауіп төнген жағдайда дұрыс әрекет етуді, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды, тыныс алу мүшелерін қорғау қажеттігін түсінеді. Келесі тапсырмада денсаулығына саналы түрде жауапкершілікпен қарауға және спортпен айналысу кезінде тыныс алу мүшелерін қалай қорғау керектігін түсінуге бағыттайды. Жаттығу кезіндегі қауіптерді болжай білуге, тыныс алу мүшелеріне зақым келтірмейтін қауіпсіз әрекеттерді жоспарлауға, дұрыс тыныс алу техникасының маңызын түсінуге үйренеді. Мысалы әр ереженің мәні:

1. Жаттығу алдында тыныс алу жолдарын жылы ұстау. Бұл тыныс алу жолдарын суық ауадан қорғауға көмектеседі. Суық ауа тыныс алу мүшелеріне тітіркендіргіш әсер етіп, ауру туғызуы мүмкін.

2. Суықта, ашық ауада ұзақ жаттығудан сақ болу. Ұзақ жаттығу кезінде суық ауа өкпеге теріс әсер етеді. Бұл ереже сыртқы ортадағы тәуекелді бағалау және өзін қорғау дағдысын дамытады.

3. Дұрыс тыныс алу техникасын сақтау. Физикалық белсенділік кезінде дұрыс тыныс алу жүрек пен өкпенің жұмысын жақсартады, шаршауды азайтады. Бұл білім алушыларға ағза қызметінің үйлесімділігін түсінуге көмектеседі. Спортпен айналысқанда тыныс алу мүшелерін қорғау күнделікті өмірде қолдануға болатын өмір қауіпсіздік ережелерінің бастамасы. Білім алушы бұл білімді өмір бойы қолдана алады.

Сергіту жаттығуында шарды үрлеп, тыныс алу үдерісін дене арқылы сезінуге жаттығу жасайды. Педагог шарды үрлеуді бақылап, ауа қозғалысын және білім алушының өз денесімен жұмыс істеуге үйретеді. «Шар неге үлкейді?», «Қандай бұлшық еттер жұмыс істеді?» деген сұрақтар туындайды.

1. «Шар неге үлкейді?» – өкпе арқылы шыққан ауа көлемін және қысымын үлкейтеді.

2. «Қандай бұлшық еттер жұмыс істеді?» – білім алушылар дене мүшелерінің байланысын түсінуге көмектеседі.

3. «Ауа болмаса не болар еді?» – тыныс алудың өмір үшін маңызын түсінеді.

Білім алушылар таным, бақылау және зерттеу элементтерін жүргізеді. Нәтижесінде зерттеу мен ойлау дағдылары жетіледі.

Сабақ соңында шығармашылық жұмысқа тыныс алу мүшелерінің моделін жасау ұсынылады. Білім алушылар тыныс алу мүшелерінің моделін жасау арқылы тыныс алу мүшелерінің құрылымы мен қызметін терең түсінеді. Бұл шығармашылық тапсырма теориямен мен практиканы ұштастырып, білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, модель жасау білім алушылардың қолмен жұмыс жасау топпен әрекеттесу, логикалық және кеңістік ойлау қабілеттерін дамытады. Өмір қауіпсіздік негіздері бойынша, тыныс алу мүшелерінің маңызын түсіну адам денсаулығын сақтау жолындағы алғашқы қадамдардың бірі. Бұл тапсырма арқылы білім алушылар тыныс алу мүшелерінің дұрыс жұмыс істеуінің өмір үшін маңызын түсінеді, зиянды әдеттердің тыныс алу жүйесіне кері әсері туралы ақпарат алады. Мұндай түсінік олардың жеке денсаулығына жауапкершілікпен қарауына және қауіпсіз өмір салтын ұстануына ықпал етеді.

Пластикалық бөтелкені қиып, ішіне екі шар ілу – бұл өкпе болады.

Шарларды түтік арқылы жалғау – бұл кеңірдек.

Бөтелкенің түбін целлофанмен жабу – бұл диаграмма.

Целлофанды жоғары төмен тартқанда шарлар ішке сыртқа ауа тарататындай болу керек. Міне, осы модель арқылы педагог білім алушылардың қолмен жасап көзбен көру арқылы тыныс алу жүйесін жақсы түсінуіне ықпал етеді.

Ауа жолы маршруты арқылы (мұрын – жұтқыншақ – көмей – кеңірдек – ауатамыр – өкпе) рефлексия жүргізіледі.

Қорыта келгенде, тыныс алу мүшелері – денеміздің ең маңызды бөлігі. Тыныс алу жүйесін қорғау – тек жеке денсаулықты сақтау ғана емес, өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолы. Әр білім алушы ауа тазалығына мән беріп, тыныс алу мүшелерін күту арқылы саналы және қауіпсіз өмір салтына бір қадам жақындайды. Тыныс алу жүйесін қорғау – өмір қауіпсіздігінің бір бөлігі. Білім алушылар бұл процесті сызба түрінде бейнелеу арқылы тыныс алу жүйесінің жұмысын жақсырақ түсінеді. Сонымен қатар таза ауада серуендеу, шаң-тозаңнан, зиянды заттардан аулақ болу сияқты әрекеттер – саналы мінез құлықты жоспарлаудың бір бөлігі болып табылады. Қоршаған ортаның тазалығына назар аудару, қоғамдық орындарды қауіпсіз жүріп- тұру, тыныс алу мүшелерін қорғау жолдарын алдын ала ойластырып, жоспарлай білу өте маңызды. Сондықтан білім алушыларға айналаны бақылап, тыныс алу жүйесіне зиян келтіретін жағдайларды алдын ала болжай білу үйретіледі.

Өміріміздің қауіпсіздігі үшін біз тыныс алу мүшелерін қорғауымыз керек. Мысалы:

- Таза ауада серуендеу;
- Темекі мен түтіннен аулақ болу;
- Ауасы ластанған жерде маска кию;

- Суықтан сақтану.

Өз тыныс алу жүйемізді күту – өз денсаулығымызды сақтау керек екенін есте сақтауымыз керек. Сонымен бірге, мұндай білім дағдылар білім алушыларға қауіптің алдын алу жолдарын түсінуге өз әрекетін жоспарлай отырып, қоршаған орта мен ағза арасындағы байланысты тереңірек ұғуға мүмкіндік береді.

Бөлім:		Мен зерттеушімін		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):				
Күні:				
Сынып: 4 сынып		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		№41 сабақ. Электр тогын қандай денелер өткізеді?		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		4.1.1.1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау 4.5.4.1 түрлі материалдардың жылу өткізгіштігін зерттеу		
Сабақтың мақсаты:		Электр тогын өткізетін және өткізбейтін заттармен танысады, Түрлі материалдардың электр тогын өткізуін зерттейді		
Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Білім алушының іс - әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Сабаққа дайындық Психологиялық ахуал Күн шуағы тренингі Үй тапсырмасы Электр зарядын жақсы өткізетін заттардың тізімін жасап келу	Күн шуағы арқылы бір-біріне тілектер айтады.	Мақтау, мадақтау арқылы тиімді кері байланыс беру	Суреттер
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырып Педагогтің түсіндірмесі ФС-Тапсырма Жедел сұрақтар. 1.Электр тогы деген не? 2.Неліктен электр зарядтары тізбек бойымен қозғалады? 3. Электрик қандай киімдер таңдайды? ЕБҚ: Электрөткізгіштер мен электр оқшаулағыштар туралы айт Тәжірибе 1.Екі полиэтилен пленканы аламыз, партаның үстіне (бір-	Күміс металы Алюминий Сұрақтарға жауап береді Тәжірибе жасайды Заттарды екі топқа бөліп, қасиеттерін атайды	Жарайсыңдар! Дескриптор: Электр туралы өз ойларын жеткізеді-16 Электр өткізбейтін заттарды	Балалардың жұмысы Тәжірибеге қажетті заттар Суреттер

Сабақтың соңы	біріне параллель) орналастырамыз, олардың үстінен бір рет қолымызбен сипаймыз. Пленкаларды ұшынан ұстап көтереміз, арасын алшақ ұстаймыз және жайлап жақындатамыз да, олардың арасындағы құбылысты байқаймыз. Тапсырма Зертте Берілген заттармен жұмыс істеу кезінде жарақат алу қаупі бар ма, жоқ па ? (мыс сым, пластик қасық, темір шеге, ағаш таяқша) Дәптермен жұмыс Электр тоғымен жұмыс кезіндегі 5 қауіпсіздік ережесін жаз Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы өз ойларын жазады	Заттармен жұмыс істеу кезінде қауіп бар ма? Кестені толтырады, дәлел келтіреді Ереже құрастырып жазады. Кері байланыс жасайды	электрикке таңдасады-1б	Зерттеу жұмысына қажетті заттар Кері байланыс парағы
Рефлексия 5 мин				

Педагог ұйымдастыру кезінде білім алушылардың бір-біріне жылы сөз айту арқылы жағымды психологиялық ахуал қалыптастырады. Білім алушылар арасында достық, қамқорлық, жауапкершілік сезімін дамыту – бұл да эмоциялық қауіпсіз ортаның бір бөлігі. Бұл тренинг өзара сыйластықты қалыптастырып, бірін-бірі тыңдау, көмектесу дағдыларын дамытады. Электр зарядын жақсы өткізетін заттардың тізімін жасап келу тапсырмасын беру кезінде педагог төмендегі ережелерді нақтылап түсіндіру қажет:

- Үйде тоққа қосылған құрылғыларды тек ересектердің рұқсатымен қолдану;

- Жалаңаш сыммен жұмыс істемеу;

- Ылғал қолмен электр құралдарын ұстамау.

Бұл тапсырма арқылы білім алушылар тек материалдың қасиетін зерттеп қана қоймай, онымен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін меңгереді. Саналы әрекет пен өмір қауіпсіздігі арасындағы байланыс қалыптасады.

Педагог жаңа тақырыпты білім алушыларға түсіндіру кезінде электр тоғының адам өміріне тигізетін әсерін, сонымен қатар қалай жарақатқа әкеліп соғатынын түсіндіре отырып, қауіптің алдын алу және өз әрекетін дұрыс жоспарлау дағдысын дамытады. Атап айтсақ, тоқ жүретін заттарға абайсызда қол тигізудің салдары (тоқ соғуы, күйік), өмірде кездесетін мысалдар: ашық сым,

суға түскен құрылғы. Әрі қарай жедел сұрақтар қою арқылы тапсырма жүргізіледі. Бұл білім алушының білімін тексеру үшін ғана емес, қауіпсіз әрекет туралы ойланту үшін маңызды болады.

1. Электр тогы деген не?

2. Неліктен электр зарядтары тізбек бойымен қозғалады?

3. Электрик қандай киімдер тандайды?

Үшінші сұрақ қауіпсіз құралдарын тануға, қорғау құралдарын ажыратуға үйрететін сұрақ.

- Резеңке қолғап – тоқ өткізбейді.

- Арнайы киім – денені тоқ соғудан қорғайды.

- Арнайы аяқ – киім жермен тұйықталудан сақтайды.

Бұл тапсырма арқылы білім алушы жауапты әрекетке үйренуге, қорғану жолдарын тануына сеп болады.

Ерекше білімді қажет ететін білім алушыға жекелей тапсырма ұсынылады. Қосымша жетелеуші сұрақтар қойылады. Электрөткізгіштер мен электр оқшаулағыштар туралы білу не үшін маңызды? Себебі. Электр өткізгіштерге абай болу керек, себебі тоқ соғуы мүмкін. Электр оқшаулағыштар адамды тоқтан қорғайды. Тапсырманы кестемен ұсынуға болады. Қауіпсіздік ережелерін еске түсіру.

Білғал қолмен электр құралын ұстама.

Жалаңаш сымға жолама. Егер сым үзілген болса педагогке / ата-анаға хабарла.

Педагог сабақ барысында электр заряды пайда болғанда денелердің бір-біріне әсер етуін бақылау мақсатында тәжірибе жүргізеді. Қажетті құралдар: 2 полиэтилен пленка, тегіс үстел немесе парта, құрғақ қол.

Тәжірибе жүргізу барысы:

1. Екі полиэтилен пленканы алыңыз. Екі парақты бір-біріне параллель етіп, парта үстіне қойыңыз.

2. Әр пленканың үстінен қолыңызбен бір рет сипап шығыңыз. Қол құрғақ болуы керек.

3. Пленкаларды ұшынан ақырын ұстап, жоғары көтеріңіз. Екі пленканы да жоғары көтеріп, арасын біршама алшақ ұстаңыз.

4. Пленкаларды бір-біріне ақырын жақындатыңыз. Қандай құбылыс байқалатынын мұқият қадағалаңыз.

Білім алушылар тәжірибе нәтижесінде пленкалар бір-бірінен итерлетінін, бір-біріне жақындамай, керісінше, алыстап кететінін біледі. Қолмен сұрткеннен кейін пленкалар электрленеді, яғни оларда электр заряды пайда болады. Бірдей зарядтар тебіледі, керісінше зарядтар тартылады деген қорытындыға келеді.

Бұл тәжірибе арқылы білім алушылар электрленудің қалай пайда болатынын және зарядтардың өзара әсер ету заңдылықтарын қарапайым түрде түсінеді. Сонымен қатар, олар электрлік қауіпсіздік негіздеріне сәйкес әрекет етуді үйренеді.

Берілген заттармен (мыс сымы, пластик қасық, темір шеге, ағаш таяқша) жұмыс істеу барысында жарақат алу қаупінің бар-жоғын анықтау үшін кестемен жұмыс жүргізіледі.

Зат атауы	Электр өткізеді ме?	Жарақат алу қаупі бар ма?	Себебі мен түсіндірме
Мыс сым	Иә	Бар	Егер жалаңаш болса, тоқ соғуы мүмкін. Қол тигенде қауіп төнеді
Пластик қасық	Жоқ	Жоқ	Электр өткізбейді. Қауіпсіз зат. Жарақат қаупі жоқ
Темір шеге	Иә	Бар	Металл болғандықтан тоқты өткізеді. Егер тоқ көзіне тисе-қауіпті
Ағаш таяқша	Жоқ	Жоқ	Ағаш-электр оқшаулағыш. Қалыпты жағдайда қауіпсіз

Заттармен жұмыс істеу алдында олардың электр тоғын өткізетін-өткізбейтінін анықтау өте маңызды. Білім алушыларға жарақаттанудың себептерін зерттеу, алдын алу шараларын ұсыну, өз қауіпсіздігін жоспарлау керектігі түсіндіріледі.

Нені ескеру керек? Қауіпсіздік ережесін құрастырып жазу ұсынылады. Зерттелген заттардан жарақат алу қаупі әртүрлі деңгейде. Мысалы: мыс сым мен темір шеге өткір және қатты материалдан жасалғандықтан, қолдану кезінде абай болу керек. Бұл заттар теріні кесіп, не тесіп жіберуі мүмкін. Ал темір шегеде тіпті тот болса, инфекция қаупін тудырады.. Пластик қасық – қауіпсіз жұмсақ әрі күнделікті өмірде жиі қолданылатын зат. Оның өткір қыры болмағандықтан, жарақат алу қаупі жоқ. Ал ағаш таяқша сырттай қауіпсіз көрінгенімен егер сынса-жарықшақтары теріге кіріп кетуі мүмкін. Білім алушыларға жұмыс істегенде қолғап киюлері керек екені және қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі ескертіледі. Электр тоғымен жұмыс кезіндегі 5 қауіпсіздік ережесін құрып жазу тапсырмасын орындауда білім алушылар электр құралдарымен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін меңгереді. Электр тоғы – адам өміріне аса қауіпті физикалық құбылыстардың бірі. Сондықтан, мектеп жасындағы білім алушыларға оның қауіптілігін түсіндіру және қорғану жолдарын үйрету маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Тапсырманы орындау барысында білім алушылар электр құралдарымен жұмыс істеу кезінде қандай ережелерді сақтау керектігін үйренеді. Мысалы, олар ток көзімен жұмыс істегенде құрғақ қолды пайдалану, зақымдалған сымдардан аулақ болу, арнайы оқшауланған құралдарды қолдану, токтан ажыратылған кезде ғана құрылғыларды жөндеу секілді нақты қауіпсіздік ережелерін меңгереді.

Сонымен қатар, бұл тапсырма білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін, жауапкершілік сезімін, тәжірибелік дағдыларын, және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Олар нақты өмірде туындауы мүмкін қауіп-қатерлерді ой елегінен өткізіп, алдын ала қорғану жолдарын қарастырады. Тапсырманың маңыздылығы тек теориялық біліммен шектелмей, оны күнделікті өмірде қолдана алуға үйретуінде. Яғни, бұл тапсырма өмірмен тығыз байланысты, практикалық мәні жоғары. Сабақ соңында «Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі арқылы білім алушылар өз ойларын, пікірлерін ортаға салады. Мысалы:

-Мен үшін ең маңызды ереже...(бұл сыммен жұмыс істеу кезінде тоқ көзін ажырату);

- Енді мен электр құрылғысын қолданғанда ... (міндетті түрде қолымның құрғақ екеніне көз жеткіземін);

-Бұл тақырыптың маңыздылығы ...(өйткені, ол біздің өмірімізді сақтай алады деген өз тәжірибесіне және болашақ әрекеттеріне қатысты ой түйеді, өз ойын тұжырымдап үйренеді). Педагогке білім алушының сабақты қаншалықты түсінгенін білуге көмектеседі.

Қорыта келгенде, білім алушылар электр тоғының қауіпті екенін түсініп, одан қорғана білу дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар оларда қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдысы қалыптасып, өмірге деген жауапкершілік артады. Мұндай тапсырмалар тұлғаның қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Жаратылыстану пәні бастауыш сыныпта білім алушылардың дүниетанымын қалыптастырумен қатар өмір қауіпсіздігінің негіздерін меңгертуге бағытталады [9]. Пән мазмұны арқылы білім алушылар күнделікті өмірдегі қауіптерді танып, одан сақтану жолдарын үйренеді. Бұл дағдылар әр сынып деңгейінде күрделене түседі. Білім алушыларға алғашқы сыныпта жеке бас гигиенасы мен қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін меңгерте отырып, табиғатты бақылау арқылы өз ортасындағы қауіптерді ажырата бастайды. Сонымен қатар зерттеушілік бағыттағы тапсырмалар білім алушыларды бақылау, тәжірибе жасау, қорытынды шығару сияқты белсенді әрекеттерге тарта отырып, қауіпсіздік туралы білімдерін нақты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді. «Өсімдіктердің негізгі бөліктері» тақырыбы бойынша білім алушылар улы өсімдіктерден сақтану, өсімдікті рұқсатсыз жұлмау; серуен, саяхат немесе бақылау кезінде өсімдіктермен әрекеттесудің қауіпсіз жолдарын меңгереді.

«Мен зерттеушімін» тақырыбында қарапайым зерттеу жүргізіп, бақылау мен тәжірибе барысында қауіпсіздік ережелерін және қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелерін сақтауды үйренеді. «Тыныс алу мүшелері» тақырыбын түсіндіру кезінде берілген тапсырмалар таза ауа маңызын түсіну, тыныс жолын қорғау; табиғи ортадағы қауіптерді анықтау және спорт түрлерімен байланысты қауіптерді бағалауға қатысты денсаулығына саналы түрде жауапкершілікпен қарауға және спортпен айналысу кезінде тыныс алу мүшелерін қалай қорғау керектігін түсінуге бағыттайды. Жаттығу кезіндегі қауіптерді болжай білуге, тыныс алу мүшелеріне зақым келтірмейтін қауіпсіз әрекеттерді жоспарлауға, дұрыс тыныс алу техникасының маңызын түсінуге үйренеді. «Электр тогын қандай денелер өткізеді?» тақырыбы жаратылыстану пәнімен шектелмей білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға зор мүмкіндік береді. Тұрмыстық құралдарды дұрыс пайдалану және тоқтан болатын қауіптің алдын алу; жарақат алу себептерін анықтау, алдын алу шараларын өздері ұсыну арқылы жауапкершілікке үйренеді. Бұл білімдер жасанды ортадағы (үй, мектеп) қауіп көздерін ажыратып, сол ортада өз әрекетін дұрыс жоспарлай білу дағдысын қалыптастырады.

Қорыта келгенде, жаратылыстану пәні – білім алушылардың қоршаған ортаны танумен қатар, өзін-өзі қорғауға, өмірде қауіпсіздік ережелерін ұстануға тәрбиелейтін маңызды пән. Жаратылыстану сабақтарында білім алушылардың бақылаушылық, зерттеушілік сараптамалық дағдылары дамып, күнделікті өмірмен байланыс орнатылады. Осындай бағытты жүйелі жүргізу арқылы білім алушы бойында табиғатқа құрметпен қарау, өз өмірі мен айналасындағы адамдардың қауіпсіздігін сақтауға деген жауапкершілік қалыптасады [9].

Абай облысы бойынша білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия интернаты» КММ бастауыш сынып педагогі, педагог-зерттеуші Ахметжанова Лаззат Қазезханқызының іс-тәжірибесінен

Бөлім:		Қоршаған орта. Қазақ тілі		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Дара және күрделі етістік		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		2.4.2.5 дара және күрделі зат есім/ сын есім/ сан есім/ етістікті анықтау 2.3.3.1 оқыған ,тыңдаған және аудио визуалды материалдар бойынша педагогтің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу		
Сабақтың мақсаты		Дара және күрделі етістікті анықтайды. Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша педагогтің көмегімен жоспар құрады және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазады		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың ортасы 25мин	Жаңа сабақ ФС тапсырма 20-жаттығу Кестедегі сөздерді оқы. Сұрақтар: Дара етістік дегеніміз не? Қандай сұрақтарға жауап береді? Күрделі етістік дегеніміз ше? 4.Күрделі етістік неше сөзден тұрады?	Кестедегі сөздерді оқиды. Кестеге қарап, дара және күрделі етістіктердің ерекшелігін тауып, қорытынды жасайды Білім алушылар өз ойларын айтады: (жалын, түгін, өрт сөндірушілер т.с.с)	Дескриптор Кестедегі сөздерді оқиды-1б сұрақтарға жауап береді-1б	Кесте  Оқулық

	Етістік туралы бейнежазба көрсету. «Өрт» деген сөзді естігенде көз алдарыңа не елестейді? Педагог өрттің қалай пайда болатынын білім алушыларға түсіндіреді. Өрт дегеніміз жалын, ол тоқ көздерінен, оттан , сіріңкеден немесе газдан пайда болады. Білім алушыларға қауіпсіздік ережелерін арнайы сурет-плакаттар, видео арқылы таныстырады. 21-жаттығу QR-код Әңгімені тыңдайды. Жаралы жүрек Әсет қармақ салып, үнсіз отыр. Кенет гүрс етіп атылған мылтық дауысы оны селт еткізді. Маңайда жан жоқ. Сол кезде арғы беттен бір топ үйрек дүр етіп жоғары көтерілді. Әңгімені QR-код арқылы тыңдап, мазмұнын түсінеді. Әңгімеге құрылған жоспарды оқиды, берілген жоспарды жалғастырады. Жоспар: 1.Әсеттің қармақ салуы 2.атылған оқтың дауысы 3. жарақаттанған үйрек	Білім алушылар қауіпсіздік ережелерін қайталайды Әңгімені тыңдайды Өлеңді көшіріп жазады Мысалды оқиды <table><tr><td>Зағ атауы</td><td>Дұрыс</td><td>Қате</td></tr><tr><td>Сіріңке</td><td></td><td></td></tr><tr><td>шай</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Газ плита</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Өрт сөндіруші</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Электр сымы</td><td></td><td></td></tr></table>	Зағ атауы	Дұрыс	Қате	Сіріңке			шай			Газ плита			Өрт сөндіруші			Электр сымы			Ауызша мадақтау Сұрақ - жауап Өрт қауіпсіздігі  Дескриптор Әңгімені тыңдайды-16 Әңгіменің желісі бойынша жоспар құрады-16. Етістіктердің дара, күрделі екенін ажыратады-16  ҚБ: «пойыз» Дескриптор Етістіктерді табады-16, дара, күрделі екенін ажыратады-16. Қатесіз көшіріп жазады -16 	Өрт қауіпсіздігі тақырыбындағы суреттер Интерактивті тақта Оқулық QR-код  Оқулық Дәптер Тақта Кестесі бар карточка
Зағ атауы	Дұрыс	Қате																				
Сіріңке																						
шай																						
Газ плита																						
Өрт сөндіруші																						
Электр сымы																						

	Дара және күрделі етістіктерді ажырату. 22-жаттығу Тақтамен жұмыс Өлеңді қатесіз көшіріп жаз. Етістікті тап. Дара, күрделі екенін ажырат. Өзі мықты не деген, Жүгі қандай зор еді?! Тіп – титімдей денемен Тау көтеріп келеді ЕБҚ және ЕҚБ 23-жаттығу Мысалды оқып, әрі қарай не болғанын болжап жазады Кішкентай құмырсқа нанның қоқымын алып келе жатып, байқаусызда шұңқырға түсіп кетеді. Мұны көрген шегіртке мазақтап күледі. Осы кезде оны ... суреттерді және жалғасын пайдалана отырып, мысал құрастырып жаз; Педагог білім алушыларға сұрақтар қоя отырып кестені толтыру арқылы «Өрт қауіпсіздігі» ойынын ойнатады		Дескриптор Мысалды түсініп оқиды-1б; мәтіннің әрі қарай не болатынын болжайды-1б; дұрыс әрекет көрсетуі «иә/жоқ» - 1 б; қауіпсіз түрді көрсету-3б қатесі бар – 2б қателері бар -1б көрсете алмады -0б	
--	--	--	---	--

Педагог білім алушыларға сабақтың жаңа тақырыбы түсіндірілгеннен кейін «Өрт» деген сөзді естігенде көз алдарыңа не елестейді? Деген сұрақ қою арқылы білім алушылардағы «өрт» сөзі жайындағы білетіндерін анықтайды. Педагог өрт – қауіпті жағдай екенін түсіндіреді. Өрттің үйде, далада, мектепте немесе кез келген мәдени ошақтарда қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың әсерінен оқыстан пайда болатынын түсіндіреді. Өрт тоқтан, газ құрылғыларынан, сіріңкемен ойнаудан шығатынын видеоресурс немесе суреттер арқылы көрсетеді.

Жаттығулар орындап болған соң педагог білім алушыларға сұрақтар қоя отырып «Өрт қауіпсіздігі» ойынын ойнатады. Білім алушылар кестені толтыру керек. Бұл ойынды орындау барысында білім алушылардың өрт жайында

қауіпсіздік ережелерін қаншалықты білетінін анықтауға, олқылықтардың болмауын қадағалауға мүмкіндік береді.

1. Балақай үйде жалғыз өзі қалды, сәлден соң ол сіріңкемен ойнай бастады.

2. Балақай сабақтан келген үстелде тұрған тоқашпен қосып 1 пиала шай ішті.

3. Тамақ жылытпақшы болған балақай газ плитасын қосып, өзі аулаға ойнауға шықты.

4. Ауладағы отыннан түтін шыға бастады. Балақай дереу өрт сөндірушіге телефон соқты.

5. Жол бойында бағана басында төмен қарай үзілген тоқ сымын байқады. Ол жақынырақ келді.

Осы тапсырмаларды орындау арқылы білім алушылардың қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін байқауға болады. Тексеру үшін педагог арнайы критерийлерді пайдаланады.

Сабақ соңында педагог егер білім алушылар өрт шыққан жағдайды көріп, куә болса, бірден қорықпай, дұрыс іс-әрекет етуді үйретеді. Қауіпсіздік ережелерін сақтаудың алгоритмін жатқа айтып үйренуді қадағалайды.

1. Үлкендерге айту;

2. 101 номеріне қоңырау шалу;

3. Үйден тез шығу;

4. Жанында немесе үйде кім болғанын айтып беру.

Жауабы:

Зат атауы	Дұрыс	Қате
Сіріңке	+	
Шай		+
Газ плита	+	
Өрт сөндіруші		+
Электр сымы	+	

Сабақ соңында білім алушылардың бойында жауапкершілік, мұқияттылық сынды құндылықтар дамиды.

Пәні:		Қазақ тілі		
Бөлім:		Жақсыдан үйренемін, жаманнан жиренемін		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 3		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Э дыбысы 16-19 жаттығулар		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		3.4.1.1 э,ф,в,ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу; 3.3.1.1 жоспар/сызбаны қолдана отырып тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін салыстыра сипаттау мәтінін, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу.		
Сабақтың мақсаты:		Э дыбысы бар сөздермен танысу, сауатты жазу		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// Уақыты 30минут	Педагогтің әрекеті		Білім алушының әрекеті	Бағалау
				Ресурстар

Сабақтың басы 3 минут	Психологиялық ахуалды жақсарту Осы біздер қандаймыз? талабы биік таудаймыз. Ақылдымыз, парасаттымыз, көңілдіміз. Үлкенге ізеттіміз, Кішіге құрметтіміз, Көп оқимыз, өнерліміз!	Мақсаты: Бір-біріне құрмет сезімін ояту Амандасады	Мақтап, мадақтап отыру ҚБ: «Чупа чупс» әдісі 	Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	«Ой қозғау» әдісі Электр деген не? Күнделікті электрді қай кезде, қалай пайдаланамыз? Өткенді пысықтау Үй тапсырмасы Өз бетінше қыстырма сөздерді қосып бес сөйлем құрап кел	Білім алушылар өз ойларын айтады. Мысалдар келтіреді	«От шашу» әдісімен бағалау 	Суреттер Тақырыптық суреттер
Сабақтың ортасы 25 минут	Жаңа тақырып Мәтінді оқы. • Мәтін не туралы? • Сұрақтарға жазбаша жауап бер: 1. ЭКСПО неліктен бүкіләлемдік көрме деп аталды? 2. ЭКСПО-2017 көрмесі қайда өтті? 3. Көрменің тақырыбы қалай аталды? 1. Өйткені ЭКСПО-да бүкіл әлемнің жетістіктер көруге болады. 2. Астана қаласында өтті. 3. Болашақтың энергиясы	Үй тапсырмасын тексертеді	Дескриптор: Өз бетінше қыстырма сөздерді қосып бес сөйлем құрап келеді-1б	Жұмыс дәптері
	Ережемен жұмыс Э – дауысты дыбыс. Ол басқа тілден енген сөздерде және сөздің басында кездеседі: эфир, эскалатор, экипаж. «Электр ережелері» кластер құрастыру Ережелер:	Тапсырмаларды орындайды	Тамаша! Дескриптор: Мәтінді оқиды-1б Сұрақтарға жазбаша жауап береді-1б	Оқу құралдары
		Ережені жаттайды	Кереметсіңдер!	Ереже жазылған плакат
		Білім алушылар электр қауіпсіздігі бойынша	 Дескриптор: Берілген сөздерді қатесіз көшіріп жазады-1б Жұлдызша әдісімен бағалау	Постер құрастыру

Сергіту сәті 2 минут	1.Сулы қолмен электр құралын ұстауға болмайды; 2.Розетка ұяшығына бөтен заттарды салуға болмайды; 3.Электр сымдарын тартуға, бүлдіруге болмайды; 4.Электр сымы үзілсе немесе ұшқын шықса жақындауға болмайды; 5.Электр шамын өзін бұрап алушы болма; 6. Электр құралдарын суға жауын пайдалануға болмайды; 7. Электр құралын пайдаланған соң, сөндіріп қоюды ұмытпа 17-жаттығу. Берілген сөздерді қатесіз көшіріп жаз. Эрмитаж, эстрада, экскаватор, эстафета. ЕҚБ Өзің э дыбысы бар бірнеше мысал айт. Сол сөздердегі э дыбысын е дыбысы бар сөздермен салыстыр Электр, эпитет, энергия, электромагнит, эвакуация, Есік, ет, егіс, ертең, ересек, ЕБҚ Мына сөздерді қатыстырып сөйлем құра. Этаж, экскаватор. Сергіту сәті  Сергіту сәті * Бір-ақтың ұшмен тұру және күлу. * Екі – қолды жоғары көтеру және соғылу. * Үш – жамырылу және керіну. * Төрт – барын қайтадан бастаймыз. * Бес – қолды белге қоямыз. * Алты – денемізді бұрамыз. * Жеті – терек пен ағамыз. * Сегіз – біз бір рет отырамыз. * Он – сабағымызды жалғастырамыз. 18-жаттығу. Көп нүктенің орнына э, е әріптерінің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз. 1. Көшеде электр шамы жарқырайды. 2. Ұшақ экипажсыз орнынан қозғалмайды.	ережелерді атайды. Жеке жұмыс жасайды Сөйлем құрайды Жаттығу жасайды Дәптермен жұмыс жасайды	Дескриптор: ЕҚБ Э дыбысы бар сөздерді мысалға келтіре алады-1б Дескриптор: ЕБҚ Э дыбысы бар сөздермен сөйлем құрай алады-1б Керемет! Дескриптор: Көп нүктенің орнына э, е әріптерінің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазады-1б Э дыбысы бар сөздердің мағынасын түсіндіреді-1б	Жұмыс дәптері Оқулық Қимылдар Суреттер
---------------------------------	---	---	--	--

Сабақты қорыту 5 минут	3. Білім алушыларға эстафета ойнау қызық болды. Э дыбысы бар сөздердің мағынасын түсіндір. Осы сөздерге дыбыстық талдау жаса. Электр-ол электр тоғы. Экипаж- ұшақтағы жолаушылар Эстафета-ол спорттық ойындар Шығармашылық үзіліс 19-жаттығу. «Шынықсаң, шымыр боласың» эстафета жарысына құттықтау сөз дайында. Ол үшін келесі беттегі сурет пен сызбаны пайдалан. құттықтаймыз шын жүректен жеңістерімен жарысқа • Құттықтау сөзі шығу үшін, шар ұстаушылардың орнын қалай өзгерткен дұрыс? • Шарлардағы сөздерді пайдаланып, мына сызбаны толықтыр. кімді? құттықтаймыз немен? қалай? қатысушыларды • Суретке қара. • Құттықтау сөзі шығу үшін, шар ұстаушылардың орнын қалай өзгерткен дұрыс? Үй тапсырмасы Өзің Э дыбысы бар сөздерді пайдаланып, шағын мәтін құрастырып жаз. Кері байланыс	Тапсырмаларды орындайды Үй тапсырмасын алады Кері байланыс береді Білім алушылар рөлдік ойын арқылы диалог құрастырып, дұрыс кеңес береді	Дескриптор: «Шынықсаң, шымыр боласың» эстафета жарысына құттықтау сөз дайындайды-1б Шарлардағы сөздерді пайдаланып, сызбаны толықтырады-1б Тамаша!  «Білім поштасы» әдісі «Қауіпсіздік кеңесшісі» белгісін беру	Оқулық Суреттер Оқулық Кері байланыс тақтасы
	 «Мен кеңес беремін» диалогтік тапсырма (мақсаты: алған білімдерін тиянақтау, қауіпсіздік туралы сөйлеу дағдыларын дамыту)			

Педагог ұйымдастыру кезеңі барысында білім алушыларға «Ой қозғау» әдісі арқылы «Электр деген не? Күнделікті электрді қай кезде, қалай

пайдаланамыз?» деген сұрақтар қояды. Білім алушылар өз ойларын айтып, мысалдар келтіреді (шам, теледидар, телефон, үтік, тоңазытқыш, ноутбук, тоқ шәйнек т.с.с). Педагог жауаптарын мақұлдап, электр құралдары біздің өмірімізді жеңілдеткенін атап өтеді. Алайда, біз оларды дұрыс пайдаланбасақ, олар өмірімізге қауіп төндіретінін ескертеді.

Келесі жаңа тақырыпты түсіндіру барысында педагог білім алушыларды электр құралдарын пайдалану кезінде қандай ережелерді есте сақтау үшін «Электр ережелері» кластер құрастыру арқылы ұмытпауды үйретеді.


Ережелер:

1. Сулы қолмен электр құралын ұстауға болмайды;
2. Розетка ұяшығына бөтен заттарды салуға болмайды;
3. Электр сымдарын тартуға, бүлдіруге болмайды;
4. Электр сымы үзілсе немесе ұшқын шықса жақындауға болмайды;
5. Электр шамын өзің бұрап алушы болма;
6. Электр құралдарын суға жуып пайдалануға болмайды;

7. Электр құралын пайдаланған соң, сөндіріп қоюды ұмытпа (білім алушылар әр ережені айтқанда педагог сәйкестендіру мақсатында суреттерді көрсетеді).

Сабақты бекіту кезеңінде педагог «Мен кеңес беремін» диалогтік тапсырмасын береді. Мақсаты: алған білімдерін тиянақтау, қауіпсіздік туралы сөйлеу дағдыларын дамыту. Білім алушылар алған білімдерін тиянақтауға, өз ойларын еркін жеткізуге дағдыланады. Мысалы: «Сулы қол», «Розетка», «Сым үзілгенде», «Электр құралын сөндіру», «Үлкендердің көмегі» сияқты тақырыптарда диалог құрастыруды үйренеді. Педагог білім алушылардың бір-біріне кеңес беру дағдыларын, сөйлеу мәдениетін, сонымен қатар білім алушылардың қауіпсіздік ережелерін дұрыс пайдалануын бағалайды [19].

Пәні:	Қазақ тілі			
Бөлім:	Құндылықтар			
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	Мәтін және оның түрлері			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.3.3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу 4.3.1.1 берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу			
Сабақтың мақсаты	Мәтін түрлерін бір-бірінен ажыратады			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Сабаққа дайындық жасау			

5 минут Психологиялық ахуалды жақсарту «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б. Миға шабуыл «Жасанды интеллект» дегеніміз не? Қалай түсінеміз? Қай кезде және қайда пайдаланады? «Жасанды» деген сөзді қалай түсінеміз? Адамзат жасанды интеллектіні не үшін пайдаланады? Өткенді пысықтау 5 минут Сабақтың ортасы 22 минут Өткенді пысықтау Үй тапсырмасы 18-тапсырма. Сәйкестендіру Жасы үлкеннің алдын кеспе, сөзін бөлме- Бұл әдепсіздік Кісіге қарап есінеме- есінегенде ауызды міндетті түрде қолмен жабу керек Үлкеннің алдында ізетті бол-Бұл- үлкенге деген құрмет Малды басқа ұрма, теппе-Ырысыңнан айырласын Тақырыпты ашу «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: Мемлекеттік тілді білу	Өзі туралы айтады Білім алушылар «жасанды» сөзінің мағынасын түсіндіреді (адам жасаған, табиғи емес зат) «Интеллект»- ақыл, ойды түсіну Адамдар өз өмірін жеңілдету үшін пайдаланады. Сәйкестендіру жасайды Мәтін түрлерімен танысу Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі. Етістіктерді табады Білім алушылар өздеріне кеңестер	Мақтап, мадақтап отыру  «Бас бармақ» әдісі Дескриптор: Тыйым сөздерді біледі-16 Оларды сәйкестендірді-16 Дескриптор: Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой	суреттер Суреттер Жасанды интеллект туралы видеофильм https://youtu.be/cSHNwDWjoFE Сәйкестендіру парағы оқулық оқулық 
--	--	---	--

Сабақты қорыту 6минут Қосымша тапсырма 2минут	Мәтіннің түрлерімен танысу Мәтін ← Сипат тау ↓ Әңгіме леу → Пайым дау Жаңа тақырып 1-тапсырма Мәтіннің аты: Кішіпейілділік Мәтінді оқып, көшіріп жазады Сын есімдердің астын сызады Негізгі ойды анықтайды 2-тапсырма 20-жаттығу Мәтінді оқу. Етістіктерді табу. Кезіп, серуендеп жүріп, жұлып алып иіскейді, елестейді, толады, қысып, тұрып қалады салып алады, иіскеп, мауқын басады. Жасанды интеллект сурет салады, әңгіме құрастырады, тіпті бөтен адамның дауысын сала алады. Кейде алаяқтар жасанды интеллектіні дұрыс емес мақсатта қолдануы мүмкін. Мысалы, бөтен адам сенің ата-анаңның дауысын салып, саған телефонмен қоңырау шалуы мүмкін. Сондықтан біз әркез сақ болуымыз керек. Осындай жағдайда сіздер қандай кеңес бере аласыздар? 3-тапсырма. 21-жаттығу Мәтін түрлерін айту.	тізімін құрастыра алады Сызба бойынша білімін пысықтайды Мәтін түрлерін ажыратты Алған білімдерін пысықтайды Мысалдар келтіреді Кері байланыс жасайды Ата-анасы ғана білетін құпия сөз жаттап алу	қорыту жасай алды.-16 Тақырыпты және негізгі ойды анықтап үйренді-16 Дескриптор: Мәтінге ат қояды, негізгі ойды анықтай алды-16 Етістіктерді білді-16 «Бір тілек» әдісі Дескриптор: Мәтін түрлерін ажырата алды-16 Мысалдар келтіре алды-16 Дескриптор: Мәтін түрлеріне ажыратты-16 Дәлелдер келтіре білді-16 Дескриптор:	оқулық Арнайы суреттер Суреттер Сызба Түрлі түсті суреттері бар
---	---	---	---	--

Кері байланыс 5 минут	Әр мәтінге мысал келтіріп тақтаға жазады. 4-тапсырма. 22-жаттығу. Мәтін түрлеріне ажырату. 1. Біздің сыныпта 20 білім алушы оқиды-әңгімелеу 2. Татулығы жарасқан сынып-сипаттау 3. Неліктен сыныпты таза ұстаймыз?- пайымдау ҚЖ: Мәтін түрлеріне жоба-сызба жаса Мәтіннің түрлерін пысықтап, ойын жинақтайды Әңгімелеу Қандай да бір нәрсе туралы әңгімеленеді, хабарланады, қайда? қашан? қалай болды? Сипаттау Адамның, жан-жануарлардың, табиғаттың оқиғаның көріністері сипатталады қандай? қай? Пайымдау Құбылыстың, оқиғаның себептері туралы айтылады, түсіндіріледі; бір нәрсе жайлы дәлелденеді, неліктен?  «Қауіпсіз қоңырау» және «Қауіпті қоңырау» тақырыбында сурет салу		Мәтіннің түрлерін ажыратты-16 Мәтін түрлеріне мысал келтірді-16«Алма-гүл» әдіс «өзін өзі бағалау»	журналдар, флипчарт, желім Кері байланыс парағы
----------------------------------	--	--	--	---

Ұйымдастыру кезеңінде педагог «Миға шабуыл» әдісі арқылы іске асырылады. «Жасанды интеллект» дегеніміз не? Қалай түсінеміз? Қай кезде және қайда пайдаланады? «Жасанды» деген сөзді қалай түсінеміз? Адамзат жасанды интеллектіні не үшін пайдаланады? Деген сұрақтар қою арқылы білім алушылардан жасанды интеллект туралы білімдерін нақтылайды. Білім алушылар «жасанды» сөзінің мағынасын түсіндіреді (адам жасаған, табиғи емес зат) «Интеллект» – ақыл, ойды түсіну деген мағынан білдіреді. Адамдар өз өмірін жеңілдету үшін пайдаланады [19].

Жаңа тақырып түсіндіру барысында педагог жасанды интеллект сурет салады, әңгіме құрастырады, тіпті бөтен адамның дауысын сала алатыны атап өтеді. Кейде алаяқтар жасанды интеллектіні дұрыс емес мақсатта қолдануы мүмкін. Мысалы, бөтен адам сенің ата-анаңның дауысын салып, саған телефонмен қоңырау шалуы мүмкін. Сондықтан біз әркез сақ болуымыз керек. Осындай жағдайда сіздер қандай кеңес бере аласыздар? Білім алушылар өздеріне кеңестер тізімін құрастырады:

1. Егер телефоннан «Ата-анаңның дауысы» шығып, бірақ сөздері біртүрлі болса – сенбе;

2. Сабыр сақтау;

3. Қосымша сұрақтар қой;

4. Қайта қоңырау шал;

5. Ақша немесе жеке басыңа қатысты деректер сұраса – сенбе;

6. Ересек адамдарға айту керек;

7. Хабарлама мәтіннен есте сақтауға тырысу;

8. Телефон номерін бөтен адамға айтпау кере екенін ұмытпағандары дұрыс екенін педагог білім алушыларына қатты ескертуі керек.

Сабақ соңында «Қауіптен қорғану жолдары алгоритмін» құрау:

- құпия сөзді ата-анаңмен бірге ойлап тап;

- бейтаныс қоңырауға сенбе;

- әрқашан қоңырау туралы сенімді ересек адамға айт;

- интернет пен телефон құралдарын қауіпсіз түрде қолдануды үйрен.

Үйге «Қауіпсіз қоңырау» және «Қауіпті қоңырау» тақырыбында сурет салу және қай суреттің дұрыс екенін ажырату туралы тапсырма беріледі. Сонымен қатар ата-анасы мен баласы ғана білетін құпия сөз жаттап алу керек екенін айтылады.

Пәні:	Қазақ тілі	
Бөлім:	«Жақсыдан үйренемін, жаманнан жиренемін»	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Қыстырма сөздер 12-15 жаттығулар	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою; 3.3.6.1 кең жолды дәптер бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету;	

Сабақтың мақсаты:		Қыстырма сөздермен танысады, оларды қолдануды үйренеді		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// Уақыты 30минут	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 минут	Психологиялық ахуалды жақсарту Білім алушылар бір-біріне қарама-қарсы тұрады: -Егер сіз мектепке көтеріңкі көңілмен келсеңіз – оң қолыңызды көтеріңіз; -Егер сіз екі адамның шыншылдығын бағаласаңыз – алға адымдаңыз; -Егер сіз өз біліміңізге сенсеңіз аяғыңызды қозғаңыз; -Егер сізге Қазақ тілі пәні ұнаса – шапалақтаңыз; -Егер де сіз мемлекет болашағы біздің қолымызда деп сенсеңіз – қол ұстасыңыз	Мақсаты: Бір-біріне құрмет сезімін ояту Амандасады	Мақтап, мадақтап отыру ҚБ: «Медаль» әдісі 	Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау Үй тапсырмасы Қыстырма сөздерді жаттап кел. Ережені жатта	Үй тапсырмасын тексертеді	Дескриптор: Қыстырма сөздер туралы ережені жаттайды-1б Қыстырма сөздерді қолдана алады-1б	Суреттер Ереже жазылған плакат
Сабақтың ортасы 25 минут	Жаңа тақырып 12-жаттығу. Өлеңді мұқият тыңда. «Жақсы мен жаман» өлеңі • Өлең не туралы? ЕБҚ Өлең мазмұнын өз сөзіңмен айтып бер. Топтық жұмыс Жақсы мен жаман қылықтар туралы топта талқыла. Талқылау барысында қыстырма сөздерді пайдалан. Үлгі: Меніңше, үлкендерді сыйлау – жақсы қасиет. ӨҚН тақырыбын ашу мақсатында суреттерден қыс мезгіліндегі ойындарды	Тапсырмаларды орындайды Жеке, топтық жұмыстар жасайды 	Тамаша! Дескриптор: Өлеңді мұқият тыңдап, сұраққа жауап береді-1б Ауызша мадақтау	Оқу құралдары Тақырыптық суреттер

Сергіту сәті 2 минут	атап айту тапсырмасы беріледі. Қыста су мұзға айналады. Шұңқырлар, тоғандар, өзендер мұз қабығымен жабылады. Мұз үстінде жүгіріп сырғанау, коньки тебу, хоккей ойнау өте қызыққа толы уақыт. Бірақ бұл қауіпті екенін білесіздер ме? Себебі мұз сырттай мықты көрінгенмен, кез келген уақытта жарылып кетуі мүмкін. Осындай жағдай болмас үшін не істеу керек? ЕҚБ Өлең мазмұнын ашатын мақал тауып айт. Жақсы- суы тәтті көлмен тең, Жаман- желі қатты шөлмен тең.	Жеке жұмыс жасайды Дәптермен жұмыс жасайды Жаттығу жасайды	Жақсы мен жаман қылықтар туралы топта талқылайды-16 Кереметсіңдер! Дескриптор: Мақалды жатқа жазады-16 Мақал мағынасын түсінеді-16	Оқулық Жұмыс дәптері Қимылдар
Сабақты қорыту 5 минут	13- жаттығу Мақалды жатқа жаз. Жақсы сөз сүйіндіреді, Жаман сөз күйіндіреді. Мақалдың мағынасын түсіндір Сергіту сәті Қолды белге қояйық Басты оңға бұрайық. Басты солға бұрайық, Бір отырып, бір тұрып, Біз демалып қалайық	Білім алушылар мұздың қалыңдығын өлшеу туралы ойларын ортаға салады.	Дескриптор: Сөйлемдерге тиісті тыныс белгіні қойып, көшіріп жазады-16 Өз ойларын дәлелдей алады-16	Суреттер
Кері байланыс 5 минут	14- жаттығу. Сөйлемдерге тиісті тыныс белгіні қойып, көшіріп жаз. 1. Ол, шынында да, жақсы бала. 2. Рас, ол өте көп біледі. 3. Бұл тапсырманы орындамағансың-ау, сірә. Қандай тыныс белгісін қойдың? Неліктен? Ойынды дәлелдеуді үйрен: Бұл – қыстырма сөз, өйткені олар сөзге мағына үстеп тұр.	Дәптермен жұмыс жасайды Тапсырмаларды орындайды	Керемет! Дескриптор: Берілген жағдаяттан шығу жолын	Оқулық Оқулық

	Мұздың қалыңдығы 10 см болса – 1 адамды, ал егер – 15см болса бір топ адамды көтере алады. Біз сызғышты үнемі алып жүрмегендіктен мұздың қалыңдығын өлшеу қиынға соғады. Мұздың қалыңдығын түсіне қарап ажыратуға болатынын білесіздер ме? Қалың, мықты мұз – көгілдір немесе жасылдау болады. Егер мұз жұқа, сенімсіз болса – ақшыл немесе сарғыш түсті болады. 15-жаттығу «Жағдаят» әдісі Бауыржан түскі үзілісте асханаға барды. Адам көп екен. Кезекте тұрғандардың арасына кимелеп кіріп кетті. Кезекте тұрғандар реніш білдіріп, Бауыржанға жаратпаған кейіп танытты. Бірақ Бауыржан түк естімегендей тұра берді. Бауыржанның орнында сен болсаң, не істер едің? Жауап үлгісі: Кезекте тұрып, кезегім келгенін күтер едім. Өйткені асханада барлығы тәртіппен, кезекпен астарын алады Үй тапсырмасы Өз бетінше қыстырма сөздерді қосып бес сөйлем құрап кел Кері байланыс  Мұз жарылып кетсе өзін-өзі құтқару тәсілдері бар екенін білесіздер ме? 1. Үрейге берілме; 2. Терең тыныс ал; 3. Мұздан шығу үшін: ✓ Тез қимылдама	Үй тапсырмасын алады Кері байланыс береді Білім алушылар өз ойларымен бөліседі. Педагог пен бірге өзін – өзі құтқару ережелерін қайталап айтады	қарастырады-1б Сөйлеу барысында қыстырма сөздерді қолданады-1б  Тамаша! «WhatsApp» әдісі Жарайсындар! Тамаша!	Кері байланыс тақтасы
--	---	---	--	------------------------------

✓	Кеудеңмен мұзға еңбектеп шығуға тырыс			
✓	Алдымен бір аяқты мұз үстіне шығар			
✓	Келесі екінші аяқты шығаруға тырыс			
✓	Ойық жерден алыстағанша еңбектеп, жағаға қарай жылжу керек.			
	4. Жағаға шыққан соң тез жүгір: жылыну үшін немесе жылы жерге жету үшін.			

Педагог ұйымдастыру кезеңінде білім алушыларға өмір қауіпсіздік ережелері тақырыбын ашу мақсатында суреттерден қыс мезгіліндегі ойындарды атап айту тапсырмасы беріледі. Білім алушылар суреттерден қыс мезгіліндегі қысқы ойындарды атап береді. Педагог қыста су мұзға айналатыны, шұңқырлар, тоғандар, өзендер мұз қабығымен жабылатынын түсіндіреді. Мұз үстінде жүгіріп сырғанау, коньки тебу, хоккей ойнау өте қызыққа толы уақыт. Бірақ бұл қауіпті екенін білесіздер ме? Себебі мұз сырттай мықты көрінгенмен, кез келген уақытта жарылып кетуі мүмкін. Осындай жағдай болмас үшін не істеу керек? екенін білім алушылардан сұрақ арқылы сұрайды. Білім алушылар мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін айтады.

Сабақты қорыту барысында педагог мұздың қалыңдығы туралы баяндап береді. Мұздың қалыңдығы 10 см болса – 1 адамды, ал егер – 15см болса бір топ адамды көтере алады. Біз сызғышты үнемі алып жүрмегендіктен мұздың қалыңдығын өлшеу қиынға соғады.

Педагог білім алушыларға мұздың қалыңдығын түсіне қарап ажыратуға болатынын білесіздер ме? деп сұрақ қою арқылы түсінен ажыратуға болатынын айтады. Қалың, мықты мұз – көгілдір немесе жасылдау болады. Егер мұз жұқа, сенімсіз болса – ақшыл немесе сарғыш түсті болады. Білім алушылар мұздың қалыңдығын өлшеу туралы өздері білетін ойларын ортаға салады. Кері байланыс барысында бүгінгі тақырыпты бекіту барысында мұз жарылып кетсе өзін-өзі құтқару тәсілдері бар екенін білесіздер ме? Білім алушылар өз ойларымен бөліседі.

Өзін – өзі құтқару тәсілдері:

1.Үрейге берілме;

2.Терең тыныс ал;

3. Мұздан шығу үшін:

- тез қимылдама;

- кеудеңмен мұзға еңбектеп шығуға тырыс;

- алдымен бір аяқты мұз үстіне шығар;

- келесі екінші аяқты шығаруға тырыс;

- ойық жерден алыстағанша еңбектеп, жағаға қарай жылжу керек.

4. Жағаға шыққан соң тез жүгіру: жылыну үшін немесе жылы жерге жету үшін керектігін үйретеді. Білім алушылар педагог пен бірге өзін-өзі құтқару ережелерін қайталап айтады

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып педагогі, педагог-зерттеуші Амангалиева Бейбинур Ерсайыновнаның іс-тәжірибесінен

Пәні:	Әдебиеттік оқу			
Бөлім:	Дені саудың жаны сау			
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 2-сынып	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	Саулық сақтықта «Кім дейміз?» Л.Толстой «Өрттен құтқарушы иттер»			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.2.2.1 – мәтіндегі негізгі ойды анықтау; 2.2.5.1 – кейіпкердің іс-әрекетіне баға беру; 2.3.1.1 – педагогтің көмегімен шығарманың мазмұнын әңгімелеу.			
Сабақтың мақсаты	Мәтіннің мазмұнын түсінеді, негізгі ойды анықтайды; Кейіпкерлердің әрекетіне баға береді; Иттердің ерлігі мен қамқорлығын мысалға ала отырып, адамгершілікке тәрбиеленеді.			
Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Назарымызды сабаққа аударайық! Сабақ басталды, бәріміз зейін қоямыз. Ойымызды жинақтап, сабақты бастаймыз. Зейін қоямыз – бүгін маңызды тақырып! Қызығушылықты ояту Өрт және ит суреттерін көрсетіп қояды. Тақырыпты болжап табады. Видео: Өрт кезіндегі қауіпсіздік туралы қысқа бейне ролик	Білім алушылар бір-біріне жақсы тілектер айтады.	Педагогтің ауызша мадақтауы	Суреттер, тақта
Сабақтың ортасы (20 мин)	Мәтінмен жұмыс Мәтінді мәнерлеп оқиды, түсіндірме сұрақтар қояды. Тыңдалым: мәтіннің негізгі ойын табады Топтық жұмыс 1-тапсырма: Кейіпкерлерге сипаттама беру (топтық) 2-тапсырма: «Венн диаграммасы» – Ит пен	Сұрақтарға жауап береді, болжам жасайды. Сұрақтарға жауап береді. Мәтінді оқиды, өз ойымен бөліседі, негізгі ойды табады Әңгімелейді, ой суреттейді, ой түйіндейді.	Формативті бағалау (ауызша) Критерий бойынша бағалау Дескриптор: *Кейіпкердің іс-әрекетін атайды *Кейіпкердің ерлігін сипаттайды *Кейіпкерге баға береді Дескриптор: *Екеуінің ортақ	видео Оқулық, мәтін Флипчарт, маркер Кубик үлгілері

	өрт сөндірушіні салыстыру Топтық жұмыс: 1-топ: Қауіпсіздік ережелерін постермен ұсыну 2-топ: «Егер мен өртті көрсем...» шағын мәтін жазу 3-топ: «Құтқарушыға хат» (алғыс білдіру) Сергіту сәті: «Өрттен қаш!» ойыны: ереже — ысқырықпен бастап, белгімен тоқтайды Тақырыпқа байланысты қауіпсіздік ережелері: Өртті байқасаң – үлкендерге хабарлау, 101 нөміріне қоңырау шалу Түгін кезінде еңкейіп жүру, ауыз-мұрынды шүберекпен жабу Лифтке кірмеу, баспалдақпен шығу Электр құралдарымен сақ болу Үйде жалғыз қалғанда отты қолданбау	Топпен жұмыс істейді Жеке ойларын жазады/айтады Қимыл жасайды Кубизм әдісі бойынша сұрақтар қояды.	қасиетін табады *Айырмашылықтарын жазады *Ең басты ұқсастығын айтады Дескрипторы: Мәтінді оқиды – Негізгі ойды анықтайды Иттің ісін түсіндіреді – Ерлік екенін дәлелдейді 2.топ. Дескрипторы: 3 қауіпсіздік ережесін атайды – Өрт кезіндегі әрекетті біледі Жағдаятқа байланысты шағын мәтін құрастырады Жарайсың! Мадақтау	A4 қағаз, қалам Әуен, белгі (ысқырық) 1 кесте. 1 слайд
--	---	--	---	--

Қызығушылықты ояту:

- өрт пен иттің суретін көрсету;
- қауіпсіздік бейне ролигін қарау;

Кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру арқылы сабақ тақырыбына бағыттау.

Мағынаны тану:

- Мәтінді оқу және талдау: иттердің ерлігі, өрт сөндірушілердің батылдығы;
- Өрттің алдын алу және сақтану жолдарын түсіндіру;
- Өзіндік пікір қалыптастыру: «Егер менің үйімде өрт шықса, мен не істер едім?»;
- Қауіпсіздік ережелерін топтық немесе жеке постерге жазу.

Практикалық және шығармашылық тапсырмалар:

- сурет салу, шағын әңгіме немесе «кұтқарушыға хат» жазу;
- рөлдік ойындар мен әңгімелеу арқылы тәжірибелік дағдыларды меңгерту;
- өрт кезінде дұрыс әрекет ету ережелерін дауыстап айту.

Қабілеттер мен дағдыларды дамыту:

Коммуникативті дағдылар: пікір айту, топта жұмыс істеу, сұрақ қою;


Сыни ойлау: кейіпкердің іс-әрекетін салыстыру, қауіп пен сақтықты талдау;

Шығармашылық дағдылар: сурет салу, хат жазу, рөлдік ойындар;

Өмірлік дағдылар: төтенше жағдай кезінде шешім қабылдау, қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарау, қамқорлық пен ерлік қасиеттерін бойына сіңіру.

Қорытынды:

Сабақ тек әдеби шығарманы талдаумен шектелмей, өмірлік жағдайларда қауіпсіздікті сақтау, өз әрекетін саналы бағалау және жауапкершілікпен әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Әр тапсырма қауіпсіздік пен құндылықты ұштастыра отырып, білім алушылардың теорияны практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді.

Бөлім:		Әдебиеттік оқу		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):				
Күні:				
Сынып: 3		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Судың да сұрауы бар. Нағыз адам. Василий Сухомлинский		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:		3.2.2.1. қолдануға (практикалық) бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру; 3.2.6.1. Кейіпкерлердің іс – әрекеті, мінез – құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалау		
Сабақтың мақсаты:		Қолдануға, бағалауға негізделген сұрақтар қояды және жауап береді Кейіпкерлердің іс – әрекеті, мінез – құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалайды		
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Білім алушының іс- әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Амандасады Психологиялық ахуал (көңілді күй) Өткен тақырыпты пысықтау: (Адам балық) https://jeopardylabs.com/play/2025-04-21-405 Әңгімедегі «көлбақа табандары» деген не? (аяққа киетін биялай)	Амандасады Психологиялық ахуалға қатысады өткен тақырыпты пысықтайды	 бағалау парағы Дескриптор:	https://jeopardylabs.com/play/2025-04-21-405

	Ихтиандрдың үйі қандай еді? (шағын, 4 бөлмелі) Ихтиандр қандай тілдерді білетін? (испан және ағылшын) Сальватор Кристоға қандай тапсырма берді? (Ихтиандр аптасына 3 күн төсекте ұйықтауы керек) Әңгімедегі доктордың аты кім? (Сальватор) Білім алушылар, мен сендерге жұмбақтар алып келдім, бірге ойлана отырып жауап берелік: Түссіз, бірақ мөлдір өзі, Сусын болған бәрімізге. Жаңбыр болып жауады, Өзен болып ағады. (Жауабы: Су) Тамшы-тамшы жиналар, Ыдыс толып тұра алар. Қайнатсаң — буға айналар, Мұз қылсаң — қатып қалар. (Жауабы: Су) Өзі жоқта тірлік жоқ, Бірақ қолға тұрмайды. Тастарды да тоздырып, Теңіздерге толмайды. (Жауабы: Су) Білім алушылар, қане, бәріміз картаға назар аударайық: https://earth3dmap.com/3d-globe/ (3д) жер бетіміздің қанша бөлігін су алып жатыр? Жердің көп бөлігін су алып жатса да неліктен суды біз үнемдеуіміз керек? -Мұхит пен теңіз суы біз үшін пайдалы ма? Ауыз суларды біз қайдан аламыз? <i>Судың да сұрау бар; Су бергеннің мақсаты бар; Су төккеннің жауабы бар дегенді қалай түсінесіңдер?</i> Сабақ мақсаты: Қолдануға, бағалауға негізделген сұрақтар қояды және жауап береді	Жұмбақтарды шешеді 3Д карта арқылы судың жер бетіндегі үлесін анықтайды сабақ мақсатымен танысады	Сұрақтарға дұрыс жауап береді 1 б Дескриптор: Жұмбақтарға дұрыс жауап береді - 1б	 https://earth3dmap.com/3d-globe/
--	---	--	---	--

	Кейіпкерлердің іс – әрекеті, мінез – құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалайды Бүгін біз Василий Сухомлинскийдің «Нағыз адам» деп аталатын шығармасымен танысамыз; Білім алушылар, алдымен біз автормен танысып алайық: (ЖИ) «Нағыз адам» әңгімесін мультфильм түрінде көреміз; https://youtu.be/YD1BBZiXT2A?si=0SqWNqU0cforY4wk 1 – тапсырма «Нағыз адам» әңгімесін тізбектеп қатесіз, түсініп оқиды; - Қарамен жазылған сөздерге мән беріңдер: - Бұл адам емес, бұны да әлі адам деуге болмайды, бұл – нағыз адамның ісі. - Осы қарамен жазылған сөздердегі пікірге құрылған оқиғаны әңгімелеңдер; Саралау - диалог <i>Кейіпкерлердің іс – әрекеті, мінез – құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалайды</i> 2 – тапсырма (жұптық жұмыс) Әр жұп "Нағыз адамның портреті" атты шағын сурет салады немесе сипаттама жазады (міндетті түрде жақсы қасиеттермен). СЕРГІТУ СӘТІ 3 – тапсырма (топтық жұмыс) Саралау - диалог 1 – топ Су үнемдеу ережесін құрастырыңдар; 2 – топ	автормен танысады Комикс арқылы әңгімемен танысады әңгімені түсініп оқиды қарамен жазылған сөздер арқылы оқиғаны әңгімелейді Кейіпкердің іс – әрекетіне, мінез – құлқына баға береді жұптық жұмысты орындайды	Дескриптор: Әңгімені қатесіз оқиды – 1 б Қарамен жазылған сөздерге сүйеніп, оқиғаны әңгімелейді - 16 Кейіпкердің іс – әрекетін айтады – 16 Кейіпкердің мінез – құлқының өзгеруіне дәлелдер келтіреді – 1 б Жалпы – 4 б Дескриптор: Нағыз адамның портретін сипаттайды – 1 б Суретін салады - 16 Жалпы – 2 б	автор  https://heyzine.com/flip-book/9f14a68797.html оқулық а4 парақ бояу
--	---	---	---	--

	Кейіпкерге хат жазу – Өңгімедегі кейіпкерге хат жазып, оның әрекетіне баға бер. 3 – топ «Адамдықтың 6 қасиеті» тақырыбына сай адамдықтың 6 белгісін сипаттайды; 4 – тапсырма https://www.umapalata.com/expo/game.html?LANG=RU&idGames=157074 Қуаң далада қанша үй бар еді? (жалғыз) Ол үйде кім тұратын? (атасы мен немересі) Құдық басындағы арқанға не байланған? (шелек) Арқан үзіліп шелек... (суға түсті) Бірінші жолаушы не істеді? (шелегін шығармай кетіп қалды) Атай бірінші жолаушыны кім деді? (бұл адам емес) Екінші жолаушы қай уақытта өтті? (түске таман) Екінші жолаушы не істеді? (ата мен балаға су құйып беріп, шелегін алып кетті) Үшінші жолаушы атаның үйіне қай уақытта келді? (кешке) Атай неліктен ол жолаушыны «бұл адам» деді? (шелегін құдық басына қалдырды)	топтық жұмысты орындайды	Дескриптор: Топта өз жұмыстарын орындайды – 1 б	
--	---	--------------------------	--	--

Әдебиеттік оқу пәнінде өмір қауіпсіздік негіздерін оқыту-білім алушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолы. Көркем мәтіндерді талдау, практикалық жұмыстар, рөлдік ойындар, цифрлық ресурстарды қолдану арқылы білім алушылардың қауіпсіздік мәдениеті дамиды. Әдебиеттік оқу пәні арқылы берілген өмір қауіпсіздік дағдылары білім алушылардың бүкіл өмірінде қажет болатын құндылық болып қала береді [15].

Су-тіршілік көзі, педагог оны дұрыс пайдаланбасса қауіпке айналатынын түсіндіреді.

Білім алушылардың назарын «су үнемдеу» және «су қауіпсіздігі» ережелеріне аударады. Түсіндіру барысында қарапайым мысалдар келтіреді. Өзен көлге барғанда абай болу, тек арнайы жабдықталған жерде шомылу,

үлкендердің рұқсатынсыз суға түспеу, таза ауыз суды үнемдеу т.б. Әңгіме барысында «Судың да сұрауы бар» мақалын түсіндіріп, суды қадірлеу мен су қауіпсіздігін сақтау-нағыз адамның қасиеті екендігін байланыстырады.

Білім алушылар жұмбақтар мен сұрақтарға жауап береді, судың қасиеттерін атап шығады. 3D картадан жердің су аймағын көреді, «неліктен суды үнемдеу қажет?» деген сұраққа өз ойларын жазады. Топтық жұмыста су қауіпсіздігі ережесін құрастырады, суды үнемдеудің пайдасын айтады. Кейіпкерге хат жазып, суға байланысты жауапкершілікті бағалайды. «Нағыз адам» әңгімесіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау арқылы суға қатысты дұрыс-бұрыс әрекеттерді ажыратады. Білім алушылардың сыни ойлау дағдысы: судың қадірі мен қауіпсіздігіне баға беру, коммуникативті дағдысы: сұраққа жауап беру, пікір айту, жұпта, топта жұмыс істеу, жауапкершілік дағдысы: табиғатқа суға ұқыпты қарау, қауіпсіздік ережесін сақта, еттеушілік дағдысы: картадан, жұмбақтан, мультфильмнен ақпаратты талдау арқылы дамиды. Практикалық бөлімінде суға байланысты өмірлік жағдайды талдау, мысалы «Досыңды рұқсатсыз жерде шомылып жүргенін көрсең не істейсің?» ой тұжырым жасайды. Қорыта келе мақал-мәтелдер мен негізгі ережелерді қайталау, «суды қорғау-өмірді қорғау» деген тұжырым жасау. Білім алушылар өмір қауіпсіздігі негіздерін игеріп, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытады.

Пәні	Әдебиеттік оқу			
Бөлім:	Қоршаған ортаны қорғау			
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 4	Қатысқан дар саны -	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы:	Құстар әні			
Оқу бағдарламасы на сәйкес оқыту мақсаты:	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру			
Сабақтың мақсаты	Шығарманы қайта құрады Интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қояды Қойылған сұрақтарға жауап береді			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Амандасу. Сабаққа дайындалу Үй тапсырмасын тексеру «Нысана» ойыны Майлыаяқ қандай күшік? Иесі Майлыаяқты неге байлап қойды?	Педагогпен амандасады Сабаққа дайындалады. Майлыаяқ ерке күшік	ҚБ: тамаша! жарайсың!	слайд

Сабақ тың ортасы	Ит берген тамақты не істеді? Иттің зарлы дауысы кімнің көңілін босатты? Иесі итті кімге аманат қылып тастап кетті? Майлыаяқ жаңа иесін көргенде қайда кіріп кетті? Майлыаяқ Әбекең берген нанды жеді ме? Қызығушылықты ояту. Ұжымдық жұмыс. «Кім тапқыр?» әдісі Мұқият тыңдаймыз және ненің дыбысын естігенімізді айтамыз -Білім алушылар, сендер ненің дыбысын естідіңдер? - Құстың дыбысын. - Қалай ойлайсыңдар бүгін біздің тақырыбымыз не туралы болмақ? - Жарайсыздар, олай болса бүгінгі біздің тақырыбымыз «Құстар әні». Бүгінгі сабағымызда берілген мәтінді оқып, оқыған мәтініміз бойынша иитерпретациялауға және бағалауға сұрақтар қоямыз және оларға жауап береміз Суреттер арқылы топқа бөлу. Құстардың суреттері арқылы топқа бөлу 1-тапсырма. Жеке жұмыс. «Белгілеп оқы» әдісі Мәтінді оқы. Егер оқып отырған ақпарат саған таныс болса «+» белгісін, жаңалық болса «-» белгісін қой. Не таныс, не жаңалық болғанын айт. <table><tr><td>Дескриптор</td><td>Балл</td></tr><tr><td>Белгілер қояды</td><td>1</td></tr><tr><td>Таныс және жаңалық ақпаратты атайды</td><td>1</td></tr><tr><td>Барлығы</td><td>2</td></tr></table> Сергіту сәті «Құстар әні» 2-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Реттілігін тап» әдісі	Дескриптор	Балл	Белгілер қояды	1	Таныс және жаңалық ақпаратты атайды	1	Барлығы	2	Себебі олар Алматыға көшетін болды. Ит берген тамақты төгіп тастады. Иттің зарлы дауысы Зағипаның көңілін босатты. Итті ауылдың қойшысы Әбекеңе тастап кетті. Майлыаяқ үйшігіне кіріп кетті. Майлыаяқ Әбекең берген нанды жеген жоқ. Мұқият тыңдайды және ненің дыбысын естіген-дерін айтады Құстың дыбысын. Құстар туралы Сабақ мақсатымен танысады Алған суреттері арқылы топқа бөлінеді I топ Үйректер II топ Қаздар III топ Тырналар Мәтінді оқиды. Егер оқып отырған ақпарат таныс болса «+» белгісін, жаңалық болса «-» белгісін қояды. Не таныс, не жаңалық болғанын айт. <i>Ықтимал жауап:</i>	 Penie_ptic_www_oum_ru.mp3 кұстардың суреттері
	Дескриптор	Балл									
Белгілер қояды	1										
Таныс және жаңалық ақпаратты атайды	1										
Барлығы	2										
		ҚБ.браслет тапсырман ы толық орындаса екі санына жылжытады, біреуін орындаса 1 санына жылжытады									

	Берілген мәтін бөліктерін оқы. Оларды ретімен қойып шық. -Жыл сайын қоңыр күзде біздің ауылдың үстінен үйрек, қаз, тырна сияқты құстардың легі ұшып өтеді. Кей жылдары аққуларды да көруге болады. Бұл құстар қыстың жақындап қалғанын сезіп, жылы жаққа қарай қоныс аударып барады. Ең биік ұшатыны – тырналар мен аққулар. Алыс жаққа бет алған құс-тар жерге сирек қонады. Кеше мектептен келе жатып, жолда әкеммен кездесіп қал-дым. Біз жолыққан кезде тура біздің үстімізден тізбектеліп бір топ қаз ұшып өтті. Бұдан бірнеше күн бұрын біз у-шу болып қарқылдап ұшып бара жатқан ұзақ қарғаларды көрген едік. Әкем екеуіміз үйге бірге қайттық. Ол кісі жол – жөнекей құс-тар туралы маған мынадай әңгіме айтып берді: Мен әкемнің әңгімесінен көп нәрсе ұқтым. Құстардың ақылдылығына, ұйымшылдығына қатты таңғалдым. Жылы жаққа кетіп бара жатқан құстар топтасып немесе тізбектеліп, көбінесе үш бұрыштанып ұшады. Әр топтың алдында өте тәжірибелі өз жолбасшысы жүреді. Ол жолды жақсы біледі, себебі бұған дейін бұл жолмен талай рет әрі-бері ұшып өткен. Құстардың бір үйірінде мұндай жолбасшы бір-нешеу. Олардың міндеті көп. Құстардың жерге қонып, тамақ-танатын, демалатын орнын солар тандайды. Үйірдің қауіпсіздігін де солар бақылайды. Құстар бір жерге қонып, демалған кезде жолбасшылар кезектесіп оларды күзетеді. аспанда да жолбасшылар ауыр жұмыс атқарады. Тізбектің ең алдында ұшатын болғандықтан, олар қанаттарымен ауаны жарып, соңындағыларға жол салып	<i>Таныс:</i> құстардың күзде ұшып кететіні, үшбұрыш жасап ұшатыны <i>Жаңалық:</i> ең биік ұшатыны тырналар мен аққулар, алыс жаққа ұшып бара жатқан құстардың сирек қонатыны, құстардың жолбасшысы болатыны, жолбасшы болу қиын екені Караокеге қосылып ән айтады Берілген мәтін бөліктерін оқиды. Оларды ретімен қойып шығады Мәтін бойынша 2 жіңішке, 2 жуан сұрақ құрастырады және жауап береді Мектептен келе жатып кіммін кездесіп қалдым? Ол маған не туралы әңгіме айтты? Не себепті құстар қоныс аударады? Алыс жаққа ұшатын құстардың қандай ерекшелігі бар? Құстар үйірінде неше жолбасшы болады?	ҚБ.браслет мәтінді ретімен қойып шықса 4 санға, 3 дұрыс қойса 3 санға, 2 дұрыс қойса 2 санға, 1 дұрыс қойса 1 санға жылжытады	https://learn.ingapps.org/display?v=p4xrnpuh524 мәтін жазылған парақтар
--	--	--	--	---

	отырады. Жолбасшы салған жолмен ұшу оның соңындағы құстарға жеңіл болады. Сондықтан жол-басшы ауада өте көп күш жұмсайды. Тез шаршайды. Ондай кезде оны басқа жолбасшы ауыстырып, шаршаған жолбасшы үйірдің соңынан ілеседі. Үйірдің ең соңынан ұшу өте жеңіл. Жолбасшылар осылайша кезектесіп демалып отырады, - деп әкем әңгімесін аяқтады.	Жолбасшы нені таңдайды? Жолбасшының міндеті неге қиын? Неге құстардың алдында ұшу жолбасшыға қиын? Мен әкемнің әңгімесінен не ұқтым?															
	<table><tr><td>Дескриптор</td><td>Балл</td></tr><tr><td>Ретімен қойып шығады</td><td>1</td></tr><tr><td>Барлығы</td><td>4</td></tr></table> 3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Жуан, жіңішке сұрақтар» әдісі Мәтін бойынша 2 жіңішке, 2 жуан сұрақ құрастырыңдар және жауап беріңдер I топ 1, 2 абзацтар бойынша II топ 3 абзац бойынша III топ 3, 4 абзацтар бойынша <table><tr><td>Дескриптор</td><td>Балл</td></tr><tr><td>жіңішке сұрақ құрастырады</td><td>1</td></tr><tr><td>жуан сұрақ құрастырады</td><td>1</td></tr><tr><td>Барлығы</td><td>4</td></tr></table>	Дескриптор	Балл	Ретімен қойып шығады	1	Барлығы	4	Дескриптор	Балл	жіңішке сұрақ құрастырады	1	жуан сұрақ құрастырады	1	Барлығы	4		
Дескриптор	Балл																
Ретімен қойып шығады	1																
Барлығы	4																
Дескриптор	Балл																
жіңішке сұрақ құрастырады	1																
жуан сұрақ құрастырады	1																
Барлығы	4																

Құстар және өмір қауіпсіздігі

Құстар табиғаттың ажырамас бөлігі болып, экологиялық тепе-теңдікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Педагог құстарды қорғауды үйретумен қатар, адамдардың қауіпсіздік ережелерін білетінін қамтамасыз етеді:

- жабайы құстарды ұстамау, ұяларын бұзбау;
- құстарға қол тигізгенде ауру жұқтыру қауіпін ескеру;
- үй құстарымен қарым-қатынаста санитарлық ережелерді сақтау;
- құстардың адамға пайдасы мен қауіптері туралы түсіндіру (жәндіктерді жеу, әсемдік беру, экологиялық қызмет; тұмау, аллергия қаупі).

Білім алушылар мәтінді оқып, құстардың ұйымшылдығы мен ақылдылығын бағалайды. Педагог сұрақтар арқылы:

Құстар табиғатта қандай рөл атқарады?

Қандай қауіптер болуы мүмкін?

Қауіпсіздік ережелерін қалай сақтаймыз? сұрақтарға жауап беруді ұйымдастырады.

Практикалық жұмыс:

Құстармен қарым-қатынастағы 5 қауіпсіздік ережесін постерге жазу;

«Құстарды қорғау – өзімізді қорғау» тақырыбында шағын әңгіме құрастыру;

«Құстарға зиян келтірмей, адамдардың қауіпсіздігін сақтау ережелері» тақырыбында топтық жоба жасау;

Құстардың дыбысын тыңдап, «Бұл қай құс?» ойынын ойнау.

Сыни және шығармашылық дағдыларды дамыту:

Құстардың пайдасы мен қауіптілігін салыстыру арқылы сыни ойлау

Сурет салу, әңгіме құрастыру арқылы шығармашылық ойлау;

Құстармен қарым-қатынаста өзін және ортаны қорғау ережесін меңгеру.

Сабақ әдеби шығарманы талдаумен шектелмей, өмір қауіпсіздігі ережелерін меңгертуге бағытталады. Әр тапсырмада құстардың пайдасы, қауіпі және қауіпсіздік жолдары көрсетіліп, «жақсы іс – жаман іс» арқылы қауіпсіздік мәдениеті қалыптасады.

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Әдебиеттік оқу		
Бөлім:		Мәдени мұра		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 4		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Ұлттық ойындарымыз		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербальды емес тілдік құралдарды қолдану 4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, презентация түрінде ұсыну		
Сабақтың мақсаты		Таныстырылым жасауды, шығармашылық жұмыс жасауды үйренеді		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//у-ы	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Сабаққа дайындық. «Дөңгелене тұрайық Киіз үйді құрайық, Кереге болып керіліп, Уықтар боп иіліп, Киіз үйді құрайық» Өткен тақырыпты пысықтау «Жамбы ату» әдісі	Топта бірігеді Сұрақтарға жауап береді	ҚБ:. «Асығың алшысынан түссін» бағалау парақшасы.  Дескриптор:	Топ суреттері Топ аттарына сәйкес суреттер

Өткен білімді еске түсіру	1. Өтірік пен шындықтың арасын көз бен құлақ арқылы қалай өлшейді? 2. Қарияның бақытты екенін қай жауабынан байқадың? 3. Зерделі қандай адам 4. Аңыз әңгіменің өздеріне ұнаған тұстары туралы айтыңдар 5. Мәтіннің соңғы сөйлемін оқып, негізгі ойды анықтандар. 6. Қарты бар үйдің (қазынасы бар) 7. Таңертең төрт аяқты, түсте екі аяқты, кешке үш аяқты 8. Ақыл кімнен шығады, асыл-неден шығады. Жаңа тақырыпты кроссинг әдісі арқылы болжау Білім алушылар топта біріккен. 1-топ «Теңге ілу» тобы 2-топ «Ханталапай» тобы 3-топ «Тоғызқұмалақ» тобы Топ аттары туралы не білеміз?	Әр топ ойынға өзінше таныстырылым жасайды. Әр топ өз тапсырмаларын орындайды. Ойынды ойнап көрсетеді	Аңыз әңгіменің мазмұнын біледі-16 Негізгі ойды анықтай алды-16 Дескрипторы: Білім алушылар тақырыпқа қатысты ойларын ортаға салды.-16	Асықтар  Wordwall
Жаңа білім	Жаңа тақырыпты кроссинг әдісі арқылы болжау Білім алушылар топта біріккен. 1-топ «Теңге ілу» тобы 2-топ «Ханталапай» тобы 3-топ «Тоғызқұмалақ» тобы Топ аттары туралы не білеміз? Жаңа тақырып Ұлттық ойын туралы жасанды интеллект видео түсіндіріледі. Оқулықпен жұмыс. 1-топ Орамал тастамақ мәтіні 2-топ Хан мәтіні 3-топ Асық ату мәтіні Топтық жұмыс. «Орында» айдары бойынша білім алушылар «Хан ойыны» «Орамал тастау» «Асық» ойындарына таныстырылым жасап, оны қорғайды. Оқулықтан мәтінді оқып, мазмұны бойынша	Ұлттық ойын түрлерін атайды Жарнаманы өлең түрінде немесе сурет түрінде жасайды. Асық атауларын жапсырады.	Дескрипторы: Үш топ тапсырманы орындады-16 Дескрипторы: Бұл ойын барысында ойыншы қандай болу керектігін сипаттады.-16 Дескрипторы: Ойын ережесі.-16 Пайдаланылатын құралдары.-16 Дескриптор: Ойын түрлерін біледі-16 Дескриптор: Ойын түрлері, пайдасы туралы біледі-16 Дескриптор:	Wordwall платформасында сұрақтар арқылы тақырыпты еске түсіру Ұлттық ойындар туралы слайд Ютуб сілтемесі https://yandex.kz/video/preview/8670415226905452028 Асықтар Спорт түрлері туралы суреттер Ұлттық ойындар туралы слайд Ойын туралы суреттер Ұлттық ойындар туралы слайд Кесте

	таныстырылым жасау, постер құру. Кестемен жұмыс «Бірлесіп орында» айдары бойынша Әр топқа тапсырмалар беріледі «Теңге ілу» тобы «Артық суреттерді тап» берілген парақшаға тек ұлттық ойындарды жабыстырып шығады «Ханталапай» тобы Қазақтың ұлттық ойындарын топтап жазу «Тоғызқұмалақ» тобы Парақшада жазылған мәтінде түсіп қалған сөздерге тиісті әріптерді жазу. Ұжымдық жұмы. ФС тапсырмасы «Өзің жасап көр» айдары бойынша өздері ұнатқан бір ойынды ойнап көрсетеді. Мақсаты: Топ мүшелерінің ақылдаса отырып, шығармашылықпен жұмыс жасауларына мүмкіндік тудыру. Бірлескен жұмыс ЕБҚ және ЕҚБ Ұлттық ойын түрлерін атайды. Шығармашылық тапсырма Ойынға жарнама (жарқағаз \ өлең) көрсетеді. Жарнаманы ортаға шығып жарнамалайды. Білгенге маржан айдары (жасанды интеллект түсіндіреді) 1. Асық атаулары 2. Асықтың түсуіне қарай атауы		Асық атауларын біледі.	Ойын туралы суреттер Жарнамаға арналған суреттер мен парақшалар
--	--	--	-------------------------------	---

	3. Асық ойынының атаулары  Жүппен жұмыс. Асықтың атауын жапсыр. <table><tr><td colspan="3">Асықтың атауын бейнеле</td></tr><tr><td>Алшы </td><td>тәйке</td><td>шік</td></tr><tr><td>бүк</td><td>оңқа</td><td>шонқа</td></tr></table>	Асықтың атауын бейнеле			Алшы 	тәйке	шік	бүк	оңқа	шонқа			
Асықтың атауын бейнеле													
Алшы 	тәйке	шік											
бүк	оңқа	шонқа											

Бастауыш мектепте өмір қауіпсіздігін оқыту – білім алушылардың денсаулығын қорғау, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және өмірлік дағдыларын дамытудағы маңызды бағыттардың бірі. Әдебиеттік оқу пәні осы тұрғыдан тиімді құрал болып табылады: көркем мәтіндер арқылы білім алушылар кейіпкерлер әрекеттерін талдай отырып, қауіп-қатерді танып, төтенше жағдайдағы дұрыс әрекет пен шешім қабылдауды үйренеді.

Бұл әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – 2–4 сыныптарда әдебиеттік оқу пәні арқылы өмір қауіпсіздігінің негіздерін жүйелі түрде оқыту. Мысалы, «Мәдени мұра» тақырыбындағы ұлттық ойындар тек мәдени құндылық ретінде емес, білім алушылардың денсаулығын, қимыл белсенділігін және қауіпсіздік дағдыларын дамыту құралы ретінде қарастырылады. Ойын барысында:

Қозғалыс кезінде қауіпсіздік (арақашықтықты сақтау, құралдарды дұрыс пайдалану – тебен, асық, арқан, доп)

Эмоциялық қауіпсіздік (бір-біріне зиян келтірмеу, дау туғызбау)

Коммуникативтік қауіпсіздік (өз ойын мәдениетті жеткізу, басқа пікірге құрметпен қарау)

Цифрлық қауіпсіздік (жасанды интеллекті бейнесін қарағанда ақпараттың сенімділігін анықтау) сияқты дағдылар қалыптасады [19].

Сабақ барысында педагог «Кроссинг» әдісімен білім алушыларды топтарға бөліп, ойынның мәнін және қауіпсіздік ережесін түсіндіреді. Әр топқа постер, жарнама немесе таныстырылым дайындау тапсырмасы беріледі. Бұл тәсіл білім алушылардың шығармашылық ойлауын, топпен әрекеттесу қабілетін және мәдени құндылыққа құрметпен қарауын дамытады.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптарда өмір қауіпсіздігі негіздерін оқыту тек ережелер мен нұсқаулықты үйретумен шектелмей, білім алушының қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыруға, өз өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарауға және тәуекел жағдайында дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. 2–4 сынып кезеңі тұлғалық қасиеттер мен өмірлік құндылықтардың қалыптасу кезеңі болғандықтан, өмір қауіпсіздігін пәндермен кіріктіріп оқыту білім алушыларға теориялық түсініктерді күнделікті өмірмен ұштастырып, практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

*Астана қаласы №81 «Astana English School» Халықаралық
мектебінің бастауыш сынып педагогі, педагог-модератор Байменова
Айгерим Гайдаровнаның іс-тәжірибесінен*

Бөлім:		Өзім туралы		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):				
Күні:				
Сынып: 1		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Бедерлі сурет		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты		1.1.3.1 түрлі материалдар мен қарапайым техникаларды қолдана отырып, таныс бейнелерді жасау.		
Сабақтың мақсаты		Түрлі материалдар мен қарапайым техникаларды қолдана отырып, таныс бейнелерді жасайды.		
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың ортасы	«Бедерлі сурет» жасау нұсқаулығы. 1) Әртүрлі бедерлі заттарды (түйме, бұршақ, мата қиықтары, моншақ, ұсақ бұтақ, жапырақ) дайында. 2) Заттарды қағаздың астына қойып, қарындашпен немесе балауызбен үстінен жүргіз. Қауіпсіздік ережесін түсіндіру. Жұмыс алдында: ✓Қайшы, қарындаш, желім сияқты құралдарды дұрыс ұста. ✓ Қолды жұмыс алдында және кейін жуу. ✓ Қажет болса, қолға қолғап киіп, көзге саз түсірме. ✓Жұмыс орныңды ретке келтір. Жұмыс кезінде: ✓Қайшыны біреуге берсең, онда сабымен ұсын. ✓Қатты басып салғанда қолыңа зақым келтірмеуге тырыс.	Педагогтің нұсқаулығын мұқият тыңдайды. <		

✓ Жапырақ немесе ұсақ бұтақты пайдалансаң – оны қағазға дұрыс орналастыр. Жұмыс соңында: ✓ Құралдарды жинап, орнына қой. ✓ Қоқысты арнайы жәшікке таста. Пысықтау сұрақтар. 1) Қайшыны қалай береміз? 2) Желімді көзге жақындатуға бола ма? Практикалық жұмыс 1. Бедерлі заттарды (түйме, бұршақ, мата киіктері, моншак, ұсақ бұтақ, жапырақ) қағаздың астына қойып, қарындашпен немесе балауызбен үстінен жүргізіп, өзіңнің «Бедерлі суретін» жаса. Қадамдар. 1) Бедерлі затты таңда. 2) Ақ парақты үстіне қой. 3) Қарындашпен немесе балауызбен ақырын үстінен жүргіз. 4) Түрлі түстер қолдан. 5) Аяқтаған соң, заттарды орнына қой, жұмыс орныңды тазала. Практикалық жұмыс 2. 1) Сазбалшықтың қызыл, ақ, сары түстерін араластыр. Бұл беттің түсі шынайы көріну үшін. 2) Шашы мен көзінің түсін таңда. 3) Портретіне үнемдеп, сазбалшықтың аз ғана бөлігін ал. 4) Портретті түсті қатырма қағаздың бетіне жаса.	Сұрақтарға жауап береді. Тапсырманы қадам бойынша орындайды.	Бәрекелді! Керемет жұмыс!	Слайд 3.
1) Сазбалшықтың қызыл, ақ, сары түстерін араластыр. Бұл беттің түсі шынайы көріну үшін. 2) Шашы мен көзінің түсін таңда. 3) Портретіне үнемдеп, сазбалшықтың аз ғана бөлігін ал. 4) Портретті түсті қатырма қағаздың бетіне жаса.	Тапсырманы қадам бойынша орындайды. 	Керемет жұмыс!	Слайд 4.

	5) Алдымен сазбалшықтың бет пішінін мүсінде. 6) Оны қағазға жапсыр. 7) Одан соң көз, қас, ауыз, мұрын, құлақ, шашын жаса. 8) Оларды жапсыр. 9) Киімінің түсін таңда.			
--	--	--	--	--

Сабақ барысы бойынша рефлексия:

Ұйымдастыру кезеңі:

Педагог «Көзіміз педагогте, құлағымыз тыңдауда, жүрегіміз сабақты сезуде» ритуалды сөзін айтып, білім алушылардың назарын шоғырландырады.

«Сынып-сынып» деп сигнал береді, ал білім алушылар «Иә-иә» деп хормен жауап береді.

Сабақтың құрылымын түсіндіреді: «Алдымен тыңдаймыз, сонан соң жасаймыз, соңында бағалаймыз».

«Сықырлы қапшық» арқылы білім алушылар затты қолмен сезіп сипаттайды (тегіс/қаттылық, пішін), және педагог сұрақтары арқылы қызығушылық тудырады.

Тақырыпты жариялау:

Педагог «Бедерлі сурет» жасау тақырыбын хабарлайды.

Практикалық жұмыс алдында қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі: құралдарды дұрыс ұстау, қолды жуу, жұмыс орнын таза ұстау, қажет болса қолғап қолдану.

Пысықтау сұрақтары арқылы білім алушылардың ережені ұғынғаны тексеріледі.

Практикалық жұмыс:

Бірінші жұмыс (оңай): Бедерлі заттарды қағаздың астына қойып, қарындаш немесе балауызбен үстінен өткізіп сурет салу.

Қадамдар: затты таңдау → ақ парақ қою → үстінен өткізу → түстерді қолдану → жұмыс соңында тазалау.

Екінші жұмыс (орташа): Сазбалшықтан портрет жасау.

Қадамдар: түстерді араластыру → бет пішінін жасау → қағазға жапсыру → көз, мұрын, ауыз, шаш жасау → киім түсін таңдау.

Сабақтың соңы:

Жасалған «Бедерлі суреттерді» көрмеге қойып, бір-бірінің жұмысын бағалау.

Рефлексия: әр білім алушы өз жұмысын бағалап, «Менің бүгінгі жетістігім» немесе сөйлемді аяқтау әдісі арқылы қысқаша кері байланыс береді (не үйренді, неге мақтанды, қандай қиындықты жеңді).

Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):	
Күні:	

Сынып: 2		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Папье-машеден әшекейлі тәрелке жасаймыз		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		2.1.3.1 Түрлі материалдарды қолдана отырып, қарапайым бұйымдар жасау. 2.3.1.1 Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай отырып, еңбек әрекетін орындау.		
Сабақтың мақсаттары		Түрлі материалдарды қолдана отырып, қарапайым бұйымдар жасайды. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай отырып, еңбек әрекетін орындайды.		
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың ортасы	«Папье-маше» туралы әңгіме тарихты баяндау. «Папье-маше» француз тілінен аударғанда мыжылған қағаз дегенді білдіреді. Ол ежелгі Қытайда пайда болған. Қауіпсіздік ережесі. ✓Қайшыны абайлап қолдан. (Қайшыны бір-бірімізге бермейміз. Үстел үстіне қойып береміз). ✓Желімді ұқыпты қолдан. (Көзге, ауызға, киімге тигізбе). ✓Бұл құрал, ойын емес. (Қағаз не желіммен ойнауға болмайды). ✓Жұмыс соңында қолды жуу. (Желіммен, бояудан тазалан). ✓Жұмыс орнын таза ұста. (Артық қоқысты шашпа). ✓Рұқсатсыз тұрма. (Педагогтің рұқсатымен ғана орнынан тұр). Пысықтау сұрақтар. 1) Ережені түсіндіңдер ме? 2) Қайшыны қалай береміз?	«Папье-маше» туралы әңгіме тарихты тыңдайды. Қауіпсіздік ережелерін тыңдап, пысықтау сұрақтарына жауап береді.	Бәрекелді!	Слайд 2. Слайд 3.

	3) Желімді қалай қолданамыз? Практикалық жұмыс. 1) Газетті ұсақтап жырт. 2) Тәрелкенің ішкі жағына вазелинді молынан жағып шық. Сонда желімделген пішін тәрелкеден тез шешіледі. 3) Газет қиындыларын суға малып алып, тәрелкенің майланған жағына жапсыр. Олардың бірінің үстіне бірін нығыздап жапсыр. Тәрелкенің жиегінен асырып желімде. Желім жақпай тағы 2 қабат жапсыр. 4) Соңғы қабатын ПВА желіммен жапсыр. Оның бетіне газеттің құрғақ қиындыларын желімде. Дәл осылай 6 рет істе. 5) Оларды тәрелкеге қатты қысып, 2 күнге кептіріп қой. 6) Желімденген пішін әбден кепкен соң, оны тәрелкеден ақырын шешіп ал. 7) Бітемемен тегістеп қаптап шық. Бетін қолдың саусағымен тегісте. 8) Одан кейін әбден кепкенше күт. 9) Егер тәрелкені беті кедір бұдырлы болса, зімпара қағазбен тегістеуге болады. 10) Енді тәрелкені әшекейлеуге болады.	Қадам бойынша практикалық жұмысты орындайды. 	Қолынан келді!	Газет, қайшы, пва желім, вазелин, су, қасық, түрлі форма, төсеніш, алжапқыш.
--	---	---	-----------------------	---

Кіріспе: Білім алушылар түрлі гүлдерді таңдау арқылы көңіл күйін сипаттайды; педагог жағымды атмосфера қалыптастырады және сабаққа назарын шоғырландырады.

Тақырыпты жариялау: Педагог «Папье-маше» техникасының шығу тарихын айтып, сабақты мақсатын түсіндіреді.

Қауіпсіздік ережелері: Қайшыны абайлап қолдану, желім мен қағазды дұрыс пайдалану, жұмыс орнын таза ұстау, қолды жуу және педагогтің рұқсатымен ғана орнынан тұру.

Практикалық жұмыс: 7 қадам — құрал-жабдықтарды дайындау, желімді дайындау, қағазды даярлау, форма таңдау, папье-маше жапсыру, кептіру, безендіру.

Қорытынды: Жасалған тәрелкелерді көрмеге қою, бір-бірінің жұмысын бағалау.

Рефлексия:

Білім алушылар өз жұмысына қысқаша кері байланыс береді: «Менің бүгінгі жетістігім» — не үйренгенін, қандай қиындықтарды жеңгенін және неге мақтана алатынын сипаттайды.

Бөлім:		Табиғат – менің үйім		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):				
Күні:				
Сынып: 3		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Мүсін. Күшікті мүсіндейміз		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты		3.3.3.1 Қарапайым материалдар мен құралдарды пайдалана отырып, мүсіндеу тәсілдерін қолдану арқылы бейнелер жасау.		
Сабақтың мақсаты		Қарапайым материалдар мен құралдарды пайдалана отырып, мүсіндеу тәсілдерін қолдану арқылы бейнелер жасайды.		
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Тапсырма. Күшік қандай бөліктерден тұрады? Басы – домалақ, Құлағы – ұзын, Денесі – сопақша, Аяқтары – төртеу, Құйрығы – кішкентай. «Сұрақ-жауап» әдісі. 1) Күшікті мүсіндеуге бола ма? 2) Оны неден жасауға болады? Қысқаша түсіндірме + қолданбалы үлгі. Мүсіндегі басты құрал – пішін мен көлем. Ол үш өлшемнен тұрады. Оған: биіктігі, ені, көлемі жатады. Мүсін ағаш, тас,	Күшіктің қандай бөліктерден тұратынын атап, әр бөлікті сипаттайды. Сұрақтарға жауап береді. Мүсіндеу туралы түсінік алады.	Бәрекелді! Тамаша!	Күшік бейнесі. Суреттер. Мүсін үлгісі.

	сазбалшық, металдан жасалады. Жұмсақ материалдан да мүсінді жасайды. Мүсіннің екі түрі бар: жұмыр және рельеф. Қауіпсіздік ережесі. Ермексазды қолданғанда: ✓Қолдарың таза болуы тиіс. ✓Ермексазды иіскеме және тістеп көрме. ✓Жұмыс орнын таза ұстап, қажет емес заттарды алыста ұста. Кескішті қолданғанда: ✓Кескішпен абайлап және баяу жұмыс істе. ✓Кескішті тек арнайы дайындалған тақтайша үстінде пайдалан. ✓Басқа адамдарға кескішті бағыттама және онымен ойнама. ✓Қолдарың кескіштің жебесіне емес, шетіне жақын болсын. Тақтайшаны қолданғанда: ✓Тақтайшаға мүсін материалын орналастырып, жылжытпай ұстап жұмыс істе. ✓Тақтайшаны тік ұстама және үстіне ауыр зат қойма. Шүберекті қолданғанда: ✓Қолыңды немесе құралдарды сүрткенде шүберекті жұмсақ және таза ұста. ✓Шүберекпен жұмыс істегеннен кейін оны орнында орналастыр. Практикалық жұмыс. Күшікті мүсіндеу жолы.	Қауіпсіздік ережесімен танысады.		Слайд 2.
--	---	---	--	-----------------

	1) Түрлі түсті ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, домалақтап ал. 2) Екі үлкен шардан күшіктің басы мен денесін мүсінде. Бір шарды сопақша пішінге келтіріп, екіншісін домалақта. 3) Күшіктің денесі мен басын біріктірі. 4) Кішкене шарлардан құлағын жаса. Созып, тегістеп, бір ұшын аздап жалпақ ет. Құлағын күшіктің басына жапсыр. 5) Төрт кішкентай шардан табанын жаса. Саусақтарын кескішпен тіл. 6) Домалақ ермексазда жалпақ етіп ал да, ширату арқылы құйрығын жаса. 7) Аяғы мен құйрығын күшіктің денесіне жапсыр. Көзі мен тұмсығын жасап, оларды басына жапсыр. 8) Жасыл түсті ермексазды жайып, тегісте. Одан қарғыбау жаса.	Практикалық жұмысты қадам бойынша жасайды. 	Қолынан келді!	Ермексаз, кескіш, тақтайша, шүберек.
--	---	---	-----------------------	---

Сабақтың басында «Мозайканы құрастыр да, тақырыпты тап» әдісі арқылы білім алушылар тақырыпты анықтайды. Бұл әдіс арқылы педагог білім алушыларға тақырыпты анықтауға өздеріне мүмкіндік береді. Тақырыпты анықтап болған соң, педагог білім алушыларға бүгінгі сабақтың мақсатымен таныстырады.

Сабақтың ортасында тақырып бойынша педагог білім алушыларға күшіктің бейнесін көрсетіп, оларға оның қандай бөліктерден тұратынын атап, сипаттауын сұрайды. Яғни, басы – домалақ, құлағы – ұзын, денесі – сопақша, аяқтары – төртеу, құйрығы – кішкентай. Білім алушылардың ынтасын ояту мақсатында педагог күшіктің мүсінін жасауды ұсынады. Мүсінді неден жасауға болатынын сұрайды.

Білім алушылардың жауабын алған соң, педагог білім алушыларға мүсіндегі басты құрал – пішін мен көлем. Ол үш өлшемнен тұрады. Оған: биіктігі, ені, көлемі жатады. Мүсін ағаш, тас, сазбалшық, металдан жасалады.

Жұмсақ материалдан да мүсінді жасайды. Мүсіннің екі түрі бар: жұмыр және рельеф екендігі туралы ақпаратты бере кетеді.

Практикалық жұмысқа көшпес бұрын білім алушыларға қауіпсіздік ережесін айтып өтеді.

Білім алушылар қауіпсіздік ережесімен танысқаннан кейін, педагог оларға практикалық жұмысқа көшуге нұсқау береді.


Практикалық жұмыс 8 қадам жолын айтып өтеді.


Сабақтың соңында білім алушылар өз жұмыстарың аяқтап болған соң, педагог өздерінің жасаған туындыларын «Күшік бейнесі» атты көрмеге қоюын өтінеді.

Бұл көрме арқылы білім алушылар өзінің ғана емес өзгенің де жұмыстарына өзіндік баға беруді үйренеді. Ал білім алушылар көзқарасты дұрыс қабылдауға үйренеді.

Барлық жұмыс аяқталған соң, педагог білім алушыларға «Бүгін мен ... үйрендім» сұрағы арқылы кері байланыс беруін өтінеді.

Бөлім:		Сәндік қолданбалы өнер		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):				
Күні:				
Сынып: 4		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		Ата-баба шеберлігі		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты		4.1.2.3 Ұлттық қолөнер элементтерін меңгере отырып, оны шығармашылық түрде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.		
Сабақтың мақсаты		Ұлттық қолөнер элементтерін меңгере отырып, оны шығармашылық түрде қолдана білуге дағдылары қалыптасады.		
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Қауіпсіздік ережесі. ✓Педагогтің нұсқауын тыңда. Жұмысқа кіріспес бұрын педагогтың барлық түсіндірмесін мұқият тыңда. ✓Қайшы, ине сияқты өткір құралдардан абай бол. Қайшыны жүгірмей, сабын төмен қаратып ұста. Инемен жұмыс істегенде, оны арнайы қапқа немесе жастықшаға салып қой. ✓Ыстық сумен жұмыс істегенде сақ бол.	Қауіпсіздік ережесін тыңдап, құлақ түреді.		Слайд 2.

	Су қайнатқанда тек педагогтың көмегімен әрекет ет. Ыстық суға қолыңды абайлап сал және шетіне күй. ✓ Қолғап ки. Жұмыс барысында қолыңды қорғау үшін қолғап кигенін абзал. ✓ Жұмыс орнын таза ұста. Шашылған жерді жинап отыр. Құрал-сайманды өз орнында ұста. ✓ Бір-бірлеріне кедергі жасама. Жұмыста тыныштық сақта, бір-біріңді итерме. Басқа білім алушыға құралды лақтырма. ✓ Төтенше жағдай болғанда педагогке айт. Практикалық жұмыс. 1-нұсқа. 1) Алдымен түрлі-түсті жүнді дайында. Оны көпіршікті пленкаға жайып, сабынды сумен ылғалда. Үстін шүберекпен, содан соң көпіршікті пленкамен қайта жап. Пішінге салынған жүнді жақсылап ора. Жүн бөліктері бір-біріне бірігу үшін оқтауды баса отырып, ары-бері жаймала. Бұйымды сабынды жылы сумен кептір. 2-нұсқа. 1) Суды пайдаланба. Жүн талшықтары киізден жасалған жастыққа қойылады. Содан соң арнайы киіз басуға арналған құралмен өңделеді. 2) Боялған жүнді пайдаланып, сурет салуға болады. Мұндай сурет жүннің түрлі-түсті талшықтарын қабат-қабат	Практикалық жұмысты қадам бойынша орындайды. 1-нұсқа.  2-нұсқа.	Керемет жұмыс!	Түрлі-түсті жүн, көпіршікті пленка, сабынды су, оқтау
--	--	--	-----------------------	--

	қою арқылы біртіндеп пайда болады. Суреттерді әртүрлі жанрда: пейзаж, портрет, натюрморт орындауға болады.			
--	--	--	--	--

Қауіпсіздік ережесін білім алушылардың барлығы танысқанын білген соң, педагог оларға практикалық жұмысқа көшуді ұсынады.

Практикалық жұмыста әрбір білім алушы көрсетілген екі нұсқаның біреуімен жұмыс жасаса болады. Дегенмен де, егер екі нұсқаны да қатар қамтып жұмыс жасаса бұл білім алушының шеберлігі шыңдалғанын айғақтайды деп тілге тиек етеді.

Педагог білім алушыларға өздерінің жасаған жұмыстарын «Киіз-ұлттық мұрамыз» атты көрмеге қоюын өтінеді. Бұл көрме арқылы білім алушы өзінің жұмысы қаншалықты сынып ішінде құнды екенін сезіне алады. Сонымен қатар олар өзінің ғана емес өзгенің жұмысына да мән беріп, оны бағалай алады.

Көрме жұмысынан соң әрбір білім алушы бүгінгі жұмысына «Бүгін маған қызықты болғаны..., Бүгін мен ... үйрендім» деген сөйлемді жалғастыру арқылы кері байланыс береді.

Әрине осы шығармашылық процесте қауіпсіздік ережелерін сақтау – ең маңызды мәселе. Қайшы, ине, ыстық су сияқты құралдармен жұмыс істеу кезінде педагогтың нұсқауларын мұқият орындау білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және олардың сенімді әрі тыныш жұмыс істейіне жағдай жасайды.

Қорытынды

Бастауыш сыныптарда өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар – Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын іске асыруға және білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды құрал болып табылады.

Қазіргі замандағы түрлі қауіп-қатерлер мен тәуекелдер баланың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналғандықтан, педагогтерден қауіпсіздік негіздеріне қатысты білім, білік және дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруды талап етеді. Дәл осы бастауыш мектеп кезеңінде жеке және әлеуметтік жауапкершіліктің алғашқы дағдылары қалыптасады, ережелерді сақтау мен өз денсаулығын қорғау әдеттері орнығады. Сондықтан бұл әдістемелік ұсынымдардың рөлі тек педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетумен шектелмей, тәрбиелеу мен оқыту үдерісін өзара тығыз байланыстыратын тұтас білім беру кеңістігін құруға бағытталады.

Ұсынымдарда қарастырылған негізгі бағыттар – жеке қауіпсіздік, тұрмыстық қауіпсіздік, жол қауіпсіздігі, қоғамдық ортадағы қауіпсіздік, табиғи ортадағы қауіпсіздік және ойын кезіндегі қауіпсіздік. Бұл бағыттар білім алушының өмірінің барлық маңызды салаларын қамти отырып, қауіпсіз мінез-құлық туралы тұтас түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай мазмұнды оқу процесіне енгізу білім алушылардың қауіп-қатерлерді алдын ала болжауына, өз әрекеттерін саналы бағалауына және жауапкершілік деңгейін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл білім алушы мен педагог арасындағы сенімге негізделген қарым-қатынасты нығайтады.

ӨҚН мазмұнын бастауыш мектептегі басқа пәндермен кіріктірудің маңызы ерекше. Бұл тәсіл қауіпсіздік мәселелерін математика, әдебиеттік оқу, дүниетану, көркем еңбек және дене шынықтыру сияқты пәндерге табиғи түрде енгізуге мүмкіндік береді. Мұндай пәнаралық байланыстар білім алушының қауіпсіздік ережелерінің әмбебаптығын түсінуіне және оларды түрлі өмірлік жағдайларда қолдануына жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде білім алушылардың мета пәндік құзыреттерін қалыптастырып, функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған заманауи білім беру саясатына толық сәйкес келеді.

Практикалық бағыттылық та бұл ұсынымдардың маңызды ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Мұнда ұсынылған әдіс-тәсілдер білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына, бақылау, талдау, шешім қабылдау дағдыларын дамытуға және қауіпсіздік ережелеріне сәйкес әрекет етуге үйретуге бағытталған. Ойын элементтері, жобалық тапсырмалар, бейнежазбалар, сценарийлік жаттығулар және өмірлік жағдайларға негізделген практикалық сабақтар білімді құрғақ жаттаудан гөрі шынайы өмір контекстінде меңгеруге көмектеседі.

Мысалы, білім алушылар «үй – мектеп» маршрутын құрастырып, жолдағы қауіпті аймақтарды белгілеп, оларды қалай қауіпсіз етуге болатынын талдайды; «Қауіпті – қауіпсіз» заттарды жіктеу, қауіпсіздік плакатын жасау немесе эвакуациялық жаттығулар ұйымдастыру сияқты жобалық жұмыстарды

орындайды. Мұндай тапсырмалар балаларға тек теорияны емес, нақты өмірде қолданылатын дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Бұл ұсынымдарды енгізудің маңызды нәтижелерінің бірі – білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық туралы тек теориялық білім алып қана қоймай, тұрақты құндылықтық бағдар жүйесін қалыптастыруы. Жеке қауіпсіздікке саналы көзқарас, заң мен ережелерді құрметтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау және айналасындағы адамдардың әл-ауқатына қамқорлық таныту азаматтық ұстаным мен әлеуметтік жауапкершіліктің маңызды негіздері болып табылады.

Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар педагогтердің практикалық қызметінде қолдануға арналған, ғылыми тұрғыдан негізделген және педагогикалық тәжірибеде сынақтан өткен материалдарды қамтиды. Олар бастауыш сынып білім алушыларының қауіпсіздік саласындағы базалық құзыреттерін қалыптастыруға, білім беру мен тәрбиелеу процесінің бірлігін қамтамасыз етуге және білім алушыларды әрі қарайғы оқуға, өмірлік жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға даярлауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл ұсынымдар білім берудің барлық деңгейлерінде қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру мәдениетін жүйелі және бірізді дамыту үшін маңызды негіз қалайды. Бастауыш мектептен бастап қауіпсіздікке қатысты тұрақты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру арқылы педагог білім алушының өз өмірі мен айналасындағы адамдардың өміріне жауапкершілікпен қарауына жол ашады.

Осылайша, аталған әдістемелік ұсынымдарды жас ұрпақтың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың, денсаулығын нығайтудың және жауапты азамат тәрбиелеудің негізгі құралдарының бірі деп қарастыруға болады. Сонымен қатар, ұсынылған практикалық жұмыстар – бақылау, талдау, жобалық тапсырмалар, бейнематериалдар, сценарийлік жаттығулар – білім алушыларға қауіпсіздік дағдыларын өмірлік контекстте қолдануға, сыни ойлауды, шешім қабылдау қабілетін, топпен жұмыс жасау және коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдістемелер қазіргі заман талаптарына сай, тиімді педагогикалық құрал болып табылады және білім беру саясатын іске асырудың негізгі тетігі ретінде қызмет етеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы
4. «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы
5. Математика: 3-сынып оқулығы / Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, М.Ж. Мыңжасарова, Т.В. Лихобабенко. – Алматы: «Алматыкітап», 2018.
6. Интернет ресурс: <https://bilimland.kz/kk>
7. Әлімжанова, Қ. Математика сабақтарында пәнаралық байланыс арқылы білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту: Әдістемелік құрал. – Алматы: Рауан, 2021.
8. Ахметова, Б. Қауіпсіздік ережелерін математика сабағында қолдану жолдары. – Бастауыш мектеп, №5, 2022.
9. Жаратылыстану: оқу-әдістемелік кешен (1–4 сыныптар). – Алматы: «Атамұра», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ баспасы.
10. Төтенше жағдай министрлігімен бірлескен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құрал. – Астана: ТМЖ оқу-әдістемелік орталығы, 2021.
11. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2023.
12. Жаратылыстану пәнінен білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары. Сатпаева М, Қалиева Қ, Баймаханова Б. Алматы: 2021
13. Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.
14. Әбдіғаппар Ж., Жұмабекова С. Бастауыш сыныпта қауіпсіздік негіздерін оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2020.
15. Қалиева Г. Әдебиеттік оқу сабақтарында сторителлинг әдісін қолдану. – Алматы: Білім, 2021.

16. Бектұрғанова А. Интерактивті әдістерді қолдану тәжірибесі. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.
17. Сейітова Г. Бастауыш мектепте білім алушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру. – Астана, 2020.
18. Әдістемелік құрал: Қауіпсіздік негіздері. – Алматы: Мектеп, 2020.
19. Мұхамбетова А. Цифрлық білім ресурстарын пайдалану әдістемесі. – Астана, 2022.
20. UNESCO. Education for Safety and Sustainable Development. – Paris, 2019.

Мазмұны

Кіріспе	3 бет
1. 1-4-сыныптарда өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту ерекшеліктері	5 бет
2. Бастауыш сыныптар оқу пәндері аясында өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар	36 бет
Қорытынды	119 бет
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	121 бет

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУ ПӘНДЕРІ АЯСЫНДА ӨМІР
ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ БОЙЫНША АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Басуға 04.11.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа таба